


ISSN (online) 3007-6994



OYSHYL



№ 2 (2), 2024 г.

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
SCIENTIFIC JOURNAL

«OYSHYL» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ, №2 (2), 2024

Бас редактор:

Құрманбаева Ш.А., саяси ғ.д.

Жауапты редактор:

Тұлебаева К.Т., ф.ғ.к.

Редакциялық кеңес:

Аймұхамбет Ж.Ә., ф.ғ.д., профессор,
(Астана, Қазақстан Республикасы)
Жүсіпова Н.Қ. – ф.ғ.д., профессор,
(Павлодар, Қазақстан Республикасы)
Дауренбекова Л.Н., ф.ғ.к., доцент,
(Астана, Қазақстан Республикасы)
Касымова А.А. – PhD, (Семей, Қазақстан
Республикасы)
Nergiz Biray, PhD, (Денизли, Түркия
Республикасы)
Маслова В.А., профессор, (Витебск,
Беларусь Республикасы)
Евдокимова С.В., профессор, (АҚШ)

Редакциялық алқа:

Абикенова Г.Т. – ф.ғ.д. (редакциялық алқа төрағасы)
Сейітова Ш.Б. – ф.ғ.д. профессор
Аитова Ж.Ж. - ф.ғ.к.
Мусинова Г.С. - PhD
Гайнуллина Ф.А. – ф.ғ.к., доцент
Мукажанова Р.М. – ф.ғ.к., доцент
Долгушева Т.В. - ф.ғ.к.
Кожаметова Г.Б. – доктор PhD (баспа қызметі
бойынша маман)

Главный редактор:

Курманбаева Ш.А., доктор политических наук

Ответственный редактор:

Тулбаева К.Т. – кандидат филологических наук

Редакционный совет:

Аймұхамбет Ж.Ә., д.ф.н., профессор
(Астана, Республика Казахстан) Жүсіпова
Н.Қ. – д.ф.н., профессор (Павлодар,
Республика Казахстан)
Дауренбекова Л.Н., к.ф.н., доцент,
(Астана, Республика Казахстан)
Касымова А.А. – доктор PhD, (Семей,
Республика Казахстан) Nergiz Biray –
доктор PhD, профессор, (Денизли,
Республика Турция)
Маслова В.А. – профессор, (Витебск,
Республика Беларусь)
Евдокимова С.В. – д.ф.н., профессор.
(США)

Редакционная коллегия:

Абикенова Г.Т. – д.ф.н., (председатель редакционной
коллегии)
Сейітова Ш.Б. – д.ф.н., профессор
Аитова Ж.Ж. - к.ф.н.
Мусинова Г.С. - доктор PhD
Гайнуллина Ф.А. – к.ф.н., доцент.
Мукажанова Р.М.– к.ф.н., доцент.
Долгушева Т.В. – к.ф.н.
Кожаметова Г.Б. – доктор PhD (специалист по
издательской деятельности)

Editor-in-Chief:

Kurmanbayeva Sh.A., Doctor of Political Sciences

Executive Editor:

Tulebaeva K.T., Candidate of Philological Sciences

Editorial council:

Aimukhambet Zh. A. – doctor of philological sciences, professor, (Astana, Republic of Kazakhstan)

Zhusipova N.K. – doctor of philological sciences, professor, (Pavlodar, Republic of Kazakhstan)

Daurenbekova L.N. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, (Astana, Republic of Kazakhstan)

Kasymova A.A. – PhD, (Semey, Republic of Kazakhstan)

Nergiz Biray - PhD doctor, professor, (Denizli, Republic of Turkey)

Maslova V.A. – Professor, (Vitebsk., Republic of Belarus)

Evdokimova S.V. – Doctor of Philology, Professor (USA)

Editorial board:

Abikenova G.T. – Doctor of Philology (chairman of the editorial board)

Seitova S.B. – Doctor of Philology, Professor.

Aitova Zh.Zh. – Candidate of Philological Sciences

Musinova G.S. – Doctor of PhD

Gainullina F.A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

Mukazhanova R.M. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

Dolgusheva T.V. – Candidate of Philological Sciences

Kozhakhmetova G.B. – Doctor of PhD (Publishing Specialist)

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат
комитетінде тіркелген

Тіркеу нөмірі:
KZ22VPY00092850

Тіркелу күні:
17.05.2024 ж.

Меншік иесі: «ALIKHAN
BOKEIKHAN UNIVERSITY»

Білім беру мекемесі

Мекен жайымыз:

Семей қ., Мәңгілік ел к., 11.

Тел.: +77222 42-32-24

(ішкі.120)

E-mail:

oishylvestnik@abu.edu.kz

Зарегистрирован в
Комитете информации
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан

Регистрационный
номер: KZ22VPY00092850

Дата регистрации:
17.05.2024 г.

Собственник:
Учреждение образования
«ALIKHAN BOKEIKHAN
UNIVERSITY»

Наш адрес:

г.Семей, ул. Мәңгілік ел,

11. Тел.: +77222 42-32-24

(внут.120)

E-mail:

oishylvestnik@abu.edu.kz

Registered with the
Information Committee of
the Ministry of Culture and
Information of the Republic
Kazakhstan

Registration number:
KZ22VPY00092850

Date of registration:
17.05.2024.

The owner is: Educational
institution
«ALIKHAN BOKEIKHAN
UNIVERSITY»

Our address: Semey city,
Mangilik el st., 11.

Tel: +77222 42-32-24 (120)

E-mail:

oishylvestnik@abu.edu.kz

Абикенова Г.Т.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада бүгінгі таңдағы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық білім беру технологияларын қолданудың талаптары мен әдіс-тәсілдері туралы айтылады. Жаһандану заманында негізгі міндет ол-білімді тиімді меңгеру. Сондықтанда қазақ тілін оқытуда да ақпараттық технологиялық құралдарды тиімді пайдалану қажеттігі туындады. Себебі, педагогтерден ақпараттық құралдарды сабақтарында пайдалануы талап етіледі. Бұл олардың да шығармашылық ізденіс пен өздерін-өздері дамытуына да тиімді әсер етеді.

Мақалада заманауи ақпараттық технологияларды қолдану әр оқушының білімін арттырудың тиімділігін арттыратындығы, сандық түрде жазылған ақпаратты пайдалану кезінде қажетті ақпаратты табуды жеңілдететіндігі туралы айтылады. Компьютердің көмегі арқылы қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияны қолдану жолдарын түсіндіреді. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы да оқушының сөздік қорын молайтып, сөйлеу грамматикасын қалыптастырып, орфографиялық, пунктуациялық қатесіз, сауатты жазып, дұрыс сөйлеуге, оқушының ой-өрісін кеңейтуге, шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік жасауға болатындығы айтылады.

Қазақ тілі сабағында тақырыптарды өту барысында қолданылатын порталдар мен сайттар туралы мәліметтер беріледі.

Тірек сөздер: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, орфография, пунктуация, мультимедиа, грамматика, сауаттылық.

Абикенова Г.Т.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

Эффективность использования информационных ресурсов в повышении качества образования

Аннотация. В статье рассказывается о требованиях и методах применения инновационных образовательных технологий в целях повышения эффективности современного образовательного процесса. В эпоху глобализации основной задачей является эффективное усвоение знаний. Поэтому возникла необходимость эффективного использования информационных технологических средств и в обучении казахскому языку. Это связано с тем, что от педагогов требуется использование информационных средств на уроках. Это также благотворно влияет на их творческий поиск и саморазвитие.

В статье говорится о том, что применение современных информационных технологий повышает эффективность повышения знаний каждого учащегося, облегчает поиск необходимой информации при использовании информации, записанной в цифровом виде. Объясняет, как использовать новые информационные технологии на уроках казахского языка с помощью компьютера. Также отмечается, что с помощью информационных технологий можно увеличить словарный запас учащегося, сформировать грамматику речи, без орфографических, пунктуационных ошибок, грамотно писать, правильно говорить, расширять кругозор учащегося, развивать творческие способности.

На уроках казахского языка предоставляются сведения о порталах и сайтах, используемых в ходе прохождения тем.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, орфография, пунктуация, мультимедиа, грамматика, грамотность.

Abikenova G.T.

Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

Efficiency of using information resources in improving the quality of education

Abstract. The article discusses the requirements and methods of applying innovative educational technologies to enhance the effectiveness of the modern educational process. In the era of globalization, the main objective is the efficient acquisition of knowledge. Therefore, there is a need for the effective use of information technology tools in teaching the Kazakh language as well. This requirement is due to the fact that educators are expected to use informational tools in their lessons, which also positively impacts their creative search and self-development. The article states that the use of modern information technologies improves each student's learning effectiveness and makes it easier to find the necessary information when using data recorded in digital form. It explains how to apply new information technologies in Kazakh language lessons with the help of a computer. It is also noted that, through the use of information technologies, it is possible to expand students' vocabulary, form grammatical speech skills, write correctly without spelling or punctuation errors, speak accurately, broaden students' horizons, and develop their creative abilities.

The article provides information on portals and websites used in the study of topics in Kazakh language lessons.

Keywords: information and communication technologies, spelling, punctuation, multimedia, grammar, literacy.

Кіріспе. Кез-келген уақытта тіл мәселесін салалық қолдану тұжырымдамалардың айқындығы мен нақтылығын талап етеді. Мамандыққа қатысты тілді қолдану саласы еліміздің тәуелсіздігіне қол жеткізуден басталды. Мемлекеттік тіл мәртебесіне жету үшін көптеген заңдар мен қаулылар қабылданды, олар өздері даулы түйінге айналды және әлі күнге дейін шешілмеген өзекті мәселелер болып қала береді.

Бүгінгі таңда оқу процесін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын қолданудың тиімділігі өмірдің өзімен дәлелденді. Жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың басты талабы-сабақтың түрлері мен әдістерін танымдық, білімділік, біліктілік деңгейге жеткізу, сабақтың сапасын арттыру. Оқыту дегеніміз-оқушының ынтасын арттыру және білім алуға үйрету. Егер студент тек еліктеуді, «көшіруді» үйренсе, онда ол өмірде шығармашылықпен жұмыс істей алмауы мүмкін.

Бүгінгі оқытуға, қазіргі сабақтарға қойылатын талаптар да түбегейлі өзгеруде. Әр оқытушы мен білім алушы алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, жаңа

жауапкершілік, жаңа леп, жаңа ұмтылыспен жұмыс істейтін уақыты келді.

Алаштың зиялы, қоғам қайраткерлерінің бірі, ұлағатты ұстаз-педагог Мағжан Жұмабаев: «Халықтың тілі айна іспетті, себебі одан сол халықтың туған жері, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы айқын көрініп тұрады. Қазақ халқының жол көрсетуші, көшбасшысы ол – мұғалім, егер бала мұғалімнің әлсіздігін сезсе, оның тілін алудан қалады,- деп ұстаз шәкіртінің жан-дүниесін сезіне отырып, асқан шеберлікпен білім беруіне мән береді [1, 142 б.].

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында материалдарды жинақтау және өңдеу үшін сұрыптау, талдау және жалпылау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелерді нақтылау үшін зерттеу нәтижелерін қорытындылауда аналитикалық әдістер қолданылды: жинақтау, жүйелеу, жинақтау әдістері.

Негізгі бөлім. Қазіргі уақытта білім сапасын арттырудың көптеген жолдары бар. Білім сапасы - бұл білім алушының немесе тұлғаның дайындық сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын ұғым. Жаһандану дәуірінің басты міндеттерінің бірі білімді тиімді игеру болғандықтан, қазақ тілін оқыту жүйесіне

ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу қажет, өйткені қазіргі заман педагогтардан шығармашылық ізденіс пен инновациялық идеяны талап етеді. Сонымен бірге, елужылдық кезеңінде мемлекет білімді, кәсіби құзыретті, бірнеше тілді меңгерген тұлғаны қалыптастыруы керек, өйткені оқытуды ізгілендіру, ақпараттандыру-бұл өмірдің талабы, сондықтан ақпараттық ресурстарды пайдалану – бұл заңдылық.

Білімді саналы түрде игеру туралы жазылған ғылыми-әдістемелік еңбектер мен озық тәжірибелерде көрнекі әдіс туралы кеңінен айтылады. Сонау ХХ ғасыр басындаға көрнекілік әдісі жайында қалдырылған түйіндерді қарайық:

«Балаға не үйретсең де, көрсетіп үйрету керек...», дейді М. Жұмабаев [1, 142 б.].

Көрнекілік туралы Қ. Жарықпаев: «Ж. Аймауытов көрнекілік мәселесінде психологиялық талаптарды басшылыққа алады. Мәселе, оқыту жүйесінде әрбір сабақтың көрнекілікпен ұштасуы шәкірттердің ой-санасына әрі қонымды, әрі практикалық мәні зор болады. Ұстаз – тәлімгер кез – келген тақырыпты ауыз екі үлгіде баяндағаннан гөрі сурет- өрнекпен бейнелі, бедерлі жеткізсе, шәкіттер арасында жүйелі әңгіме – сұхбат, нақтылы байланыс болады», -дейді [2, 36 б.].

Қазақ тілі сабақтарында технологияларды пайдалану кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқушыларды ынталандыратыны, сондай-ақ аудио-бейнематериалдарды дайындау, пайдалану ақпараттық ресурстар арқылы жүзеге асырылатыны байқалды.

Жалпы ақпараттық ресурстар бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты Ахмади Есжановтың «Ақпараттық ресурстар оқу процесінің қарқынын күшейту, оқытуды тұлғаландыру және мектеп оқушыларының білімдерін тексеру мен бағалау, есепке алу сияқты және т.б. мұғалімдердің көп уақытын алатын жұмыстарын ішінара автоматтандыру құралы ретінде

пайдаланылады» деген пікірі өзекті [3, 4 б.].

Оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін адам, ол - мұғалім, демек мұғалім оқушының оқу және даму процесінде оқушының оқу мүмкіндіктерін дамуына компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктерінің мол екеніне күмәнданбауы тиіс.

Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы мен өркендеуіне ықпал ететін ұстаз, дегенмен де компьютердің көптеген мультимедиялық мүмкіндіктері бар, бұл білім алушылардың мүмкіндіктерін анықтауға және оқу процесінде дамуға мүмкіндік береді. «Мультимедиа – бұл компьютердің аппараттық жабдықтамасы және бір уақытта мәтінді, суреттерді, дыбысты, бейнежазбаны, музыканы және анимацияларды қолданатын бағдарламалар» [4, 15 б.].

Қазақ тілін оқытудың мақсаты адамның коммуникативтік қасиеттерін, яғни сөйлеу және жазу мәдениетін қалыптастыру және дамыту болғандықтан, өзара әрекеттестікте өзін-өзі тәрбиелеу арқылы тіл маманының кәсіби құзыреттілігін арттыру қажет. Компьютер визуализацияны қамтамасыз ететін мультимедиялық құрал ғана емес, сонымен қатар көптеген функциялар мен ақпаратқа ие.

Мысалы: «Оқушыларды білімдендіруге пайдаланылатын мультимедиа ресурстары вербальді әдістен өзгереді, себебі ол компьютер экранында өтіп жатқан оқиғаға қатысуды, материалды оқып білу жолын таңдауды ұсына алады. Мультимедианың осындай сипаттамаларын интерактивтілік деп атау қабылданған» [4, 16 б.].

Сондықтан оның құндылығы өзара әрекеттесу және модельдеу қабілетінде жатыр, осылайша білім беру жүйесін ақпараттандыру мұғалімнің кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Ақпараттық технологиялармен іске асырылатын іс-шаралар адамзат

өркениетінің меншігіне айналуға, өйткені олар кез келген нысанда тиімдірек жүзеге асырылады. Кітаптың келесі ұрпаққа маңызы жоғары болғанменен, компьютер-оқушының қоршаған әлемді зерттеу тәсілінің құралы. Олай болса, барлық сабақтарда компьютерді қолдану арқылы өткізіп үйрену бүгінгі таңда актуалды мәселелер қатарынан табылуы тиіс.

Жаһандану заманында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әр оқушының білімін жетілдірудің тиімділігін арттырады. Бұл, ең алдымен, цифрлық түрінде жазылған ақпаратты пайдалану кезінде қажетті ақпаратты іздеуді жеңілдетеді. Бүгінгі таңда көптеген әлемге белгілі энциклопедиялар мен сөздіктер, оқу құралдары электронды түрге көшірілді. Компьютердің көмегімен тренд тек белгілі бір сыныпта ғана емес, сонымен қатар қашықтықтан оқытуда да дамып келеді.

Оқытудың бұл түрі әлдеқайда арзан және оқуға, тапсырмаларды өз уақытында орындауға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға сөздік қорын толықтыруға, сөйлеу грамматикасын қалыптастыруға, сөйлеуде әр сөйлемді дұрыс айтуға, сөзді, дұрыс түсінуде, сауатты жазуды үйренуге, әлемге деген көзқарасының кеңейуіне, шығармашылық қабілеттерінің жетіле түсуіне, жалпы алғанда, ой-өрісінің, санасының дамуына мүмкіндік әкеледі. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында да, сөйлеу мәдениетінің жоғарылауына септігін тигізеді. Грамматикадан білімдерін жетілдіре отырып, оқушылардың бір-біріне қарым – қатынас жасау жолдарын жеңілдетіп, сұрақ қоя білуіне, дұрыс әрі толық жауап бере білуге үйретеді. Әр сыныптың бағдарламасына байланысты студенттер жаңа сөздерді меңгереді, сөздерді есте сақтайды, сол сөздерді тартады және сөйлемдер мен мәтіндерді құрастыруды үйренеді. Қазіргі уақытта еліміздегі білім берудің негізгі мақсаттарының бірі білім беру саласында жаңа ақпараттық

технологияларды пайдалану болып табылады. Бұл техникалық құрал ғана емес, сонымен бірге білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен оқытудың жаңа әдісі. Ақпараттық қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірқатар білім беру міндеттерін шешу қажет: оқу процесінде компьютерлік технологияларды, интернетті, телекоммуникациялық желіні, электронды телекоммуникациялық желіні және мультимедиялық электронды оқулықтарды тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.

«Ақпараттық технология саласындағы жетістіктерді пайдаланып, білімнің жаңа деңгейі мен сапасына қол жеткізуге ұмтылатын ұстаздар еңбегі қарқынды даму үстінде. Қазақстан Республикасы ғылыми – техникалық дамудың негізгі белгісі қоғамды ақпараттандару болатын жаңа кезеңіне енеді» [5, 46 б.].

Бүгінгі оқытушы – мультимедиялық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар көрнекі құралдар сериясын (слайд-шоу), электронды оқулық: анықтамалық, білім деңгейін тексеруге арналған тест, т.б. қолдана отырып тұлғаның рухани дүниетанымын кеңейту және оның туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында оқыту жүйесін дамыта білуі керек. Оның қажеттілігі неде? Өз елінің тарихы, мәдениеті, табиғаты туралы қосымша материалдар жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне үлкен әсер етеді.

Жоғары оқу орындарында да, мектепт те де Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми – практикалық орталығының өнімдерін пайдаланған тиімді.

Мысалы, «Emle.kz» – Қазақ тіліндегі лексемалардың дұрыс жазылуын, жазу нормалары жөнінде ақпарат беретін электронды ақпараттық-анықтамалық сайт «Emle.kz» сайты «Орфография және пунктуация», тб, пәндерді оқыту барысында қолданған тиімді. «Сайт 2016 жылдың желтоқсанында ресми түрде

қолданысқа берілді. Бүгінгі күнге дейін 2 мыңға жуық материал енгізілген. Оның ішінде аббревиатура бойынша – 1228, ғылыми мақалалар саны – 130, тіл нормасына байланысты материалдар – 20, пунктуация – 11, кітапхана қоры – 36,598 сұраққа жауап берілген. **Электронды қор «Басты бет», «Әдеби тіл нормалары», «Пунктуация», «Аббревиатура», «Мақалалар», «Кітапхана», «Сұрақ-жауап» блоктарынан тұрады.** «Басты бет» блогында іздеу жүйесі орналыстырған. Іздеу жүйесіне кез келген сөзді теру арқылы оның дұрыс жазылған нұсқасын әрі сол сөздің түрленген формаларын көруге болады. Егер сөзді теру барысында қате жіберген жағдайда, сайт сізге оны қызыл түс арқылы көрсетеді. Егер іздеген сөзіңіз жасыл түспен берілсе, демек ол сөз жазу нормасына дұрыс берілген деп қабылдауға болады. «Әдеби тіл нормалары» блогында сөйлеу мәдениеті, сөйлеу этикасы, әдеби тілді өмірде қолданудың өмірдегі орнының маңыздылығы, әдеби тіл нормаларының ережелері мен қағидалары берілген. Сонымен бірге тіліміздегі жергілікті тіл ерекшеліктері, ауыз екі тіл, оның ішінде жаргондар, варваризмдер т.б орын алған. «Пунктуация» блогында әрбір тыныс белгілері және оларды қолдану ережелері көрсетілген. Жазу барысында қандай да бір тыныс белгілерді дұрыс қолдана алмаған жағдайда, пайдаланушы сол белгіні таңдай отырып өзіне керекті көп дерек ала алады. «Аббревиатура» блогында қысқартылған сөздер, қысқартылған сөздердің толық берілуі, олардың қысқартылу реттері, атаулар мен сөздерді қысқартып берудегі ережелер мен заңдылықтар, қағидалар орналастырылған. Мұнда қысқарған атаулар әліпбилік ретпен орналастырылған. «Мақалалар» - блогында ғалымдардың осы сала негізінде жазылған ғылыми мақалалары берілген. Әрбір мақаладан кейін пікір қалдыратын орын болады. Сол арқылы оқырман автордың өзіне, мақаласына қатысты сұрақтар қойып, жауап алады. «Кітапхана» - бұл блокта оқырман орфография, орфоэпия,

пунктуацияға қатысты жазылған оқулықтардың толық электронды нұсқасын көре алады. Сондай-ақ оқулықтың толық нұсқасын өзіне көшіріп, жүктей алады. «Сұрақ-жауап» - бұл блокта оқырман онлайн режим арқылы сөздердің дұрыс жазылуына, олардың бірізді қолдануына, жалпы орфографияға қатысты туындаған өзекті мәселелер бойынша сұрақ қоя алады. Әрбір қойылған сұраққа білікті мамандардың көмегімен толық жауап беріледі [6].

Ал «Қазақ тілінің лексикологиясы» пәнін оқыту барысында «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» сайты (бұл сайт екеу, бірі – Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының өнімі. Екіншісі – А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының өнімі) [7; 8]

Сонымен қатар қолданыста «Сөздікқор» порталы бар. Аталмыш порталда алпысқа тарта әртүрлі салааралық энциклопедия, сөздіктер салынған. Бұл сөздіктерді кітапханаларға бармай-ақ, студенттер сабақ барысында, өздік жұмыстарды орындауда пайдалана алады. Мысалы, «Қазақ әдеби тілінің 15-томдығы», «Абай тілі сөздігі», «Ахмет Байтұрсынұлы энциклопедиясы», «Қазақ тілі синонимдер сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» және т.б. Зерттеуші ғалымдар, «Сөздікқор порталы» қорына үш жүзден аса сөз енгізілді дейді [9]. «Портал әртүрлі салалық сөздіктер мен энциклопедиялардағы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін, қазақ тіліндегі көне сөздерді, кірме сөздерді, аймақтық және ақпараттық технологиялардың даму кезеңіндегі жаңа технологиялық сөздердің мағынасын көруге мүмкіндік береді. «Сөздікқор» порталының іздеу жүйесі арқылы сөздердің дефинициясын, синонимін, антонимін, омонимін, фразеологиялық тіркесте немесе сөйлем ішінде кездесуін білуге болады. «Сөздікқор» порталының мобильді қосымшасын Google Play және App Store-дан жүктеуге болады. Порталдың @Sozdikqor.kz telegram-бот қосымшасы

іске қосылған. 74-1986 жылдары шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 66 мың 994 атау сөз орын алған, ал 2005-2011 жылдары басылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» 92 мың 300 сөз бар екен» [9]. Бұл портал тек студенттер үшін ғана пайдалы емес, кез-келген адам өзіне керекті ақпаратты тауып ала алады. Мысалы бір сөздің этимологиясын, мағынасын, түрленімін білгісі келсе осы өнімдерге сүйенуге болады. Сонымен қатар, біз сабақтарымызда «Термин.кз» сайты пайдаланамыз.

Termin.com.kz сайтында мемлекеттік терминологиялық комиссиясы бекіткен (1971-2024) терминдер мен атауларда тауып алуға болады. Бұл сайт сала мамандары үшін де пайдасы зор. «Терминдер хронологиясынан» әр жылдары бекітілген терминдерді тауып ала аламыз.

Қорытынды. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды берілген тапсырмаларды ұқыпты, дәл және нәтижелі орындауға, басты мәселеге назар аударуға үйретеді, сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында өз әрекеттерін дұрыс жоспарлауға және дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Білім беру үрдісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Елдің болашағы оқытушы алдындағы болашақ білікті мамандарды дайындау болғандықтан, ақпараттық ресурстарды игеру үшін ізденуге, білім алуға ұмтылу басты идеал болып табылады. Осылайша, қазақ тілін оқыту жүйесіне ақпараттық ресурстарды енгізу арқылы ұрпақтың ізденімпаз және шығармашылық қабілеттерін дамыту – басты міндет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том. Педагогика. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 142 б..
2. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары. – Алматы: «Білім», 2000. Б 36.
3. Ермеков Н., Стифутина Н. Информатика: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 3-4 бб.
4. Есжанов А. Электрондық мультимедиа: ресурстары мен құралдары. // «Қазақстан мұғалімі» газеті. - №7-8, 2008. – 15 б.
5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №6, 2013. Б 46.
6. <https://emle.kz/>
7. <https://qazcorpus.kz/>
8. <https://qazcorporea.kz/>
9. <https://qazcorporea.kz/>
10. <https://sozdikqor.kz/>
11. <https://termincom.kz/>

References:

1. Zhymabaev M. Shyfarmalar zhinafy. 3-tom. Pedagogika. –Almaty:«Zhazushy», 2005. – 142 b.
2. Zharykbaev Q. Zhysipbek Ajmauytylynyn psihologijalyk kozkarastary. – Almaty: «Bilim», 2000. B 36.
3. Ermekov N., Stifutina N. Informatika: Zhalpy bilim беретin mekteptin 7-synybyna arnalghan oqulyk. –Almaty: «Atamyra», 2003. – 3-4 bb.
4. Eszhanov A. Jelektrondyq mul'timedia: resurstary men quraldary. // «Qazakstan mughalimi» gazeti. - №7-8, 2008. – 15 b.
5. «Qazak tili men әdebieti» zhurnaly №6, 2013. B 46.
6. <https://emle.kz/>
7. <https://qazcorpus.kz/>
8. <https://qazcorporea.kz/>

9. <https://qazcorporation.kz/>
10. <https://sozdikqor.kz/>
11. <https://termincom.kz/>

Автор туралы мәлімет

Абикенова Гулнафис Токеновна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University»
Пошталық мекенжайы: 071410, Қазақстан Республикасы, Семей
Ұялы.тел: 87754033230
e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

Сведения об авторе:

Абикенова Гулнафис Токеновна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University
Почтовый адрес: 071410, Республика Казахстан, Семей
Сот.тел: 87754033230
e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

Information about the author:

Abikenova Gulnafis Tokenovna

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University
Mailingaddress: 071410, Republic of Kazakhstan, Semey,
Mob.phone: 87754033230
e-mail: gulnafis.abikenova@gmail.com

Аитова Ж. Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

ӘСЕТ АҚЫН ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ДАРАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасыр аяғында өмір сүрген, жұмбақ айтыстың ерекше үлгісін көрсете білген, Абайдың ақын талантты шәкірттерінің бірі – ақиық ақын Әсет Найманбайұлы өлеңдерінің даралық, стилдік ерекшелігі талданады. Жекелеген қаламгердің стилдік ерекшелігі жайлы жаппай зерттеп, іргелі зерттеулер жүргізу – әдебиет теориясы мен тарихы үшін кезек күтірмейтін мәселелер.

Зерттеу мақалада Ә. Найманбайұлының өлеңдерін өзі тұстас басқа да ақындар шығармаларымен бірлікте ала отырып, көркемдік, стильдік ерекшеліктеріне арнайы назар аудардық. Сол арқылы Абайдың талантты шәкіртінің өзіне тән поэтикалық сипатының кейбір жақтарын ғылыми тұрғыдан тарамдап айтуға мүмкін туды. Атап айтар болсақ, мақалада ақынның өмір көріністерін өз тұстары сияқты құр баяндаудан гөрі көркемдендіре суреттеуге жиірек барғандығы; тілінің байлығы, саздық-әуендік және мақамдық бейнелігі мен түркі дидактизмі аясында аз сөзге көп мағына сыйдыра білушілік шеберлігі жан-жақты байыпталды.

Тірексөздер: ақын, стиль, поэтика, афоризм, мақал-мәтел, символ, фигура, эстетика.

Аитова Ж. Ж.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: Aitova_1@mail.ru

Индивидуальность стихов Асет ақына

Аннотация. В статье анализируется индивидуальность, стилистическая специфика стихов одного из талантливых учеников Абая – Асета Найманбаева, жившего в конце XIX и XX веков, показавшего уникальный пример айтыса. Проведение массовых исследований и фундаментальных исследований стилистической специфики отдельного писателя-неотложные вопросы для теории и истории литературы.

В исследовательской статье особое внимание было уделено художественным, стилевым особенностям, заимствуя стихи А. Найманбайұлы в единстве с произведениями других поэтов. Тем самым удалось научно разграничить некоторые аспекты поэтического характера талантливого ученика Абая. В статье подчеркивается, что поэт часто прибегал к художественному описанию жизненных сцен, а не к основному повествованию, как в своих местах; богатство языка, музыкально-мелодический и ритмический образ и умение вкладывать много смысла в меньшее количество слов на фоне тюркского дидактизма.

Ключевые слова: поэт, стиль, поэтика, афоризм, пословица, символ, фигура, эстетика.

AitovaZh.Zh.
Alikhan Bukeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: Aitova_1@mail.ru

The individuality of Asset Akin's poems

Abstract. The article analyzes the individuality and stylistic specificity of the poems of one of Abai's talented students, Asset Naimanbayev, who lived at the end of the XIX and XX centuries, who showed a unique example of aitys. Conducting mass research and fundamental research on the stylistic specificity of an individual writer are urgent issues for the theory and history of literature.

In the research article, special attention was paid to artistic and stylistic features, borrowing the poems of A. Naimanbayuly in unity with the works of other poets. Thus, it was possible to scientifically distinguish some aspects of the poetic character of Abai's talented student. The article emphasizes that the poet often resorted to an artistic description of life scenes, rather than to the main narrative, as in his places; the richness of the language, the musical-melodic and rhythmic image and the ability to put a lot of meaning into fewer words against the background of Turkic didacticism.

Keywords: poet, style, poetics, aphorism, proverb, Symbol, figure, aesthetics.

Кіріспе. Жалпы Отандық көркем әдебиетте, оның ішінде жеке суреткердің шығармашылығындағы көркемдік және стильдік ерекшеліктерді қарастыру – ірі ғылыми проблема ретінде еліміз азаттық алғанан кейін оңды жолға қойыла бастады. Бұрын шығармашылықтары қамақта болған қаламгерлердің туындыларын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғаннан бастап, XIX-XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген ақындар шығармашылығы стиліне қатысты сөз қозғау мүмкіндігіне жол ашылды. Әсеттің артында қалдырған мол мұрасын зерделеуде «...көркемдік сапасында мін-мүлтік бар шығармадан стильдік өзгешелік іздеу мүмкін емес» [1, 27] – деп Ә. Нарымбетов дұрыс атап көрсеткеніндей, ақынның әдеби ортаға біршама беймәлім шығармаларын іріктеп алып, ең тілі шұрайлыларын қазіргі таным-түсінік тұрғысынан зерттеу объектісіне айналдыру керек. Тек сол жағдайда ғана Әсет Найманбайұлының үлкен шеберлікпен жазылған беймәлім туындыларында жеке стилі үнемі танылып отырады.

Өзіне тән стильдік ерекшелігі бар қаламгер XIX-XX ғасырлар тоғысындағы ұлттық әдебиетімізде сирек кездеседі. Ондай қасиет Абайдың ақындық мектебіне жататын ақындардың бойынан ілуде бір кездеседі. Осы шоғырға жататын сөз зергерлері ішінде өткен ғасыр басындағы әдебиетімізде өзіндік стилі бар асқан дарын иесі – Әсет Найманбайұлы.

Зерттеу әдістері. Қазақ әдебиетінің Шағатайлық үлгі мен фольклорлық үрдістің классикалық канондарынан арылу кезеңі нағыз әлемдік деңгейдегі өскен, өркендеген жаңа әдебиет тудыруға деген талпынысы, аттай қырық жыл уақытқа созылды да, одан арғы кезең академик Рымғали Нұрғали ғылыми айналысқа енгізген «қазақ әдебиетінің алтын ғасырына» ұласты: «...Сондықтан да XX

ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның, оның кезең-кезеңдегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен, бос топырақтан кенді аршып алу-жеңіл-желпі шаруа емес, бұл-көп қайрат-қажыр жұмсауды талап ететін ұзын шиыр» [2, 5]. Академик ғалымның сол заман қаламгерлерін зерттеу, зерделеуге байланысты осы қойып отырған әдеби критерийі біз әдеби мұрасын қарастыратын екі ғасыр тоғысында шығармашылық ғұмыр кешкен Әсет Найманбайұлы поэзиясына да қатысты. «Поскольку является не элементом, а свойством художественной формы. Он не локализован (как, например, элементы сюжета или художественные детали), а как бы разлит во всей структуре формы. Поэтому организующий принцип стиля обнаруживается практический в любом фрагменте текста, каждая текстовая «точка» несет на себе отпечаток целого. Благодаря этому стиль опознаваем по отдельному фрагменту: искушенному читателю достаточно прочесть небольшой отрывок, чтобы с уверенностью называть автора» [3, 253]. Осы пікірге орай әсеттанушы ғалымдардың біразы «інжу», «ғаріп» сөздері кездесетін өлең мәтіндерінен Әсеттің өзіне тән стилін аңаратын боламыз деген ойларын тегін айтып жүрген жоқ. Осыған өзектес ойды Абайдың ақын шәкіртеріне қатысты Сәбит Мұқанов: «Жалпы алғанда тақырыбы, идеялық мазмұны, стилі жағынан Көкбай, Әріп, Әсет үшеуі бір бұрыштың үш жағы» [4, 64] десе, Ж. Шөшекұлы Әсетке қарата осы сынды пікірді: «Әсетті басқа ешбір ақынға ұқсамайтын ерекшелігі оның төкпе ақын екендігінде. Яғни, оның қай өлеңі, қанша жол, шумақ болсын, бастан аяқ бір ұйқаспен төгіліп отыратынығы Әсетікі деген дүниелерді анықтағанда ақынның осы

бір өзгеше стилін назарға алып отыру керек сияқты» [5, 4] – деп жалғастырады. «Стиль – жазушының көркемдік шеберлігімен тікелей байланысты. Көркемдік шеберлігі әбден кемелденіп жетілген суреткерден ғана стиль аңғаруға болады» [1, 27].

Әр жылдарда осы үркердей әдеби топ өкілдерінің шығармаларындағы өзіндік стилдік тіл ерекшеліктері жайлы туралы күні бүгінге дейін айтылып келген пікірлер мен зерттеулер жаңаша соны байыптау мен ғылыми тұжырымдармен толықты.

Талдау мен нәтижелер. Әсет ақынның ақындық тұлғасы мен таланттарының айқын танытатын оның ешкімді қайталамас стиліне және туындыларының поэтикалық қуатын ашып көрсетудің уақыты келген сияқты.

Белгілі әдебиет зерттеушісі Қайым Мұхамедхановтың: «Әсет – нағыз сегіз қырлы өнерпаз. Ол ақындық өнердің өрен жүйрігі, суырып салма ақпа ақын. Табиғи тума, қабілеті күшті, дарынды ақын. Қолына домбыра алғанда, қолма-қол нәсерлете жыр төксе, домбырасымен қоса, қағаз бетінде қаламы да қатар жүйіткітін сауатты саңылақ ақын. Әсет өзінің әрбір өлеңіне арнап ән шығарып, өлең-жырын шаршы топта домбыраға қосып шырқап айтатын, әйгілі әнші ақын» [6, 28] – дегенінде көп мән бар. Өйткені, өлең тармақтарындағы ұйқас сандарының үйлеспеуін, қайырмасына салып нәшіне келтіріп шырқау үшін шумақтардағы буын саны үйлесіп тұруы көп қиындық келтіреді. Әнді айтатын әншісінің дауыс тынысына өте көп күш, ауыр салмақ түсіреді, әрі қалауыңа салып, созып айтуға онша көне бермейді. Осыны өз шығармашылығында ақынның үнемі ескеріп отырудың нәтижесінде оның стильдік өлең құрастыру өлшемі туған.

Әсет поэтикасының тағы бір ерекшелігі-оның өлеңіндегі ішкі өзгерістер, демек өлеңнің іштей жіктелуі, іштей бөлшектенуі. Осы құбылыс Әсеттің терме мен толғауға оңтайлы өлеңдеріне ұшырасып отырады. Ақын өлеңдеріндегі осындай тармақ ішіндегі жіктеліске түсу құбылысы оны Абайдың өзге ақын шәкірттерінен ерекшелендіріп тұрады. Сонымен, «Атым-Әсет, ұраным-арғын шордан» өлеңі – Әсет

ақындығының поэтикалық қуатын нақ танытатын шоқтығы биік туынды. Оны мына екі жолдан аңғарамыз:

Адастырды осы өлең орта жолдан.

Жезге айырбас алтынды қылмағанда [7, 60].

Дәстүрлі ұғымдарды дәстүрлі өлең өлшемімен беруде Абайдың талантты шәкірті Әсет болғандығын орта жол яғни 13 жас түсінігі айқын дәлелдейді. Ақынның тап он үш жасында діни ғұламалықты – алтынды емес, оны өнерге-жезге айырбастағанына аң ұрған өкінішін оқырманына, тыңдарманына айтқан базына назынан сезінеміз. Осы екі тармақ бойында ақын шендестіре қолданған метафоралық символдар «жез» бен «алтын» және «моншақ» пен «жібек» Әсет стиліне ғана тән өзіндік бір ерекшелік ретінде Әсеттің дидактикалық сарындағы өлеңдерінде үнемі кездесіп отырады. Осы өлеңінің «Арман еттім артынан ақыр соңнан» деп бітетін финалдык тармағындағы бірінен кейін бірі келетін синонимдік түйдектеуі – ақынның сүйіп қолданған поэтикалық-стилистикалық амал-тәсілі. Ақын стилінде ұлт санасындағы архетиптік көне түсініктерге де жан бітіріп, Әсеттің поэтикалық қолданысқа енгізіп кеткен соны сөз саптауы – «шор» сөздік ұғымы. Міне, осындай ақын стиліне тән тыңнан сөз тудырушылық бағыттағы ерекшеліктері баршылық. Қазақ әдебиетінде XIX ғасырда афоризмдік қолданыс өзінің көркем эстетикалық функциясын иеленуге Дулат, Махамбет т.б. сөз сүлейлері тарапынан алғашқы қадамдарын жасаса, осы дәстүрді әлемдік деңгейде ілгерлетуші Абайдың алаш қаламгерлерін дәстүрлік аядағы әдеби томаға тұйықтықтан арылту ниетімен қазақ философиялық лирикасындағы афоризмдік қолданыс отаршылдық езгідегі ұлтты рухтандыру жолында өзінің қысқалығы мен нұсқалығы жағынан оңтайлы жанрға үлкен жүк артты. Отаршылдық өмірдің қыспағындағы халықтың тұрмыс-тіршілігін аз сөзге көп мағына сыйдырып бере білу жолындағы қазақ қаламгерлері тақырып жағынан ортақтастықта болса, стильдік жақтан алшақтастықта болып, әрқайсы өзіне тән елдің есінен кетпей, жадында жатталып

қалатын авторлық қолданыстағы нақылдарын өмірге әкеліп, ұлт жадына мәңгілікке сіңірді.

Қазақ дидактизмі ХХ ғасыр басындағы әдеби үдерісте өзінің ұшар биігіне көтеріліп, ұлтты діни-мәдени және саяси-рухани оянуға үндеген ағартушылық функция атқара бастады. Әсет ақының артында кейінгі ұрпаққа тастап кеткен нақыл аманатын ақынның өз отанына белгісіз өлеңдері негізінде қарастыру қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, Әсет шығармашылығындағы афоризмдік қолданыстардың екі түрін кездестіреміз:

1) таза халықтық мақал-мәтелдің афоризмдік мақсатта қолданылуы;

2) автор тарапынан интерпретацияланған халықтық мақал-мәтелдердің афоризмге айналуы.

Әсет ақынның авторлық қолданыстағы афоризмдер жиылып келіп, ақын туындыларының көркемдігін артырып отырады. Әсет Найманбайұлының діни насихат тақырыбындағы өлеңдерінде өлең өрімінің өрілуіне орай дайын нақылдық формуланы кейде тікелей қолданса, кейде өзгеріске ұшыратып қолданғанын байқаймыз. Ақын өзгеріссіз қолданған халық нақылдары: «көппен көрген ұлы той деген сөз бар», «Өлін білмей әлек боп жүргендер көп», «Жатпайды қисық ағаш тез қасында», «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», «Өлмек хақ, тумас сүннет өзекті жан» секілді болып келеді.

Әсет Найманбайұлының туындыларының өлеңдік өлшеміннің композициялық құрылымына қарай, ақын қолданған афоризмдер: біріншіден, мәтелдік; екіншіден, мақалдық; үшінден билер тақпағы түрінде дидактикалық сарындағы туындылары бойында ұйысып келеді. Осының бәрі Әсет афоризмдерінің мәйегі болып табылады.

Жалпы, Әсет ақын өмірге әкеліп, өзі өлсе де туған халқымен бірге жасатын нақыл сөздері өздерінің шығарылуы мен композициялық құрылысына қарай: жалқы тармақтық; егіз тармақтық; көп тармақтықтық деп бөлінеді.

Ақынның жалқы тармақтық афоризмдері:

Жақсы өлеңге болады ән де серік.
немесе

Қызықпа нәпсіге еріп алар пұлға.
немесе

Керекті сөзді көрсең тастай көрме.
немесе

Шөлмегі зұлымдықтың сынғалы тұр
т.т. болып келетін ақынның қысқа да, нұсқа нақылдары ойының дәлдігімен автор талантын және түрлі тақырыпты ауқымды аяда қамти білген ақынның ұшқыр ойын таныта алғандығы сезіліп отырады.

Әсет ақынның нақылдық қолданысының бір парасы ұшқыр ойлы сөздерінің егіз тармақтауларынан аңғарылады. Ақын қолданған осындай композициялық түзілімдері де бір ой келесісін толықтырып, бірінде айтылған ойды екіншісі одан әрі жетілдіріп отырады. Ақынның егіз тармақты афоризмдері:

Түзулік адамзатты қор қылмайды,
Аңдап жүр аяғыңды байқап басып.
немесе

Атадан адам адам болып туғаннан соң,
Келтірмек жұртқа пайда бас міндетің.
немесе

Өйтеуір ғылым қуу жөні осы деп,
Лағып түк таппайды босқа шатқан.
немесе

Сабыр мен салмақтылық сар қазына,
Ашуға алдырған жан ол бір сорлы ес
т.т. тәріздес болып келетін ақын нақылдары, өзінің тәрбиелік қуаты жағынан адам өмірінің барша қырын қамтиды.

Ақын өзінің салиқалы ойын жоғарыда біз мысалдарын келтірген қысқа да, нұсқа нақыл түрлері мен қатар ауқымды да, күрделі ой шоғырын беру үшін шумақтық төрт тағандық түйдектеудің стилистикалық амал-тәсіліне жүгінеді. Ақынның шумақтық афоризмдері:

Әтештің нәсілі құс болғанымен,
Сандуғаш, бұлбұлменен ән қоспайды.
Мәстекке алтын кежім жапқанменен,
Бәйгеде ұлы дүбір қыр аспайды.
немесе

Қарағай жерге жетпес иілгенмен,
Қарақұс қарға алмайды шүйілгенмен.
Кедейдің кедей аты жоғалмайды,
Сұратып жүз құбылтып киінгенмен.
немесе

Заманнан асып туған жанмен шендес,
Басқаның бәрі бекер бақта таяр.
Артында сөз қалдырған адам өлмес,
Абайдай айналаға тағылым жайған,

Әулиеміз өлгеннен соң қайтып келмес
түрінде шумақтай өрілетін, ақынның сан
салалы шалқар ойы XIX ғасырдың аяғы мен
XX ғасырдың басындағы қазақ
философиялық лирикасындағы Әсет
ақынның алар орнын нақ анықтап бере
алатын көркемдік-стильдік ерекшелігінің
әдеби критерий деп атауға келеді.

Әсет пен онымен тұстас ақындарда
афоризмдік қолданыстың екі түрі кездеседі:
бірі-халық нақылдарының автор тарапынан
тұрақты нақыл сөздердің орын
алмастырылуына жол берілуі; екіншісі-
халық мақал-мәтелдерінің белгілі тірек
мәнді сөздің түрлі тұлғада қолданыс табуы.
Оның негізгі себебі ақпа ақындық жазба
ақындықтан басым түскен кезде, ситуацияға
байланысты суырып салып айтушы ақын
өзіне дейінгі дайын поэтикалық формаға
жататын мақал-мәтелдік сөз саптау үлгісін
қолданады. Ол кейде өзгеріссіз берілсе,
кейде өзгеріске түсіп қолданылады. Әдеби
өмір салтына ағартушылық ағымның
ыңғайымен енген афоризмдік тақпақтау
бірде ақындарды өзара
жақындастырғанымен, бірде
шығарушысының кім екенін әйгілеп тұрады.
Әсет ақын өлең құрылысында жекелей,
тармақтай, шумақтай тақпақтаудың өзіндік
тың да, соны өрнегін өмірге әкелді. Бұл
оның ешкімді қайталамас стильдік
өзгешелігінің бір қыры болып табылады.

Әсеттің поэзия әлеміндегі сәтті
ақындық ізденісін танытатын «Өлең деген
бір ғылым өз алдына» өлеңінде:

Бұл сегізі жиналса әр тараптан,
Еңбектеген жас емес еңкіш кәрі.
Талай қайла шығарды орташақтан
Бұл сегіздің бірінсіз адам болмас,

Түгел алсаң шығасың адамдықтан –
деп, өзіне тән мәнерде «орташақтан» сөзі
арқылы «сы» грамматикалық тұлғалануын,
шығармашылық мәнердегі оқырман көңілін
аударту мақсатында «шақ» авторлық
түрлендіруімен алмастырып, тілдік
қорымыза жаңаша сөз саптау әдібін
енгізгенін байқаймыз.

Ақынның өз өлеңінің поэтикалық
қуатын артыруды мақсат тұтып, кейде ортақ
түркілік сөз қолданысына баратын
стилистикалық амал-тәсілі «Себеп боп
кетіруге дәрменінді» өлеңінен аңғарылады.
Өйткені, осындай архаизмдік қолданыс
өзіне туындыгер жүктеген эмоциялық-
эстетикалық функциясын діни айшықта
орынды атқарып тұр.

Дүние, тағат кәсіп, парыз, уәжіп
Жаратқан соған арнап хақтың құлын
Бұл барша хайуанаттан абзал етіп
Жаратқан аңылық етіп адам ұлын.

Ақынның діни-уағыздық «Талайлар
қанды жаспен бетін жуды» өлеңінде
«шаһиярлар» мен «татымайды» сөздеріне
поэтикалық қуаттылық сіңіру мақсатында
олардың орнына мәтін мәнін ашатын
синонимдерін қолданып, көркемдік
ұтымдылыққа қол жеткізген.

Барша үмбетке жәрдемші
шаһаржарлар

Айырған қылдан қылшық талай
бұлбұл

Саудаға санаулы жас базарланса,
Болар ма бұл дүниеге жаралған гүл.
Түк білмеген қазекен неге арзиды.

Ақын өзінің шығармашылық
құлаштылығын танытатын өлеңдеріндегі
соны әдеби қадамы қазақ түсінігіне ауыр
тиетін араб-парсы діни кірме ұғым-түсінігін,
діни эпсана, белгілі тарихи оқиғаны және де
ислам қайраткерлері мен айтулы
қаһармандарын қазақы ұғым-түсінікке
жеңіл соғуы үшін жырға қосуында ишарат
пен көкке көтере мадақтау сияқты әдеби
тәсілдерді қолданғанын, өлеңдерінде автор
мен кейіпкердің қақ жарылуы көрінеді

Түк білмеген қазекен неге арзиды,

Сақтанып рауаят қып айтым мұны –
деген жолдар автордың қазақтан, яғни, ақын
ретінде бөлінуін аңғартады.

Ақын өлеңдерінде әулие-әмбиелер,
пайғамбарлар мен діни қаһармандар ажалды
пенделер сипатында стилистикалық фигура
аллюзиямен («Аллюзия (фр. Allusion, от лат.
Allusio = шутка, намёк)-стилистикалық
фигура, заключающаяся в использовании
намёка на известные исторические,
мифологические, литературные факты») [8,
37] айшықталған. XIX-XX ғасырлардағы

қазақ әдебиетін осы әдеби құбылыссыз елестету мүмкін емес, белгілі тарихи, мифологиялық, әдеби фактілерге ишара жасай қолданылатын стилистикалық фигура кеңестік кезеңде діни тақырыпқа табу қойылып келгендіктен, сол дәуір қаламгерлері шығармашылығындағы осы фигураның қолданылу ерекшелігі аз қарастырылды.

Саудаға санаулы жас базарланса,
Болар ма бұл дүниеге жаралған гүл.
Сақтанып рауаят қып айтқаным бұл,
Басыңа ажал, өлім келген күні,
Қызыл тіл жақ пен басты тастарсың
тұл.

Осындағы «Айрылар бір күн жақтан буынсыз тіл, Қызыл тіл жақ пен басты тастарсың тұл» тармақтары арқылы Әсеттің белгілі бір құбылысты суреттеудегі бірін-бірінен асыра, өсіре сипаттауындағы өзіне тән стильдік даралығына куә боламыз: біріншісінде – тілдің жақтан айырылуы қарапайымдылықпен берілсе, екіншісінде-автор оған поэзиялық әсемдік үстеп, оқырманын бей-жай етпейтін эстетикалық әсерлілік эффектісін тудыра алған. Әрі Әсет Найманбайұлының стилін ашатыны өлең, шешендік пен монологизм доминант стилдік жұптары екенін аңғарамыз.

Әсет ақын өз тұсындағы ақындар шығармашылығында айтыла-айтыла сәні кеткен «сәуле» поэтикалық ұғымын оның бір қасиеті (жарық шығаруы) негізінде авторлық сөзжасамдағы «жайнам» қосар синонимімен алмастыруы арқылы тұтас мәтінге ақын өз тарапынан жаратпай жырына қосқан адамдар типінің жағымсыз бейнесін беруде поэтикалық ұтымды қызмет атқарғанын байқаймыз.

Бойында бүлдірерлік қуаты жоқ,
Іші арам сыртының жайнамы бар.

Әсеттегі антонимділік қолданыс өзін екі сипатта танытады: не бір тармақ бойында түйдектеліп беріледі, не екі тармақ бойында егізденіп қолданылады. Осы қолданыстардан Әсетке тән стильдік ерекшелік бірде айқын сезілсе, енді бірде көмескеленіп тұрады. Осы көмескелену ишара мен тұспалдық қасиетке ие болып келеді:

Астымдағы тап-таза жерді көрмей,

Аяғымды бастырдым талай боққа.

Халық нақылын бір шумақтың бойында екі рет мағыналық градациялау шеберлігі аясында «өмір» мен «өлімді»; «барлық» пен «жоқтықты» символдай интерпретациялап қазақ қоғамындағы көбедей көптің бірі емес, елдің сөзі мен елдігін ұстаған ұлттың ұйытқы тұтқалары:

Батыр да жалғыз оқта жан береді,
Байлар да жалғыз жұтта мал береді.
Күйрейді саудагер де саудасы өтпей,
Емінгенге кім қанша нан береді.
Жұтамас жоқтық-біреу, тоқтық-біреу,
Ол-өнер, әрі азық, әрі тіреу.
Малды-жұт, батырды-оқ жалмаса да,
Оқулы, өнерлі жан тартпас жүдеу.

Ұзынды-қысқалы қып жан жаратқан – деп, дәстүрлі қолданылып жүрген «бай – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген мақалды бір өлең бойында екі рет интерпретациялау арқылы ашып береді.

Алды-үміт, арты-өкініш алдамшы өмір,

Бір күні өте шығар арманменен.
немесе

Арасын жер мен көктің еркін берген,

Алланың мейіріне қыл шүкірлік т.т. ақынның өзі өмір сүрген дәуірдегі өмірдің күңгейі мен теріскейін таныта қолданған антонимдік сөз қолданысынан аңғарылып, стильдік даралығымен қатар қалам қарымын да сездіреді.

Әсет ақын өлеңдерін зерделей талдай келе, автордың тілдік-көркемдік тәсілдерді орынды пайдаланып, өзіндік ізденістерге барғандығын көреміз. Ал, бұл өз кезегінде Әсеттің стильдік-жанрлық өрісінің кең екендігін білгізеді.

Қорытынды. Сонымен түйіндей айтқанда, Абайдың ақын шәкірттерінің, оның ішінде Әсет Найманбайұлының артында кейінгі ұрпаққа аманаттап кеткен әдеби мұраларындағы мен мұңдалап бой көрсететін даралық стилі ақынды өзінен басқа Абайдың ақын шәкірттерінен еректеп тұрады.

Әсет Найманбайұлы туындыларындағы имандылық негіздің бастауы: исламдық, түркілік және қазақи сипатта көрініс тапқан ақынның гуманистік-

тәлімгерлік дербес мәнері өзін мәтін бойынан жиі танытып отырады.

Әсет Найманбайұлының даралық стилі оның ең жетілген, кемелденген туындыларынан кейбір де аз, енді бірде көп мөлшерде өзінің дерексіздігін танытады.

Сондықтан да, оның бұлайша қылаң беруі туындының тегі мен түріне; ақынның туынды жазылған кездегі орын алған психологиялық көңіл-күйінен және нақты көркем шығарма мазмұнның бір тектес стильде жазылуынан жіті аңғарылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нарымбетов А. Жансүгіровтың «Күйші» поэмасының көркемдік және стильдік сыр-сипаты. Стиль сыры. – Алматы: Ғылым, 1974. – 26-49 бб.
2. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
3. Есин А.Б. Стиль / Введение литературоведческих терминов. – М.: Просвещение, 2002. – С. 350-364.
4. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Абай. – 1992. – № 4. – 63 б.
5. Шөшекұлы Ж. Ақын мұрасын аялайық // Ақжол. – 1992. – 3 қыркүйек.
6. Мұхаметқанов М. Ақын Әсет // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – № 9. – 38-41 бб.
7. Найманбаев Ә. Шығармалары: Өлеңдер, айтыс-қақтығыстар мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 б.
8. Русская литература XX века. Сост. И.Т. Крук. – Л: Просвещение, 1991 – 511 с.

References:

1. Narymbetov A. Zhansygirovtyñ «Kujshi» poemasyñyñ kerkemdik zhñone stil'dik syr-sipaty. Stil' syry. – Almaty: Fylym, 1974. – 26-49 bb.
2. Қазақ әдебиетінің altyn ғasyry. – Astana: Kyltegin, 2002. – 528 b.
3. Esin A.B. Stil' / Vvedenie literaturovedcheskih terminov. – M.: Prosveshhenie, 2002. – S. 350-364.
4. Мұқанов С. Abajdyñ shäkirtteri turaly // Abaj. – 1992. – № 4. – 63 b.
5. Shshshshshshsh Zh. Aqyn mұrasyn ajalajyq // Akzhol. – 1992. – 3 qyrkujek.
6. Mұhametqanov M. Aqyn Әset // Қазақ tili men әdebieti. – 1958. – № 9. – 38-41 bb.
7. Najmanbaev Ә. Shyғarmalary: Öleñder, ajtys-qaqtyғystar men dastandar. – Almaty: Zhazushy, 1988. – 304 b.
8. Russkaja literatura HH veka. Sost. I.T. Kruk. – L: Prosveshhenie, 1991 – 511 s.

Автор туралы мәлімет:

Аитова Жанар Жумабековна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей, 15-18-146

Ұялы.тел: 8-775-258-02-52

email: aitova_1@mail.ru

Сведения об авторе:

Аитова Жанар Жумабековна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, Семей, 15-18-146

Сот.тел: 8-775-258-02-52

e-mail: aitova_1@mail.ru

Information about the author:

Aitova Zhanar Zhumabekovna

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey,

Mob.phone: 8-775-258-02-52

e-mail: aitova_1@mail.ru

Гайнуллина Ф.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: akhmetovna@mail.ru

**АБАЙ – ЧИТАТЕЛЬ БИБЛИОТЕКИ ГОРОДА СЕМЕЙ
(К ВОПРОСУ О КРУГЕ ЧТЕНИЯ ПОЭТА)**

Аннотация: В данной работе исследуются значимые для изучения литературного наследия Абая вопросы - о воздействии произведений мировой классики на формирование его личности как поэта, посещении им открытой в 1883 году Семипалатинской городской библиотеки и дружбе с русскими ссыльными, круге чтения, сыгравшем огромную роль в дальнейшем развитии мировоззрения художника.

Пристальное внимание автора статьи приковано к рассмотрению характера взаимоотношений поэта с политическими ссыльными, вопросам двухстороннего духовного взаимообмена, вопросам появившегося у Абая интереса к переводческой деятельности.

В статье также говорится о несомненном влиянии литературных шедевров восточной, русской и западноевропейской литературы на становление и дальнейшее совершенствование эстетических вкусов поэта и его стремлении приобщить своих учеников и соотечественников к произведениям мастеров мировой культуры, что особенно заметно на анализе текстов художественных произведений самого поэта, романа «Путь Абая» М.О. Ауэзова, а также мемуарных источников.

Ключевые слова: Абай Құнанбаев, мировая литература, библиотека, круг чтения, переводы.

Гайнуллина Ф.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: akhmetovna@mail.ru

**Абай - Семей қаласы кітапханасының тұрақты оқырманы
(Ақындар аясының төңірегіндегі сұрағына)**

Аңдатпа: Мақалада Абай мұрасын зерттеуге арналған өзекті мәселелер және ақынның әлемдік әдебиет туындыларының қалыптасуы, 1883 жылы ашылған қалалық кітапханаға баруы және суретшінің дүниетанымын қалыптастыруда үлкен рөл атқарған жер аудару арқылы келген орыс ғалымдарының өмір тарихтарымен танысуы қарастырылады.

Мақала авторы жер аудару арқылы келген орыс ғалымдарымен қарым-қатынасының сипатын, екі жақты рухани өзара байыту мәселелерін, Абайдың аударма қызметіне деген қызығушылығының біртіндеп артуына ерекше назар аударады.

Сондай-ақ, жұмыста шығыс, орыс және батыс Еуропа әдебиеті шығармаларының Абайдың эстетикалық талғамын қалыптастыруға және одан әрі дамытуға әсері және оның шәкірттері мен отандастарының әлемдік мәдениеттің қазынасына тартуға деген ұмтылысы туралы ой бар, бұл әсіресе М.О. Әуезовтің «Абай жолы» романы мен мемуарлық дереккөздердің көркем шығармаларын талдаудан көрінеді.

Тірек сөздер: Абай Құнанбаев, әлем әдебиеті, кітапхана, оқу шеңбері, аудармалар.

Gainullina F.A.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: akhmetovna@mail.ru

**Abai is a reader of Semey's library
(On the question of the poet's reading surrounding)**

Abstract. The article examines relevant issues for studying the legacy of Abai—specifically, the influence of works of world literature on the formation of his personality as a poet, his visit to the city library opened in 1883, his acquaintance with Russian exiles, and the reading circle that played a significant role in shaping the artist's worldview.

The author pays particular attention to the character of the poet's relationships with political exiles, the problems of mutual spiritual enrichment, and the gradual growth of Abai's interest in translation activities.

The work also traces the influence of Eastern, Russian, and Western European literature on the formation and further development of Abai's aesthetic tastes, as well as his desire to involve his students and compatriots in the treasures of world culture, which is especially evident through the analysis of the poet's own artistic works, the novel "The Path of Abai" by M.O. Auezov and memoir sources.

Keywords: Abai Kunanbayev, world literature, library, reading circle, translations.

Введение. В истории каждого народа есть особо дорогие, памятные места, которые являются свидетелями рождения великих имен, начала их творческого пути, расцвета таланта. Таким местом для Абая Кунанбаева стала открытая в последней четверти 19 века библиотека, открытая в Семее в 1883 году. Мухтар Ауэзов неоднократно отмечал в своем романе, что Абай очень любил посещать ее, где поэт знакомился с художественными произведениями, созданными представителями мировой классики [1, 203]. Круг чтения Абая был весьма обширен для его времени.

Актуальность исследования. Изучение круга чтения Абая, исследование эстетических запросов и вкусов степного самородка уже само по себе представляет особую актуальность для отечественного литературоведения, позволит понять и по иному осмыслить процесс становления его как личности и поэта, определить сферу его интересов. Значимым также представляется не только выявить упоминания о книгах, которые читал Абай, но и проследить эволюцию его суждений об авторах, к наследию которых он обращался в течение всей своей жизни.

Цель данной статьи – выявить особенности и свойства эстетических предпочтений, а также литературных вкусов степного поэта и его круга чтения в различные периоды становления его как художника мирового уровня.

Цель работы определяет конкретные **задачи исследования:**

– определить место произведений мировой литературы в изучении круга чтения Абая;

– охарактеризовать специфику отражения круга чтения писателя в его художественных произведениях.

Методы исследования. *Метод анализа* круга чтения поэта особенно актуален в случае с Абаем, который сам был активным посетителем и читателем городской библиотеки и настойчиво приобщал к чтению и знаниям своих детей и учеников. Также автором статьи были применены: *описательный метод*, который позволил подвергнуть систематизации имеющиеся в современном абаеведении данные о книгах, которые в разное время читал или переводил Абай; *биографический метод*, который был использован нами при изучении особенностей взаимоотношений русских политических ссыльных с местным поэтом. Также автором настоящей работы использовались методы *интертекстуального анализа*.

Прежде чем мы обратимся к книгам, которые запоем читал Абай, рассмотрим историю библиотеки города Семей, которая осенью 2023 года торжественно отметила свое 100 –летие со дня своего образования.

Библиотека, с декабря 1992 года носящая имя великого поэта, действительно имеет свою долгую историю [2,1]. Библиотека была открыта в 1883 году благодаря большим усилиям местных меценатов – любителей книги, а также революционеров, политических ссыльных, волею судьбы оказавшихся в провинциальном Семипалатинске. Абай, как свидетельствуют современники, стал самым активным читателем из числа казахов, посещавших в то время библиотеку. Из фондов библиотеки он получал не только лучшие образцы художественной литературы, но и книги по философии, естествознанию, истории, энциклопедии, словари, справочники по разным областям науки. Коллекции энциклопедий и справочных изданий были для просветителя первыми университетами, через них он открывает новый мир, знакомится с новыми

словами и понятиями. Так, среди этих изданий «Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона», изданный в Санкт-Петербурге в 1890-1907 гг. Не остались без внимания «Азбука» и другие учебники, необходимые для обучения грамоте как своих детей, так и детей аульчан.

Именно в библиотеке произошло знакомство Абая с политическим ссыльным Евгением Петровичем Михаэлисом (1841-1913), дружба с которым продлилась на долгие годы. Известно, что Михаэлис был одним из лидеров московских студенческих волнений, за что и был арестован, а затем отправлен в ссылку. В 1869 г. ему разрешили отбывать срок в Семипалатинске [3]. Здесь Михаэлис был принят делопроизводителем городского правления. Руководство заметило способности юноши, и вскоре он стал работать чиновником особых поручений. Будучи человеком высоких моральных принципов, Михаэлис считал долгом способствовать укреплению дружеских отношений между народами. Когда в 1878 году появился статистический комитет, Евгений Петрович был назначен его секретарем. В 1886 году по рекомендации Е.П. Михаэлиса членом этого комитета становится его друг А. Кунанбаев. Дружба поэта и Михаэлиса явилась большим событием в жизни как самого Абая, так и его русского товарища. В течение многих лет поэт виделся с ним едва ли не ежедневно, когда в зимние месяцы приезжал по разным делам в город. До конца своей жизни художник с огромной благодарностью и пиететом будет говорить о своем наставнике. Именно Михаэлис не раз советовал молодому Абаю ознакомиться с той или иной появившейся в библиотеке новой книгой. М.О. Ауэзов в своей монографии «Абай Кунанбаев» справедливо отмечал: «Если до встречи с Михаэлисом Абай читал много и без разбору, то после замечаний и рекомендаций своего друга стал более дисциплинирован в чтении художественной, исторической, критической литературы, книг по философии, естествознанию...» [4, 60].

Заметим, что в фонде редких изданий областной библиотеки имеются книги с личной подписью их владельцев -

экслибрисами, свидетельствующие о том, что они были подарены из частных библиотек горожан. В частности, в анналах библиотеки хранится исследование известного путешественника и учено-географа Н.М. Пржевальского о его трехлетнем путешествии в Монголию «Монголия и страна тангутов» (1875). Книга положила начало изучению Средней Азии во второй половине XIX века и обогатила науку новыми историко – культурными открытиями. Знакомясь в библиотеке с подобными книгами, Абай, безусловно, испытывал непреодолимое желание узнавать все новое. В свою очередь, Евгений Петрович Михаэлис, Нифонт Иванович Долгополов (1857 -1922) и другие молодые друзья поэта, получив разрешение от Семипалатинского военного губернатора, были нередкими гостями в ауле Абая, лечились кумысом, вели долгие беседы с поэтом. Из воспоминаний сына поэта Турагула Кунанбаева и Какитая Искакова мы узнаем, что Абай в один из приездов русских товарищей познакомил Н.И. Долгополова с необычным созданием природы - пещерой «Коныр Аулие», которая и по сей день вызывает глубокий интерес как отечественных, так и зарубежных исследователей.

Известно, что Н.И. Долгополов, также как и Михаэлис, за участие в политических волнениях был сослан в Тобольскую губернию, затем - в Семипалатинск. Тут Абай и познакомился с этим необычным человеком. Как и Михаэлис, Долгополов, сыграл в жизни Абая большую роль, породил у поэта непреходящий интерес к европейской литературе, философии, культуре. Так, например, именно от Нифонта Ивановича Абай получил перевод интересного труда американского врача и ученого Джона Дрэпера «История умственного развития Европы». От этого же человека Абай впервые узнал о творчестве Г. Лонгфелло. Заметим, что Н.И. Долгополов, обладавший большими знаниями в области медицины, стал прототипом врача Фёдора Ивановича Павлова, с большой симпатией изображенного в романе «Путь Абая» [5, 60].

Обогащению знаний Абая в области истории и юриспруденции, во многом содействовали и другие «политически неблагонадежные» – С.С. Гросс и А.В. Леонтьев. С.С. Гросс работал во время ссылки над книгой «Юридические обычаи киргиз» и, как считают абаеведы, согласовывал многие трудные вопросы с Абаем.[6]

А. Букейханов в некрологе «Абай (Ибрагим) Кунанбаев», написанным по случаю преждевременной смерти поэта, особо подчеркивает, что «...Абай, быть может, умер бы, не проявив выдающегося поэтического дарования, если бы в 80-ых годах он не пережил переворот в своих взглядах на деятельность певца. В это время Абай познакомился с политическими ссыльными г.г. Гроссом, собиравшим в степи материалы для брошюры «Юридические обычаи киргиз», изданной под редакцией г. Маковецкого, и Михаэлисом, оказавшим огромное влияние на просвещение и образование Абая. Оба, как г. Гросс, так и г. Михаэлис, гостили у Абая в степи, знакомили его с русской литературой. Благодаря им Абай познакомился с Пушкиным, Лермонтовым, Некрасовым, Толстым, Тургеневым, Салтыковым, Достоевским, Белинским, Добролюбовым, Писаревым. Абай до последней минуты своей жизни с трогательной благодарностью вспоминал г. Михаэлиса, приписывая ему свое образование, и говаривал: «открыл мои глаза Михаэлис...» Впоследствии Абай прочел «Опыты» Спенсера, «Позитивную философию» Льюиса, «Умственное развитие Европы» Дрепера, статьи из старых книг «Современника» Н.Г. Чернышевского, знал об его судьбе...» [7, 47].

Что касается Александра Викторовича Леонтьева, то известно, в Семипалатинск был выслан за «сношение с лицами, содержащимися в Петропавловской крепости» [8].

Первые встречи Абая с Леонтьевым, как и со своими ближайшими наставниками, в том числе Е.П. Михаэлисом, могли произойти в городской библиотеке. А. Леонтьев, не без влияния Абая, собирался

заняться историей казахов, хотя в условиях надзора над «политическими преступниками» это было затруднительно. Всех их, как видим, объединял повышенный интерес к проблемам права. Известно, что Абай долгие годы являлся бием и был непревзойденным знатоком степного права. Проблемы реформы судебного права приводили друзей к беседам и долгим дискуссиям. С уверенностью можно констатировать, что труд «Материалы для изучения юридических обычаев киргизовъ» (1886) стал своеобразным итогом их творческого общения. И хотя официальными авторами книги были Гросс и Леонтьев, авторитетным консультантом и активным соавтором данного труда, несомненно, можно назвать Абая. [9]

Отношения с ссыльными друзьями, надо заметить, базировались на духовном и высоко - интеллектуальном взаимообогащении. Надо отметить, что не только русские друзья расширяли круг знаний Абая, но и поэт всячески содействовал тому, чтобы они стали яснее понимать тюркскую историю, мусульманскую культуру, местные обычаи, мировоззрение, верования. Вызывают интерес и воспоминания американского журналиста Джодржа Кеннана, который в 1880-ые годы оказался в Семее. А.В. Леонтьев, сопровождавший Кеннана в то время, рассказал ему об Абае, активном посетителе городской библиотеки, знакомого с исследованиями Милля, Бокля, Дрэпера.

В книге «Сибирь и ссылка», увидевшей свет в 1906 году Дж. Кеннан с большим восхищением пишет об Ибрагиме Кононбае (Ибрагиме Кунанбаеве), глубоко изучавшем Дарвина и Бокля. Ученый очень удивился, услышав от Леонтьева: «...Могу Вас уверить, что когда я разговаривал с ним дважды, то узнал, что он хорошо освоил работу Дрэпера «Умственное развитие Европы...» [10, 75].

Несмотря на то, что Абай с упоением читал книги европейских философов, его стала больше интересовать русская литература в лице таких художников, как Пушкин, Лермонтов, Салтыков-Щедрин и

другие. В том же некрологе А.Н. Букейханов отмечает: «...Особенно полюбил Абай сочинения Лермонтова, из которых любил делать переводы; между прочим, Абай перевел превосходными киргизскими стихами «Думу», «Кинжал», «Парус», «Молитву» и др. Абай перевел много басен Крылова, находя, что для киргиза наиболее понятны басни и полезны нравоучения. Абаем переведен на киргизский язык «Евгений Онегин»; особенной в степи популярностью пользуется «Письмо Татьяны», для которого тот же переводчик сочинил мотив... Абай был поклонником Толстого и Салтыкова. Учащимся в русских школах киргизским детям посвятил особое стихотворение, в котором, бичуя злой сатирой стремление киргизских детей быть взяточником – писарем, подпольным адвокатом, полицейским чиновником, предлагает им почитать Л.Н. Толстого, Щедрина и стремиться быть такими, какими были они...» [7, 48].

Так, в стихотворении «В интернате» Абай с горечью пишет:

В наших детях правды нет, -
Сами тяготееют к злу....
Для немногих только есть
И Толстой и Салтыков...

(перевод К. Липскерова) [11, 37].

О большом влиянии произведений русской классики на Абая говорит и тот факт, что, начиная с 1886 года, поэт принялся интенсивно переводить басни Крылова, сочинения Пушкина, Лермонтова, впервые делая их доступными для соотечественников. Его поистине непревзойденный перевод письма Татьяны из «Евгения Онегина» Пушкина в короткое время стал широко распространенной песней. Понимание народом основной идеи, осмысление внутренних переживаний героев – доказательство безусловной и самобытной гениальности художника, продемонстрировавшего мастерство очень тонко и достоверно передать богатый духовный мир и разнообразный спектр чувств персонажей.

Не менее интересны и в то же время сложны для перевода оказались широко популярные басни И.А. Крылова, ибо они

несли в себе нравственно – назидательное начало, с одной стороны, и неповторимый колорит народной мысли, с другой. Важно было хорошо знать не только язык и реалии русской действительности, но и суметь отыскать в родном языке подходящее слово. Его переводы крыловских басен и сейчас считаются образцом передачи крыловских нравоучений.

Абаеведы отмечают также его связь с поэтическим наследием М.Ю. Лермонтова. Через его переводы степной поэт познакомил народ с сочинениями Гете, Байрона, Шиллера, Мицкевича. И если в переводе Лермонтова (1829) стихотворение Шиллера «Дитя в люльке» звучало так:

Счастлив ребенок!

и в люльке просторно ему, но
Дай время сделаться мужем –
и тесен покажется мир... [12],

то в переводе казахского поэта оно наполнилось тягостными эмоциями и тяжелыми переживаниями:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың

баспанаға...

В переводе К. Липскерова, стремившегося, как видим, быть более близким к абаевскому варианту, стихотворение приобрело совершенно иную тональность:

Находит просторы и в люльке дитя.
Нас бог насыщает, наш путь осветя.
А в старости в тесном захочешь миру
В лачуге укрыться, покой обретя ...
[11, 6].

А стихотворение Гете «Ночная песнь странника» в русском переводе М.Ю. Лермонтова известно как стихотворение «Горные вершины». Казахским читателям же оно известно под названием «Қараңғы түнде тау қалғып...» и широко распространено в народе как песня.

Сочинения, прочитанные и пересказанные Абаем, также были широко распространены: роман «Хромой бес» французского писателя Алена-Рене Лесажа, повествующий об особенностях европейских нравов 17-18 века, и даже романы «Три

мушкетера» и «Генрих Наваррский» Дюма (которые Абай читал, конечно, в русском переводе), поэмы средневековых восточных поэтов «Шах-наме», «Лейли и Меджнун», «Кер-Оглы» и другие.

Несмотря на заметный интерес к русской и зарубежной литературе, Абай оставался при этом, как считают абаеведы, глубоко национальным поэтом, так как не терял связей с культурой своего народа.

Благодаря стремлению узнать искусство других народов и стран, поэт проделал путь постепенного самообразования. Друзья, ученики и дети поэта неоднократно утверждали, что он знал несколько языков, изучил русскую и западноевропейскую литературу, был осведомлен об арабо-персидском эпосе и духовном наследии классиков средневекового Востока. Абай сам подчеркивал роль произведений восточных классиков в его становлении. Так, в одном из ранних стихотворений поэт с восторгом упоминает их именно:

Шамси, Саади, Физули
Хафиз, Навои, Сайхали,
Фирдоуси, - молодому поэту,
Великие, вы помогли!.. (перевод А.

Гатова) [11, 4].

Именно эти классики восточной литературы, с творчеством которых он познакомился в ранний период своей жизни, сыграли большую роль в его становлении как будущего поэта. Не расставался Абай с их книгами даже тогда, когда оставил учебу и занялся общественной деятельностью. Часто цитировал из их произведений. Книги этих и других восточных поэтов были в его нехитром багаже, когда он приезжал на лето домой в аул. И именно их он читал, находясь дома...

Помимо этого, Абай внимательнейшим образом ознакомился с трудами древних философов. Неслучайно в двадцать седьмом слове «Книги назиданий» Абай называет Сократа, Ксенофонта, Гомера, Софокла и других ученых и поэтов, внесших большой вклад в мировую науку и культуру.[11, 288]

Таким образом, одним из значимых университетов «жизни» для Абая стала библиотека, фонд которой и составлял то, что мы называем кругом чтения поэта. Современная библиотека, конечно же, отличается от библиотеки 19-го столетия. Но и сегодня она остается нитью, связующей поколения.

Использованная литература:

1. Абай энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 1993. - б. 457
2. Абай кітапханасы сирек басылымдарда. Бірінші кітап / Құраст. Манжибаева Ж.А., Гайнуллина Ф.А. – Астана: Фолиант, 2023
3. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/972-.html>
4. Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев [Текст]: Статьи и исследования / М.О. Ауэзов; Под общ. ред. дра филол. наук И.Т. Дюсенбаева; АН Каз. ССР. Ин-т литературы и искусства им. М.О. Ауэзова. - Алма-Ата: Наука, 1967. - 389 с.;
5. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1695-.html>
6. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1693-.html>
7. Букейханов А. Абай (Ибрагим) Кунанбаев. Некролог. В кн.: Краеведы 19-20 веков о Восточном Казахстане. Сборник исследований / Сост. Перебеева М.И., Манжибаева Ж.А. – Нур- Султан: Фолиант, 2019. -528 с.
8. <https://kazpravda.kz/n/svyazana-s-abaem-ne-tolko-imenem/>
9. Матеріалы для изученія юридическихъ обычаевъ киргизовъ [Электронный ресурс]. Вып. 1. Матеріальное право / Семипалатинскій областной статистическій комитетъ; сост. П. Е. Маковецкий. - Омскъ: Типография окружного штаба, 1886. - 88 с.
10. Кеннан Дж. Сибирь и ссылка: В двух частях / пер. с англ. И.Н. Кашинцева, - С.-Петербург, 1906, С.26
11. Абай Кунанбаев Избранное (перевод с казахского) Под общей редакцией Л. Соболева.- С предисловием Мухтара Ауэзова ОГИЗ ГИХЛ, М., 1945, - С.319

12. Лермонтов М. Ю. Полное собрание стихотворений в 2 томах. - Л.: Советский писатель. Ленинградское отделение, 1989. - Т. 1. Стихотворения и драмы. 1828-1836. - С. 95.

References:

1. Abaj jenciklopedijasy. - Almaty: Atamyra, 1993. - b. 457
2. Abaj kitaphanasy sirek basylymdarda. Birinshi kitap / Құраст. Manzhibaeva Zh.A., Gajnullina F.A. – Astana: Foliant, 2023
3. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/972-.html>
4. Aujezov M.O. Abaj Kunanbaev [Tekst]: Stat'i i issledovaniya / M.O. Aujezov; Pod obshh. red. dra filol. nauk I.T. Djusenbaeva; AN Kaz. SSR. In-t literatury i iskusstva im. M.O. Aujezova. - Alma-Ata: Nauka, 1967. - 389 s.;
5. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1695-.html>
6. <https://esimder.pushkinlibrary.kz/ru/issledovateli-kraya/1693-.html>
7. Bukejhanov A. Abaj (Ibragim) Kunanbaev. Nekrolog. V kn.: Kraevedy 19-20 vekov o Vostochnom Kazahstane. Sbornik issledovaniy / Sost. Perebeeva M.I., Manzhibaeva Zh.A. – Nur- Sultan: Foliant, 2019. -528 s.
8. <https://kazpravda.kz/n/svyazana-s-abaem-ne-tolko-imenem/>
9. Materialy dlja izuchenija juridicheskikh# obychaev# kirgizov# [Elektronnyj resurs]. Vyp. 1. Material'noe pravo / Semipalatinskij oblastnoj statisticheskij komitet#; sost. P. E. Makoveckij. - Omsk#: Tipografija okruzhnogo shtaba, 1886. - 88 s.
10. Kennan Dzh. Sibir' i sсыlka: V dvuh chastjah / per. s angl. I.N. Kashinceva, - S.-Peterburg, 1906, S.26
11. Abaj Kunanbaev Izbrannoe (perevod s kazahskogo) Pod obshhej redakciej L. Soboleva.- S predisloviem Muhtara Aujezova OGIZ GIHL, M., 1945, - S.319
12. Lermontov M. Ju. Polnoe sobranie stihotvorenij v 2 tomah. - L.: Sovetskij pisatel'. Leningradskoe otdelenie, 1989. - Т. 1. Stihotvorenija i dramy. 1828-1836. - S. 95.

Сведения об авторе:

Гайнуллина Фарид Ахметовна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, Семей, Гагарина 44

Сот.тел: 87771528155

e-mail: akhmetovna@mail.ru

Автор туралы мәлімет

Гайнуллина Фарид Ахметовна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University»

Пошталық мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей, Гагарина 44

Ұялы.тел: 87771528155

e-mail: akhmetovna@mail.ru

Information about the author:

Gainullina Farida Akhmetovna

Position: Candidate of philological sciences, Alikhan Bokeikhan University

Mailingaddress: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Gagarina 44

Mob.phone: 87771528155

e-mail: akhmetovna@mail.ru

¹Донбаева А.Б. ²Айдыңқызы А.

Туран-Астана университеті

Қазақстан, Астана

e-mail: [1tomik252007@gmail.com](mailto:¹tomik252007@gmail.com), [277dana888@gmail.com](mailto:²77dana888@gmail.com)

«COVID-19» ІНДЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАРДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Андатпа. «Covid-19» індетіне қатысты жарияланған мақалалардың лингвистикалық сипаты қарастырылған. Мақалада індетке қатысты мақалалардың тілдік ерекшеліктері мен синтаксистік құрылымдардың қолданысы сараланады. Зерттеудің мақсаты - «Covid-19» індетіне қатысты пайда болған тілдік бірліктер мен медициналық терминдердің тілдегі көрінісін айқындау, індетке қатысты жарияланған мақалалардың стильдік ерекшеліктеріне талдау жасау. індетке қарсы күреске арналған публицистикалық мақалалар өзіндік стильдік сипаты және прагматикалық мақсаттарымен ерекшеленеді. Бұл аталған ерекшеліктердің қалыптасуына мақала стилінің ғана емес, мазмұны мен мағыналық жағының да ықпалы бар. Зерттеу барысында мәтіндегі сөйлемдердің синтаксистік құрылысына, стилистикалық құралдардың қолданысына талдау жасалды. Мақалада жүйелеу, жинақтау, стилистикалық талдау, тұжырымдау сияқты әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижелерін «Қазақ тілінің стилистикасы», «Тіл мәдениеті» пәндерді оқытуда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: індет, мақала, синтаксистік құрылымдар, стиль, мәтін.

¹Донбаева А.Б., ²Айдыновна А.

Университет Туран-Астана

Қазақстан, Астана

e-mail: [1tomik252007@gmail.com](mailto:¹tomik252007@gmail.com), [277dana888@gmail.com](mailto:²77dana888@gmail.com)

Лингвистический характер опубликованных статей, касающихся эпидемии «covid-19»

Аннотация. Рассмотрен лингвистический характер опубликованных статей, касающихся эпидемии «Covid-19». В статье анализируются языковые особенности статей, связанных с эпидемией, и использование синтаксических структур. Цель исследования - выявить в языке выражение языковых единиц и медицинских терминов, возникших в отношении эпидемии «Covid-19», проанализировать стилистические особенности опубликованных статей, связанных с эпидемией. публицистические статьи, посвященные борьбе с эпидемией, отличаются своим стилевым характером и прагматическими целями. На формирование этих особенностей влияет не только стиль статьи, но и содержание и смысловая сторона. В ходе исследования был проведен анализ синтаксического построения предложений в тексте, использования стилистических средств. В статье использованы такие методы, как систематизация, обобщение, стилистический анализ, формулирование. Результаты исследования могут быть использованы при изучении дисциплин «стистика казахского языка», «культура языка».

Ключевые слова: эпидемия, статья, синтаксистские структуры, стиль, текст.

¹Donbaeva A.B. ²Aidynovna A.

Turan-Astana University

Kazakhstan, Astana

e-mail: [1tomik252007@gmail.com](mailto:¹tomik252007@gmail.com), [277dana888@gmail.com](mailto:²77dana888@gmail.com)

The linguistic nature of the published articles related to the covid-19 epidemic

Abstract. The linguistic nature of the published articles related to the covid-19 epidemic is considered. The article analyzes the linguistic features of articles related to the epidemic and the use of syntactic structures. The

purpose of the study is to identify the language expression of language units and medical terms that have appeared in relation to the Covid - 19 epidemic, to analyze the stylistic features of published articles related to the epidemic. Journalistic articles devoted to the fight against the epidemic are distinguished by their own stylistic character and pragmatic goals. The formation of these features is influenced not only by the style of the article, but also by the content and semantic side. In the course of the study, an analysis of the syntactic construction of sentences in the text, the use of stylistic means was carried out. The article used such methods as systematization, compilation, stylistic analysis, formulation. The results of the study can be used in teaching the disciplines «stylistics of the Kazakh language», «language culture».

Keywords: epidemic, article, syntactic structures, style, text.

Кіріспе. Елімізде «COVID-19» індетіне қарсы күрес шараларын тек ақ халатты абзал жандар ғана жүргізген жоқ. Индетке қарсы күресте журналистер мен ғалымдардың, жазушылардың да қосқан зор үлестері болды. Нақты айтсақ, індетке қатысты мыңдаған ғылыми және басқа да ескерту нышандарға ие мақалалар жарық көрген. Ғалым Рәбиға Сыздықтың індетке қарсы күрес бағытында жарық көрген ғылыми жазбасын зерделесек, онда індетке қарсы ниетте жазылған мақалалар бірнеше томды құрауы мүмкін екендігі айтылған [1, 45]. Жалпы, ғаламды шарлаған індетке қарсы күреске арналған публицистикалық мақалалар өзіндік стильдік өзгешеліктері мен прагматикалық мақсаттарымен ерекшеленеді. Бұл аталған ерекшеліктер мақала стильдік түріне ғана емес, мазмұны мен мағыналық тұрпатына да ерекше әсерін тигізіп, мақала бағыттарының ғылыми, журналистік немесе ресми болуына және автордың жеке прагматикалық мақсаттарына байланысты болып құралады. Мұндай мақала мәтіндерінің функционалдық стильдері сыртқы оқиғалармен – стилистикада экстралингвистикалық факторлар деп аталатын жағдайлармен анықталады. Бұл факторлар прагматикалық көзқарастармен үйлесе отырып, мәтіннің ақпараттық және стильдік сипаттамаларын айқындайды. Индетке қарсы күреске шақырған мақалалардың семантикалық мәні, өзіндік жеке мазмұны оқырманға эмоционалдық және интеллектуалдық әсер етіп, олардың ойы мен сезімін, көзқарасын қалыптастырады. Аталған мақала мәтіндеріндегі стилистикалық тәсілдер көбінесе халықтың сақтығын күшейтуге және хабардарлықты арттыруға бағытталған. Сонымен індетке (Пандемияға) қатысты мақалалардың стильдік ерекшеліктері журналистік стильге тән эмоционалдық

айқындылық пен фактологиялық баяндаумен айшықталады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында материалдарды жүйелеу, жинақтау, лингвистикалық талдау, стилистикалық талдау, тұжырымдау әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім. Ғалым Рәбиға Сыздықтың айтуынша, қоғамдық маңызды оқиғалар кезіндегі публицистикалық стиль жоғары эмоционалдылықпен және шабыттандыратын тілмен өзгешеленген [1, 52].

Осыған ұқсас, пандемия кезіндегі мәтіндер сақтық пен қорғану тақырыптарын қамтып, қарама-қарсы мағыналарды пайдаланатын стилистикалық әдістерді қолданған. Шетелдік ғалым Г.В. Солганиктің пайымдауынша, публицистикалық стиль автордың тілдік және когнитивтік бірлігінен туындайды [2, 77]. Сондай-ақ, М. Серғалиев публицистикалық мәтіндердің «шебер журналист» және «жеке тұлға» рөлдерін теңгеретінін атап өтеді [3, 15]. Пандемия кезіндегі мақалалар объективті ақпарат пен субъективті эмоциялардың үйлесімін көрсете отырып, автордың әлеуметтік шындықпен тығыз байланысын бейнелейді. Мысалы, «Егемен Қазақстан» газетінде 2020 жылдың 27 қарашасында жарияланған «Бұл пандемия қауіпті» атты мақалада COVID-19-дың ғаламдық экономикаға және адамзатқа тигізген зияны талқыланып, публицистикалық стильдің нақты мысалы көрсетілген. Мұндай мақалалар экономикалық шығындар, жалпы әлеуметтік-экономикалық салдарлар жайлы терең талдаулармен ерекшеленеді. Публицистикалық стиль – функционалдық жанр ретінде індет-пандемия кезіндегі публицистикалық мәтіндерді ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық жанрларға бөлуге болады. Ақпараттық

жанрларға жаңалықтар мен сұхбаттар, аналитикалық жанрларға редакторлық мақалалар жатады. Ал көркем-публицистикалық жанрлар эссе мен очерктерді қамтып, экспрессивтік және эстетикалық элементтерді пайдаланған. Осы мақалалардағы публицистикалық стиль қазақ әдеби тілінің байытылуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, бұл стиль кейбір дәстүрлі нормаларға қарсы келетін жаңа тілдік элементтерді де енгізді. Қорытындылай келе, пандемияға қатысты мақалалар публицистикалық стильдің екі негізгі қызметін көрсетеді: эмоционалдық әсер ету және стандартталған ақпарат беру. Бұл мақала мәтіндердеріндегі берілетін ой қортындысы жеке автордың әлеуметтік белсенді тұлға ретіндегі рөлін, саяси және әлеуметтік шындықты өзіндік көзқараспен түсіндіретінін анық көрсетеді. Публицистикалық стильдің бейімделгіштігі мен эмоционалдық әсер ету қабілеті оны дағдарыс кезіндегі ақпарат таратуда маңызды құрал ретінде айқындайды.

Індетке қарсы жазылған мақалалар авторы публицистикалық стильде риториканың тәлімін, тәсілдерін, аргумент теориясын полемика, саяси-әлеуметтік әдіс-тәсілдің мәніне талдау жасау мәселесіне көңіл жіті көңіл бөлген. Нақты мысал ретінде 27 қараша 2020 жылғы «Егеменді Қазақстан» газетінің №230 (30959) кезекті санында жарияланған «Бұл індеттің сұрқы жаман» атты айдарда жарыққа шыққан мақаладан үзінді келтірсек: «Бұл індеттің беталысы жаман. Былтыр желтоқсан айында Қытай Халық Республикасының Ухань қаласынан шыққан коронавирус кеселі бүгінде төрткүл әлемге жайылды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл қатерлі дертке SARS-Cov-2, COVID-2019, 2019-nCoV деген атау бергені белілі. Аустралия ұлттық университетінің (ANU) ғалымдары көлденеңнен келген коронавирус кеселінің кесірінен әлем экономикасы 2, 4 трлн доллардан 9 трлн долларға дейін құлдырауы мүмкін деген болжам жасап отыр. Америка Құрама Штаттары - 1,7 трлн доллар, ҚХР - 1,6 трлн доллар, Үндістан – 567 млрд доллар, Жапония 549 млрд доллар көлемінде зардап шекпек. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл

қатерлі індет төрткүл әлемдегі 15 млн адамның өмірін қиып кететін көрінеді. Бүгінде көптеген өркениетті елдер коронавирусқа қарсы вакцина іздеу үстінде», - деп көрсетілген (Егеменді Қазақстан газеті). Аталған мақаланы сараласақ, онда публицистикалық стильдің субъективті-объективті мәнін анықтауда лингвостилистикалық ерекшеліктерін қалыптастыруда «автор» деген ұғымның атына да көп жағдайда қатыстылығы айқындалады. Сонымен қатар, хабар жеткізуші автор тарапынан «шығын» мен «қаржы» мәселесіне көп көңіл бөлгендіктен, өзінің ойы мен сезімін қатар ұстап, ойшылдық, көрегенділік, бақылағыштық қасиеттерді қайта електен өткізетін өз құқығын нақты пікірмен ұштастыратын тұлға ретінде танылып отыр.

Сонымен, індет кезінде жарыққа шыққан мақалалардың публицистикалық стильінде авторлық «мен» стилі ерекше стильдік мәнермен оқшауланып, даралана басталғандығы айқын басымдылық танытады. Осы орайда мақалалар топтамасын келесі түрде публицистикалық стиль негізінде топтастырып, көрсете аламыз. Індет жайлаған кездегі мақалаларды: біріншіден, белгілі оқиғаларға негізделген деректеме, хабарлама жанры тұрғысында - деректемелер, интервью, рецензия жатқызамыз. Екіншіден, аналитикалық жанрлар ретінде - бас мақала, мақала т.б., ал көркем-публицистикалық жанрға очерк, фельетон, репортаж, эссе т.б. түрлерін ала аламыз[6].

Демек, мақалалардағы публицистикалық стильде қазақ ұлттық әдеби тілінің өзіндік орны бар деп айта аламыз. Өйткені, індет барысында жарыққа шыққан мақалалардағы публицистикалық стильдердің стилистикалық құрылысы ұлттық әдеби тілдің дамуы, баю, толығу үрдісіне негізделіп, сәйкестендірілген. Демек, аталған мақалалар ерекшелігі көркем әдебиет стилінен де озық тұруында болып танылады. Індет жылдары жиі қолданысқа түскен публицистикалық стильде көптеген жаңа сөз, сөз тіркестерінің қолданысқа түсіп, әдеби тілден берік орын алуы жиі кездескен [7]. Сонымен қабат, ұлттық әдеби тілдің дамуына кері ықпал ететін тілдік элементтер де

кездесіп қалуы заңды құбылыс ретінде саналады. Ондай аталған ерекшеліктердің публицистикадағы стилистикалық нормасына кері әсерін қалдыру мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз.

Нақтырақ айтқанда, пандемия кезінде жарияланған мақалаларда ресми-публицистикалық стильде жазылған ақпараттық хабарламалар мен жаңалықтарда ұзақ әрі күрделі сөйлемдер мен ауыр түсіндірмелердің жиі кездесетіні жасырын емес. Осы тұрғыда біз публицистикалық мәтіннің екі негізгі функциясын атап өттік. Бұл екі негізгі функция публицистикалық стильдің мәтін құрылымындағы басты күрделілігі болып саналады. Олар: Эмоцияға негізделген экспрессивті тіл; Сабырлықты білдіретін стандартты тіл. Осылайша, мақалалардағы публицистикалық стильдің стилистикалық қағидаттары айқындалып, публицистикалық мәтіннің өзіндік лингвостилистикалық ерекшеліктерін анықтауға болады. Публицистикалық стильдің ерекшелігі оның ақпараттық қызметінен, атап айтқанда, құжаттылық, ресми хабарлау, объективтілік, дәлелділік және сабырлық сияқты функцияларынан анық көрінеді. Мысалы, пандемия кезінде жаңалықтар мен олардың берілу тәсілдері ерекше маңызды рөл атқарды. Бұқаралық ақпарат құралдары күнделікті оқиғалар туралы жаңалықтарды жариялап, «бүгін», «кеше», «ертең» деген сөздерді пайдалана отырып, оқиғаларды сипаттауға арналған нақты сөз тіркестерін саралады. Мысалы, пандемияға қатысты жаңалық оншақты жай сөйлемнен тұруы мүмкін. Мұндай хабарламаларда оқиғаның қашан, қалай, қайда болғаны нақты көрсетіліп, сұрақтарға жауап ретінде мезгіл, мекен және қимыл сипатын білдіретін мезгіл, мекен және қимыл-сын үстеулері қолданылады. Мысалы, «кеше», «бүгін», «ертең», «осында», «анда», «осы жерде», «қазір», «дәл осы уақытта», «жақында» сияқты сөздер қолданылады. Пандемия жылдары жарияланған мақалалардың басым бөлігі хабар таратуға тікелей байланысты болды. Мұндай хабарламалар оқиға нақты болған жерлерді айқын көрсетіп отырды. Мысалы, егер оқиға Алматы, Астана немесе Қарағанды

қалаларында болса, ол қаланың атауы тек бір рет аталып, одан кейін жүргізуші оны бірнеше рет қайталамай, «біздің сүйікті қаламызда», «осы қалада», «біздің қалада» деген сияқты стильдік баламаларды қолдану арқылы алмастырып отырды. Аталған мақалаларда берілген арнай хабарламаларда қолданылатын етістіктің барлық қимыл-әрекетіне қатысты шақтық, жақтық, райлық тұлғалары айқын көрініс тапқан. Кейбір жағдайларда хабарлар әр уақытта көптік формада айтылады, себебі автордың сырт жағында ұжымдық топ тұратындықтан, оның көпше түрінде берілуі стильдік заңдылыққа сәйкестену процесі қалыптасқанын байқатады. Хабардың айтылуы, көрсетілуі сан алуан тақырыпқа қатысты болып келеді, сондықтан онда экономикалық қарым-қатынасқа, мәдениет, оқу-ағарту саласына, заң тіліне, әскер өміріне қатысты сөздер жиі кездеседі. Ол публицистикалық стильдің қоғамдық-саяси терминдерін құрайды, оның семантикалық-стильдік өзгеріске ұшырауы қоғамдық көзқарасқа тікелей тәуелді. Сонымен, індет жайлаған тұста жарыққа шыққан публицистикалық шығармалардың басым көпшілігі эмоционалды-экспрессивті сөздермен, көркемдік бейнелілік амал-тәсілдер арқылы прагматикалық мақсатпен жүзеге асырылған. Аталған ерекшеліктерді ғылыми негізде сараласақ, онда шетелдік ғалымдардың тұжырымдамаларын негізге аламыз. Мәселен, ғалым И.А. Вещикова: «..публицистикалық стильде жазылған шығармалардың бірі автордың баяндауына тікелей қатысты» [4, 58],- деп көрсетсе, зерттеуші Я.Г. Солганик: «Негізінде, мақала жанрындағы публицистикалық стиль қызметтік қолданысы - тілдік құралдарды жалпылама пайдалануға негізделеді» [3, 47],- деп, атап көрсеткен. Демек, індетті жылдары қолданыста болған, жарыққа шыққан публицистикалық стильдің жанр ретінде қабылданатын стиль түрі – хабарлау болып танылған. Бұл тұрғысында ғалым М. Серғалиев: «Көп қолданысқа түсетін публицистикалық жанрлардың тағы бір түрі – репортаж болып танылады. Бұл - француз тілінен шыққан мерзімді баспасөзде жарияланатын радио мен телеарналар арқылы берілетін оқиға туралы хабарлау ретінде

ұғынылса, негізінен репортер – ағылшын сөзі екендігі ақиқат. Жалпы алғанда, БАҚ қызметкерлерінің елімізде болып жатқан әр оқиға мен құбылысты жедел жеткізу мәтіні репортаж болып беріледі, оған ресми баяндау, қысқа сұхбат, тарихи хронология жататындығын білеміз» [2, 58], - дейді.

Осы тұрғыда кеңінен тоқталсақ, онда публицистикалық ақпарат жанрларының бірі сұхбат - ағылшын сөзінен шыққан «беседа» деген мағынаны түсінеміз. Қандай да бір оқиға жағдайлар болғанда, немесе белгілі бір тың жаңалықтар орын алған кезеңде көпшілік алдында белсенді адамдардың жаңалық таратушымен арасындағы жүргізетін мәліметтік, дерек алу мақсатындағы мәтін түрі болып табылады. Аталған сұхбат түрлері негізінен белгілі мақсатқа құралған сұрақ пен жауап түрінде болып келеді. Нақты айтатын болсақ, онда аталған сұхбат түрлері берілетін сұраулар мен айтылатын жауаптар тұрғысында құралатын болады. Демек, диалогтік қатынас түрінде деп те айта аламыз. Аталған сұхбат барысында берілетін сұрау бағыттары негізіндегі сөйлемдер құрамында - сұраулы сөйлемдер, сұрақтың нақтылығы, сұрақтың маңыздылығы, сұрақ жаудыру сияқты сан түрлі сұраққа қатысты стильдік сұрақ процесі өрбиді де, сұхбат толықтай сұраулы сөйлемдерден де тұруы мүмкін. Аталған ерекшеліктер тұрғысында ғалым Рақыш Әмір: «Арнаулы сұхбаттар құрылымындағы кездесетін немесе қолданылатын сұраулы сөйлемдерді мағынасына қарай төрт топқа бөлеміз. Нақты айтсақ, онда сұхбат жанрында шешендік сұрауды сездіретін сұраулы сөйлемнің бұл түрі хабар ретінде айтылған пікірді білдіреді» [5,57], - дейді. Мысалы, «Індетпен күрес» сұхбат бағдарламасында сұхбат алушы осы риторикалық сұрақтың әр түрлі стильдік сұрақ тәсілін жиі қолданады. Сұхбаттың монолог, хабарлама, суреттеме, сұхбатнама және ұжымдық деген түрлерінің болуына байланысты, публицистикалық стильде сұрақтың прагматикалық салмағы ерекше байқалып отырады. Індетті жылдары теледидар арқылы берілген публицистикалық стильдің ең көп тараған түрі «сұхбат» болса, оның хабарлама сұхбат, проблемалық сұхбат, сұхбат-сұхбатнама деген түрлері кездескен.

Аталған сұхбаттың басты мақсаты белгілі сұрақ төңірегінде пікір алысу, сондықтан бір мәтінде сұрақтар түрі көп қойылатыны айқын. Бұл ашық жалпы сұрақты білдіретін сөйлемдер, ресми сұрақ түрлерін білдіретін сұраулы сөйлемдер (мұнда сұраулы сөйлемдердің ресмилігі басым болады)», - деп көрсетеді. Автор сұхбаттық әңгімеге қатысушы тұлғаны барлық қырынан көрсету үшін және өте толық тану үшін сан алуан сұрақтар қояды. Онда дерек алу, қоғамның әлеуметтік жағдайына сипаттама беру, жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайын көрсету, психологиялық жай-күйін таныту, яғни танымдық, тәрбиелік, адамгершілік қағидалар туралы мәселелер көтеріледі, стилистикалық фреймдердің нәтижесінде сұрақ пен жауаптың ерекшеліктері нақтыланып, публицистикалық стильдің ерекше прагмастилистикалық мәнерін танытады. Осы орайда, «Арнайы сұрау тәсілі» ауызекі сөйлеу тілінің «сұрақтарымен» ұқсас болып, автордың стильдік мәнері қалыптаспаған сәттері де байқалған. Мәселен, «*Не дедіңіз, солай дедіңіз, сосын не болды, өзіңіз де жаңағыны байқаған шығарсыз*» деген жанама сұраулар публицистикалық стильдегі мәтіннің оқиға барысының мәнеріне, мазмұнына, табиғилығына, көркемдігіне, ой жоғалтуына тікелей кері әсері болуы әбден мүмкін [6]. Нәтижесінде мәтін қолданысындағы публицистикалық стильдің әсемдігі жойылады, әсер ету сипаты ғана емес, хабар берудің шынайы табиғаты бәсең тартады, стилистикалық норма қалпы да зардап шегеді. Қолданысқа түскен публицистикалық стильде көптік жалғауының стилистикалық қызметі көп байқалады. Көптік ұғымның бірден-бір грамматикалық көрсеткіші көптік жалғау болғанмен, оның әр түрлі тәсілдер арқылы жасалуының өзі қызметінің сипатына қарай семантикалық, стилистикалық мағынасының сан алуан қызметін көрсетеді. «Індеттің жалпылама сұрқы», «Індеттің жалпы бет-алысы», «Індеттің жалпы жайлап алуы», т.б. (теледидар хабарларынан). Публицистикалық стильдегі жазбаша мәтіндерде көптік категориясы жиі ұшырасады: «Індетке бой алдырғандар», «Індетті жұқтырғандар», «Індет жайлаған елдер», «Індетке

ұшырағандар» (Егеменді Қазақстан газеті). Мұндай мақалалардың мағыналық негіздегі құрылымын егжей-тегжейлі қарастырсақ, онда мақалалар құрамындағы стильдік ерекшеліктер негізінде дискурс пен мәтін қоғамды ескерту және қорғауға бағытталған автордың ой-мақсатын көрсетеді. Бұл ерекшеліктер прагматикалық стилистика шеңберінде де толықтай қамтылған. Бұл аталған өзгешеліктер туралы зерттеуші Р. Сыздық: «Автордың ой белгісі – прагматиканың зерттеу нысаны. Автордың айқын немесе жасырын ниетін білдіру үшін стильдік тәсілдер таңдалады. Бұл стилистиканың зерттеу нысаны. Осы мәселелерді толық қарастыру прагмастилистиканың құзыретіне кіреді. Прагмастилистика автордың коммуникативтік ниетін, білімі мен прагматикалық мақсаттарын қолдана отырып, тілдік белгілерді таңдауын және өз шығармасының мазмұндық-ақпараттық және эстетикалық мағынасын ашуын зерттейді» [1, 64], – деп атап өтеді. Осылайша, пандемияға арналған мақалаларда автор мен оқырман арасындағы байланысты қамтамасыз ететін ескерту және қорғауға бағытталған прагматикалық ой үздіксіз өзара әрекеттестік орнатады. Мұндай мақалалардың тақырыптары пандемиямен күресуші адамдардың психологиялық жағдайын, олардың әлеуметтік-саяси ахуалын, алғышарттары мен айтылған пікірлердің шынайылығын көрсетеді. Бұл стилистика ғылымы қазіргі гуманитарлық білімнің «интенсивтілік», «динамикалық интеграция» және «дифференциялық процестер» сияқты түрлі аспектілерін бейімдейтінін дәлелдейді. Адамзатқа үрей тудырған індет туралы жарыққа шыққан мақалалар мәтіндері негізінде семантикалық мағына түзілуі публицистикалық стильдің мазмұны мен құрылымын қалыптастыру ерекшеліктерімен тікелей байланысты екені айқын. Мұндай мақалалардың лексикалық қабаты қоғамдағы өзгерістерді, мәдениет трансформациясын, медицинаның дамуын, әлеуметтік топтардың көзқарастарындағы өзгерістерді, саяси тұрақсыздықты, экономикалық жағдайды және халықтың тұрмыс деңгейін көрсетеді.

Бұл факторлар мәтіндердің стильдік ерекшеліктеріне айтарлықтай әсер етеді. Зерттеуші ғалым Р. Сыздық: «Мысалы, Қазан төңкерісі кезінде публицистикалық стильде жазылған шығармалар биік пафосқа, шабыттандыратын сөздерге толы болып, жағымды стильдік әсер тудырған» [1, 52], – деп атап өтеді. Індеттік алапат туындаған қиыншылық (Пандемия) кезеңінде публицистикалық стильде қорғаныс пен ескертуге байланысты сөздік қордың басым болуы, сондай-ақ мағыналық тұрғыда қарама-қайшы сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы ерекшелікке айналды. Бұл пандемияға қарсы күреске бағытталған ұлттық идеологияның тікелей және ауыспалы мағыналарды қамтыған лексико-семантикалық ерекшеліктерінің негізіне айналғанымен түсіндіріледі. Зерттеуші Г.В. Солганик: «Публицистикалық стильдің ерекшелігі – автордың тілдік және ойлау тәсілдерінің бірлігінде» [2, 77], – деп жазады. Ал ғалым Мырзатай Серғалиев: «Публицистикалық мәтін авторы көркем шығарма авторынан айырмашылығы, тек «журналистика шебері» ғана емес, «тұлға» болып табылады» [3, 15], – деп атап көрсетеді.

Қорытынды. Пандемия кезінде публицистика саласына да жаңа міндет жүктелді. Ендігі кезекте медиа әлемді алаңдатқан мәселелерге сараптамалық түсінік беріп, аудиторияны пандемия жағдайында өмір сүруге үйретуді өз миссиясының қатарына қосты. Пандемия туралы сенімді, нақты әрі қолжетімді ақпарат тарату вирус жұқтыру қаупін азайту, халықты әбігерге салатын дезинформациядан қорғау үшін маңызды. Қоғам үкіметтің пандемиямен күресу үшін не істеп жатқанынан хабардар болса, сенімі нығайып, институттармен өзара диалог орнатты.

Қорыта айтқанда, пандемия кезеңіндегі публицистикалық мәтіндер ақпаратты жеткізу мен қоғамдық пікірді қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қызмет етті. Осы мақалалар публицистикалық стильдің ұлттық әдеби тілдің дамуындағы маңызды элемент ретіндегі бейімделгіштігін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Лингвистикалық стилистиканың түрлері мен бағыттары // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 1999. – №31.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет стилі. – Алматы: Мектеп, 1995.
3. Солганик Г.Я. Стиль репортажа. – М.: Изд. Московского университета, 1970.
4. Вещикова И.А. Публицистический стиль как единица в системе функциональных разновидностей языка// Вестник МГУ. Серия: Филология. — 1992. – № IX.
5. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1977.
6. Қанабекова М. Публицистикалық стильдің функционалдық сипаты. http://www.rusnauka.com/46_PWMN_2015/Philologia/7_204887.doc.htm
7. Язык современной публицистики. Сборник статей /ред. Солганик Г.Я. –М, 2008.- 228 с.

References:

1. Syzdyk R. Lingvistikalық stilistikanyң tırleri men baғыttary // QazMU habarshysy. Filologija serijasy. – 1999. – №31.
2. Serǵaliev M. Kǒrkeм әdebiет stili. – Almaty: Mektep, 1995.
3. Solganik G.Ja. Stil' reportazha. – M.: Izd. Moskovskogo universiteta, 1970.
4. Veshhikova I.A. Publicisticheskij stil' kak edinica v sisteme funkcional'nyh raznovidnostej jazyka// Vestnik MGU. Serija: Filologija. — 1992. – № IX.
5. Әmirov R. Auyzeki sǒjleu tiliniң ereкshelikteri. – Almaty: Mektep, 1977.
6. Qanabekova M. Publicistikalyқ stil'diң funkcionaldyқ sipaty. http://www.rusnauka.com/46_PWMN_2015/Philologia/7_204887.doc.htm
7. Jazyk sovremennoj publicistiki.Sbornik statej /red. Solganik G.Ja. –M, 2008.- 228 s.

Автор туралы мәлімет:

Донбаева Айнұр Бекетқызы

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Тұран-Астана университеті
Пошталық мекенжайы Z11D6H1 (010000), Қазақстан Республикасы, Астана
Ұялы.тел: 87054899969
email: tomik252007@gmail.com

Сведения об авторе:

Донбаева Айнур Бекетовна

Должность: Кандидат филологических наук, доцент, университет Туран-Астана
Почтовый адрес: Z11D6H1 (010000), Республика Казахстан, Астана
Сот.тел: 87054899969
e-mail: tomik252007@gmail.com

Information about the author:

Donbaeva Ainur Beketovna

Position: Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Turan-Astana University
Mailing address: Z11D6H1 (010000), Republic of Kazakhstan, Astana
Mob.phone: 87054899969
e-mail: tomik252007@gmail.com

Доскеева Ш.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ АРҚАУЫ

Андатпа. Көркем әдебиетте эпитеттің маңызы жоғары. Өмір құбылысын суреттеуде әдеби шығарманың тірегі ретінде эпитеттер саналады. Зерттеуші Қ. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» еңбегінде эпитетті адамның, табиғат құбылыстарының немесе заттың бөлек, ерекше қасиеттерін анықтау көрсету үшін, ой-қиялға әсер ету мақсатында қолданылатын көркемдік құрал екенін айтады. Сонымен бірге, қаламгердің эпитетті жайдан жай қолдана салмайтынын, белгілі бір мақсатты көздейтінін, солай қолданылған эпитеттер суреттелінген нәрсеге деген қатынасын көрсетеді. Сонымен бірге шығармада эпитеттердің мағынасына қарай өзгеретініне де баса назар аударуымыз керек. Эпитет жайында алғаш болып пікір білдірген А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұмалиев, З. Ахметов, З. Қабдолов, Р. Сыздық, Қ. Өмірәлиев, Г. Мұханбетқалиева сынды зерттеушілер көркем туындыдағы эпитеттің авторлық қолданысы арқылы шығарманың негізіне айналатынын анықтады. Солай, эпитеттер тілімізде тұрақты және еркін деп ажыратылады. Яки поэтикалық және тілдік болып та анықталады. Тілдік, яки тұрақты эпитет тілдегі қалыптастырылған тіркестер анықталса, еркін, поэтикалық эпитет автордың жеке қалыптастырған тіркестері анықталады. Сонымен бірге, эпитеттер субстантивті және адъективті болып жасалуына қарай ажыратылады. Субстантивті эпитеттер зат есім сөздерден жасалса, адъективті эпитеттер қатыстық, сапалық сын есімдерден жасалады. Әдебиеттің негізгі құралы ретінде эпитеттердің сөз қолданысын қалыптастыруда, кейіпкерлер әлемін танытуда рөлі жоғары. Осы негізден қазақ тілінде қалыптасқан эпитеттерден бөлек, Р. Отарбай шығармашылығындағы эпитеттер қызметі саралана келіп, авторлық қолданыс аясында қолданылып, жағымды және жағымсыз образ, портрет, деталь жасалуында негізгі қызмет атқарғаны анықталды.

Түйін сөздер. Эпитет, авторлық қолданыс, көркем шығарма, тұрақты эпитет, поэтикалық эпитет, поэтика.

Доскеева Ш.А.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Поэтическая основа художественного произведения

Аннотация. Эпитет имеет большое значение в художественной литературе. Эпитеты считаются опорой литературного произведения при описании феномена жизни. Исследователь К. Жумалиев в работе «Теория литературы» отмечает, что эпитет-это художественный инструмент, используемый для выявления отдельных, специфических свойств человека, природных явлений или предмета, для воздействия на мысль и воображение. В то же время писатель показывает, что он не просто использует эпитет, он преследует определенную цель, а используемые таким образом эпитеты отражают его отношение к тому, что изображено. Вместе с тем, мы должны подчеркнуть, что эпитеты в произведении меняются в зависимости от их значения. Исследователи А. Байтұрсынұлы, К. Жумалиев, З. Ахметов, З. Кабдолов, Р. Сыздық, К. Умирәлиев, Г. Мұханбетқалиева, которые первыми высказались по поводу эпитета, определили, что эпитет в художественном произведении становится основой произведения через авторское использование. Так, эпитеты в нашем языке различают устойчивые и свободные. Яки также определяется как поэтический и языковой. В то время как языковой, или обычный эпитет определяется как сформированные фразы в языке, свободный, поэтический эпитет определяется как индивидуально сформированные фразы автора. При этом эпитеты различают по тому, как они делаются на субстантивные и адъективные. В то время как субстантивные эпитеты состоят из существительных слов, адъективные эпитеты состоят из относительных, качественных прилагательных. Высокая роль эпитетов как основного средства литературы в формировании словоупотребления, в представлении мира героев. Исходя из этого, помимо эпитетов, сложившихся в казахском языке, была дифференцирована функция эпитетов в творчестве Р. Отарбая, которые использовались в рамках авторского использования и выполняли основную функцию в создании положительного и отрицательного образа, портрета, детали.

Ключевые слова. Эпитет, авторское использование, художественное произведение, постоянный эпитет, поэтический эпитет, поэтика.

Doskeeva Sh.A.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

The poetic basis of a work of art

Abstract. The epithet is of great importance in fiction. Epithets are considered the mainstay of a literary work when describing the phenomenon of life. Researcher K. Zhumaliev in his work "Theory of Literature" notes that an epithet is an artistic tool used to identify individual, specific properties of a person, natural phenomena or an object, to influence thought and imagination. At the same time, the writer shows that he does not just use an epithet, he pursues a specific goal, and the epithets used in this way reflect his attitude to what is depicted. At the same time, we must emphasize that the epithets in the work vary depending on their meaning. Researchers A. Baitursynuly, K. Zhumaliev, Z. Akhmetov, Z. Kabdolov, R. Syzdyk, K. Morialiev, G. Mukhanbetkalieva, who were the first to speak about the epithet, determined that the epithet in a work of fiction becomes the basis of the work through the author's use. So, epithets in our language distinguish between stable and free. Yaki is also defined as poetic and linguistic. While a linguistic, or ordinary epithet is defined as formed phrases in a language, a free, poetic epithet is defined as individually formed phrases of the author. At the same time, epithets are distinguished by the way they are divided into substantive and adjectival. While substantive epithets consist of noun words, adjectival epithets consist of relative, qualitative adjectives. The high role of epithets as the main means of literature in the formation of word usage, in the representation of the world of heroes. Based on this, in addition to the epithets that have developed in the Kazakh language, the function of epithets in the works of R. was differentiated. Otarbaya, which were used as part of the author's use and performed the main function in creating a positive and negative image, portrait, details.

Keywords. Epithet, author's use, artwork, permanent epithet, poetic epithet, poetics.

Кіріспе. Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құралы-көркем тіл. Көркемдік құралдар жазушылардың шығармаларының кескіндемесі мен көркемдігінің негізінде қолданылуы маңызды. Әрбір автордың шығармашылығында эпитет тілдің айрықша ерекшеліктері арасында ерекше мәнге ие. Қ. Жұмалиев өз зерттеуінде эпитеттің шығу тарихын ерте дәуірде пайда болып, оған халық ауыз әдебиеті туындылары дәлел екенін айтады. Сонымен қатар, зерттеуші пікірі бойынша, шығарма ішінде бұрын кездеспейтін немесе анда-санда кездесіп қалатын сөздердің жылдам көзге түсетінін, сондай-ақ қоғамда болып жатқан инновациялар тың образ жасауға ықпал ететінін айтып кетеді. Әйтсе де, бұрындары мүлде қолданбаған сөз тіркестерін жасау оңай емес. Соған орай зерттеуші Абайдың шығармашылығынан мысал келтіреді. «Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды» тіркесінде эпитет анықтайтын сөзден соң қойылған. Сондай-ақ, автор эпитеттің тұрақты және тавтологиялық түрін ажыратады. Жалпы фольклорда «ақ» сөзі тавтология ретінде қолданылады. Мұның себебі қазірдің өзінде қалыптасқан балалардың ойлауы екені анықталды. Мәдениет дамыған сайын

адамның санасы да өсіп, әртүрлі өмірлік құбылыстарға ене бастайды. Өмір құбылыстарының алуан түрлілігі, бір емес, сансыз ерекшеліктерін табу қабілеті шынайы көркем әдебиеттің қалыптасуы ретінде анықталады [1, 97]. Сонда біз эпитеттердің өмір құбылыстарын бейнелеуде ерекше маңызы бар екенін көреміз.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақалада саралау, жинақтау, баяндау, талдау әдістері кешенді түрде қолданылып, қазақ әдебиетіндегі эпитеттің негізгі қызметі теориялық тұрғыдан қарастырыла отырып, Р. Отарбай шығармашылығы арқылы дәйектелді.

Негізгі бөлім. А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде эпитет бір нәрсенің белгілеу, бейнелеу және көрнекі түрде білдіру үшін пайдаланылатынын, бұл құбылыстың атауы, мысалы, «Қара Мұқан», «Болыс Мұқан», эпитеті қай Мұқан екенін нақты ажырату үшін қолданылатын айқындау түрі ретінде анықтайды [2, 24]. Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясында» эпитет - өмір құбылысын бейнелеп көрсететін бейнелі сөз деп таниды. Көркем сөздің арасында табиғат құбылыстырының, адамның, заттың айрықша сипатын көрсетуге, оқырманның алдында

бейнелеуге, қиялына ықпал жасауға байланысты эпитеттер ерекшеленеді. Ғалым Қ. Жұмағалиев қаламгерлер эпитетті тек қолданып қана қоймай, эпитет бейнелеген құбылысқа көзқарасын байқататынын айтып өтеді. Бұндай мәселеде эпитет екі түрге жіктеледі. Тұрақты эпитет қызыл жалауша, қара торы тәрізді оған бекітілген және тұрақталған эпитеттер сияқты тіркестерді анықтайды. Мысалы, көрсеткіш алдында «сұр», «қызыл сырлы» тәрізді тіркестер жиі кездеседі. Осыдан тұрақты эпитеттің көптеген халық ауыз әдебиеті шығармаларында үнемі қолданылатынын көреміз. Сондай-ақ, зерттеушінің анықтамасынан сын есімнің эпитет тіркесінде міндетті түрде қолданылатынын байқаймыз. Әйткенмен, қызыл, ақ, жоғары, төмен тәрізді сөз тіркестері кездесетін сөздер бір уақыттарда эпитет деп анықталған, ал қазіргі кезде эпитет ретінде танылмаған. Осындай себеппен, ғалымның пікірі бойынша, эпитет ретінде анықталады, егер ол сипатталған құбылыстың әсерін күшейту мақсатында осы құбылыстың бейнесін шынайы бейнелеу үшін қолданылса. Эпитеттің келесі түрі - күрделі эпитет. Өмірдегі құбылыстарға сипаттама беруде көбіне күрделі эпитет қолданылады. Абайдың мына өлеңінде:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда

жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағақ», - деген өлең шумағында эпитеттің ұлғайтылған түрлері қолданыс тапқан.

Егер эпитет метафораны ерекше көрсететін болған жағдайда, метафоралық эпитет деген түрі қолданылады. Мәселен, «Иісің – гүл аңқыған, Нұрың – күн шалқыған» деген жолдардағы аңқыған, шалқыған өткен шақ есімшелерді қолдану нәтижесінде ерекшеленетінін байқаймыз [3, 73]. Сонымен бірге, эпитетке тән бейнелеу, көркемдік қасиеттер сипаттамалық сөз бен сипатталған сөздің бірлігі негізінде қалыптасады делінеді. 3. Ахметовтің пікірі бойынша, эпитет сипаттама сөздер ретінде анықталады. 3. Ахметов халықтық поэзияда тұрақты эпитеттің жиі қолданылуын фольклорлық поэманың әндерде тұрақтанып, поэзияның үлгісіне айналуының себебі ретінде анықтайды. Сондай-ақ, 3. Ахметов эпитет

арқылы кейіпкерлер сезімдері мен күйлері алмасып, өзгеретіні анық екенін атап өтті [3, 311]. Мысалы, ол зарлық күй, тәтті күй, жалынды күй, нәзік күй, жосыған күй, жұбататын күй, күйдіретін күй, сарылған күй, ұшқыр күй сияқты қолданбаларды береді. Мысалы, Ж. Аймауытов шығармашылығында көріктеу құралдары ішіндегі ең көп қолданылатыны - эпитет. Қаламгер образдар, портреттер мен бөлшектер жасауда, оның ішкі сезімдерін сипаттауда эпитетті ұтымды пайдаланды. Жазушы шығармашылығын талдай келе, эпитеттің төрт түрлі мақсатта қолданылатынын айтуға болады. Кейіпкер бейнесі мен портретін жасауда, теріс бейнелерді бейнелеуде, өмір мен табиғат құбылыстарын суреттеуде, ауыл өмірін сипаттауда қолданылды [4, 82]. Эпитеттің шығармада көркемдік құрал ретінде маңыздылығы осылай көрінеді. Қаламгер Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» шығармасында кейіпкерлердің мінез-құлқын ашу, жан дүниесіндегі өзгерістерді суреттеудегі эпитеттің қызметі бейнеленген. «Сол жыртық алашаға қырық бір құмалақты құр шашып жіберді» сөйлемінде қимыл, іс-әрекетке байланысты эпитет пайдаланылып, кейіпкердің іс-әрекетімен бірге мінез-құлқы да суреттелгенін көрсетеді [5, 47]. Осыдан кейіпкердің әлемін жасауда эпитеттің маңызды құрал екендігі байқалады.

Р. Сыздықова «Абайдың сөз өрнегі» кітабында эпитет, теңеу, метафора тәрізді көріктеу құралдарының негізінде көркем шығармада айтылатын ойдың берілетіндігін мәлімдейді. Бұл дегеніміз поэтикалық образ деп қорытындылайды. Поэтикалық образ сөз өрнегі негізінде жасалады. Кейде оның экспрессивті бояуы болуы, немесе ешқандай реңкі болмауы да мүмкін. Образ сөзбен берілуі нәтижесінде идея образы мен сөз-образы қалыптасады. Идея - образы ретінде «Өкінішті кеп өмір кеткен өтіп» деп аталатын өлеңінде көрінеді, көңіл жүгі, көңілдің кешуі, өкпе сызы сияқты тіркестер бойынша танылады. Сөз-образы Абайдың «Сенде бір кірпіш дүниеге» атты өлеңінде көрінеді. Бұндағы кірпіш сөзі тура мағынасында тас емес, жас адамның бейнесі ретінде алынған. Кетік деп үйдің

бөлігі деп емес, қоғамда атқаратын рөлі деп анықталады. Осылай, зерттеуші сөздің қалай да бір бейне жасауын поэтикалық тіл арқылы байланыстырады. Солайша, бейне тудыруда эпитеттің маңыздылығы көрсетеді. Сондай-ақ, былайша анықтайды, яки эпитеттің қандай да бір құбылыс сынын, қасиетін, белгісін ерекшелейтінін, екі-үш сөздер арқылы тіркесетінін жеткізеді. Абайдың «толғауы тоқсан қызыл тіл» тіркесіндегі қызыл тіл – тұрақты эпитет деп, толғауы тоқсан – экспрессиясын күшейте түскенін айтады. Сондай-ақ, зерттеуші Абайдың жүрек сөзін түрлі эпитетпен тіркесіп қолданғанын көрсетеді. Солай, Абай шығармашылығында эпитеттің молынан кездесетінін атап өтеді. Зерттеуші эпитетті тұрақты, тавтологиялық, метафоралық, синкреттік деп жіктейді. Алғашқы екі түрі бізге Қ. Жұмалиев зерттеулерінен белгілі. Метафоралық эпитетке келесі мысалды келтіреді: «Кірлемеген көңілдің ашығында» тіркесінде кірлемеген сөзін көңілмен байланыстырмауы тиіс еді, кірлемейтін нақты зат болуы керек еді. Дегенмен, өзара қабыспайтын екі сөзді тіркестіру арқылы жан-жағына үмітпен қарайтын, жамандық атаулыны көрмеген адамның бейнесін келтірген. Сонда тіркесу қасиеті мен мағыналық өрісі түрліше сөздердің тіркесіп, біреуінің мағынасы өзгеріп, яки метафораланып, енді бірі сөздің мағынасын өзгертіп, метафоралайды. Синкреттік эпитеттер автордың өзіндік қолданысынан туындайды. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл деген сөздер синкретті эпитет ретінде танылады. Сонымен қатар, ақын шығармашылығындағы ескі үміт, жапырағы қураған тәрізді тіркестердің жасалуында тың образды күшейту негізделген. Осы негізден эпитеттердің ішіндегі синкретті түр ретінде айқындалады [6, 30]. Солай, ақын шығармашылығындағы эпитет ақындық қуатты, айтқысы келген идеялардың көрінісі ретінде танылады. Сондай-ақ, қазақ тілінде тұрақты эпитет табиғатын зерттеген Г. Өксікханқызы эпитеттің ең негізгі қызметі бір құбылысты анықтап

қана қоймай, оның әсері мен бейнелілігінің маңыздылығын, олай болмаған жағдайда құбылыстың сипаты мен сынын білдіретін сын есімді сөз тобы болатынын түсіндіреді. Сонымен қатар, эпитетті: еркін поэтикалық және тұрақты тілдік деп ажыратады. Екі категорияның бір-бірінен айырмашылығы болмаса да, қандай да құбылысты экспрессивті жағынан әсерлі, эмоциялық жағынан тиімді етіп бейнелеу екенін көреміз. Тұрақты эпитет екі мүшелі, үш мүшелі, көп мүшелі эпитет деп ажыратылады. Мәселен, үш мүшелі эпитет қатарына: тоғыз көзді кіреуке деген сан есім+сын есім+зат есім тіркесінде келсе, жер қайысқан қол зат есім+етістік+зат есім тіркесінде қолданылады [7, 15], - деп тұрақты эпитет табиғатына түсінік береді.

Осы тұрғыда қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Р. Отарбаев шығармашылығындағы эпитеттің негізгі рөлін анықтаймыз.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау.

Рақымжан Отарбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, тәуелсіздік әдебиетінде тарихи тұлғалардың бейнесін қайта жаңғыртып, ұлттық құндылықтарды насихаттаушы. Тәуелсіздік жылдары прозаның шағын түрі әңгіме жанрында өнімді еңбек етіп, өркендеуіне үлес қосып, өмірлік проблемалар мен тапқыр да, ұтымды детальдар арқылы шығармалары өрнектелген. Дегенмен, Р. Отарбаевтың шығармашылығындағы салмағы мол туындысы ретінде «Махамбет пен Пушкин» танылады. Қазақ тарихында дауылпаз ақын атанған, қазақ өлеңінің алдаспаны Махамбеттің образын жасап, жорықтағы ақын бейнесінен байсалды кейіпке ауысқан. Пушкиннің қазақ жеріне Е. Пугачев көтерілісі жайында деректер жинауға келгені айтылады. Солай, Пушкиннің Махамбеттің жақын серіктерінің бірі Жанкісіден «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жазып алады. Шығармада Пушкиннің Махамбеттен есте қалған шайқасын сұрауы да, Махамбеттің жауап таба алмай қиналуы да терең психологизмнің бір көрінісі ретінде суреттеледі. Бұл шығарманың негізі дәлме-дәл тарихи деректер негізінде жүзеге асқан

деп айта алмаймыз. Оның басты айғағы Пушкин мен Махамбеттің кездескені жайында тарихи деректер кездейді. Дегенмен, көркем шығармада суреткер қиялы өмірлік деректермен бірлікте қарастырылады. 3. Қабдолов қаламгер үшін адам тағдыры туындының негізгі арқауы емес, өмірді танудың ерекше әдісі екенін айтады [8, 78], - дегендей, қаламгер қазақ жерінде орын алған оқиғаларды Махамбеттің болмысымен суреттеп шығады. «Қаламгер Р. Отарбаев өзі сомдаған тарихи тұлғалар бейнесін, олардың қилы тағдыры мен адамдық, азаматтық тұрғыдағы принципті көзқарастарын биік көркемдік деңгейде жеткізеді» [9, 367], - деп бағаланады. Махамбеттің қилы тағдыры суреттелген шығармаға назар аударсақ. Туындының басында ерке Жайық, көзақы алса тұрарлық тұсы, шоқ-шоқ тоғай, ақ балтырлы қайың, сынық сүйем шабақ, әлди сезім сынды эпитеттер кездеседі. Авторлық қолданыстағы эпитеттер мағынасы ауысып та қолданылған. Мәселен, ақ балтырлы қайың қазақ әдебиетінде бұрын-соңды қолданыста болмады. Сондай-ақ, әлди сезімнің түпкі мағынасы қандай да бір алдамшы сезім дегенді білдіреді. Бұл қолданыста кездеспейді. Автордың бұлайша поэтикалық эпитеттерді қолдануы шығарманың бойына жан бітіріп, өзі суреттегісі келетін жайтты аңғартады. Осылай, жазушы Пушкиннің жайын аңғартады. Даль мен Пушкиннің диалогында «айнымас тілек» эпитеті қолданылған. Автор бұл арқылы Пушкиннің «дала бунтары» атанған Махамбетпен қалайда кездесуге ниет қылғанын аңғартады. Ойсыз суық жанар эпитеті ұзын сары жігіттің қаттылығын аңғартады. Автор «бақталас пиғыл» деп тіркесуі сирек сөздерді қабыстырып, осы арқылы адам санасындағы күреске түсетін ойларды аңғартса керек. Қазақ даласын кең байтақ, кең дала деп атаса, автор боз дала деп қолданады. Боз сөзінің түрлі мағынасы бар. Негізгісі ақшыл, қылаң түс деген мағынасын береді [10, 98]. Ал екінші мағынасы бетеге, жусанның бір түрі деп

анықталады [11, 378]. Осы арқылы қаламгер қазақ жеріндегі алауыздықтарды, ала-құлалықты меңзеп тұр. Жазушы және «ұлпа шаң» эпитетін қолданылған. Бұрын-соңды қазақ әдебиетінде бұндай қолданыс кездеспейді. Сондай-ақ, жазушы адамды суреттеуде қалыптасқан эпитеттерді емес, авторлық эпитеттерді қолданады. Мәселен, «орта бойлы, төртпак, жез мұрт» деп суреттеледі. Бұл орыстың қол шокпарының суреттемесі, ендігі бір жерде былай қолданыс тапқан: «Жез мұрт жанындағының сөзін іліп әкетіп, қақпақыл қылды» [12, 173], - деп жез мұрт эпитеті арқылы орыс өкіметінен келген адамның болмысын береді. Одан бөлек, «қол үздігіміз» эпитеті қолданылып, Махамбет пен жолдастарының соншалықты қырғыннан тапқан қазынамыз осы ғана ма деген ой жатыр. Махамбеттің мінезі мына эпитет арқылы анықталады: «серт үстінде отқа түсетін ер мінезді» деп болмыс-бітімі, қасиеті, мінезі суреттеледі. Сонымен қатар, шығармада Исатай мен Махамбеттің көтерілісінің не себептен басталғанын да аңғартады. Бұның себебі Жәңгір ханның қайын атасына Мыңтөбе жайлауын сыйға бергенімен қоймай, Исатайды да, Махамбетті де «елін без етіп, тілін кезетіп» деген эпитеттері арқылы елі-жерінен бездіріп жібергенін ұқтырады жазушы. Сонымен бірге, мұжықты «қалың қасты, қаба сақал кәрі мұжық» деп суреттеуде эпитеттерде тиімді қолданылған. Жазушының кейіпкерінің сырт келбетін суреттейтін эпитеттері адамды, не болмаса құбылысты дәл сол қалпында алдына алып келеді. Бұл да жазушының шеберлігі болса керек. Автор «тәтті сыңғыр» эпитетін тиімді пайдаланып, алыстан келе жатқан хабардың асыға күткендігін, аңсап жеткендігін аңғартады. «Әкиет ниет» эпитеті бұрын-соңды кездеспеген, қаламгердің авторлық эпитеті. Әкиет ниет деп ақ ниет, таза ниетті аңғартады. Бұл эпитетті қолдану арқылы қаламгер Пушкиннің ниетінің қандай екендігін аңғарту үшін қолданылған. Автор «сусыған жібек перде» эпитет ретінде Махамбет пен Пушкиннің бірден тілдесіп, әңгіме айта алмауы себебін осылай

түсіндіреді: «Араларында сусыған жібек перде тұрғандай, бір-бірінің қалт еткенін көзбен оқып, көңілмен тоқысты» [12, 177], - деп Махамбет пен Пушкиннің арақатынасы беріледі. Махамбеттің болмысы мына эпитеттер арқылы көрінеді: «кең иық», «білеуленген шықшыт», «қара мұрт», «сынық сүйем сақал», «өзгеше бет», «бітім-тұрпатты» деген суреттеулерде жазушы қалыптасқан тіркестердің орнына өзіндік қолданыстарды, авторлық эпитеттерді қолданған. Солай, шығарманың көркемдігі, шынайылығы арта түскен. Ендігі кезекте, Пушкиннің болмыс-бітімінде мынадай эпитеттер қолданысқа түскен: «бұйра шаш», «сүйір мұрын», «бәкене бой», «салалы саусақтар». Осындай эпитеттер арқылы қаламгер Пушкиннің жазудың адамы аңдатады. Ендігі кезекте, Пушкин тобы Жанкісінің алты ай тоқтамай жырлайтынын естіп таң қалса, ендігі кезекте домбыраның жасалуына да таң қалысты. «Жұмсақ әуезді» домбыра қайыңнан жасалған кезде анықталады, ал «шешен үнді» эпитеті домбыраның қарағайдан жасалғанын аңғартады.

Автор «жез ілгекті су инспекторы» деген эпитетті жез сөзін қолданған. Жез сөзі үш түрлі мағынаны береді. Бірінші мағынасы сары түсті жұмсақтау металл мағынасын берсек, екінші мағынасы қандай да бір заттың жезден жасалғанын аңғартады. Үшінші мағынасында құнсыз, арзан мағынасында келеді [13, 118]. Солай, жазушының шеберлігі сөздерді орын-орнымен қолданып қана қоймай, кейде сөзді кейіпкердің мінез-құлқын ашуда тиімді қолданған. Жазушы кейіпкердің ішкі сезімін, мінезін беруде асқан шеберлік танытады. Мәселен, «жағымсыз қабақ» эпитеті инспектор мен Дальдың диалогында тиімді қолданыс тапқан. «Үйірімен үркітіп жіберсем сұрауы жоқ бұратана қазақ кім, мен кім деген астам көңілмен отырған инспектор Дальдың жағымсыз қабақ шытынғанын көргесін астынан біреу жұдырақтап жатқандай, қипаң етіп атып тұрды да, жөніне кетті» [12, 180], - деп терең психологиялық сезіну көрінеді. «Жағымсыз қабақ» эпитеті қазақ

әдебиетінде мүлде кездеспеген қолданыс. соған қарамастан, Дальдың сезімі мен инспектордың ұғынғанын аңғартады. Сондай-ақ, жазушы Пушкин мен Махамбет арасындағы рухани жақындықты мынадай эпитеттер арқылы көрсеткен: «қуатты жарқыл», «беймәлім әсер», «ішкі тілек, ұмсыныс» сынды тіркестер қолданылған. Осы эпитеттер арқылы автор Махамбеттің, Пушкиннің екеуіне де тән қасиеттері барын, қаламгердің өзі айтпақшы әкиет ниеті барын көреміз. Сонымен қатар, «селдір-секем жұрт», «иықтыс басшы», «балапан тобыр қосшысы» сынды тіркестерді қолданылып, хан мен батырлардың арасындағы тартыстың сыры, қуғын-сүргіннің мәнісі қақтығыстан да терең екенін аңғартады. «Қоянжүрек қорқақтар» эпитеті бұрыннан қалыптасқан эпитеттер аясында қолданылып, көтерілістегі батырдың қорқақтық танытқанын көрсетеді. Сонымен бірге, шығармада «торғайкөз сауыт» эпитеті қолданылған. Осы арқылы автор көтеріліс жайынан хабар беріп, көтерілістің тең дәрежеде өтпегенін аңғартады. Орыс армиясының қаруланған тобына Исатай мен Махамбет бастаған қайқы қылыш пен шоқпар ұстаған топқа қарсы кезікті. Әрине, күш тең емес. Дегенмен, қару-жарағы сайлы болса да, Исатай мен Махамбеттің жер жайын жақсы білгені пайдасын тигізіп, көп жерде жауды қапы қалдырды. Назар аударарлық эпитеттің бірі – «бөз көйлек». Бөз сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы мақтадан тоқылатын жұқа, арзан қолды ақ мата дегенді білдірсе, екінші мағынасында кебін мағынасын береді. Толық сөйлемге назар аударатын болсақ: «Әркімнің бөз көйлегі денесіне жақын деген, күнара ақ патшаның көзін көріп, алақан қысысып жүрген ұлық ақын мұны естісе, бәрекелді дей қоймас» [12, 181], - дегенде эпитеттің мәні ашылады. Сонда, «бөз көйлек» эпитеті арқылы автор көтеріліске шыққан батырлардың бәріне ажал жақын екенін, соған қарамастан осы іске жұмылғанын аңғартады. Қаламгердің шеберлігі де эпитетке көп мағына сыйдырғанын десек те болады.

Көтеріліс жайын «қайралған қылыш», «морт сынған найза», «азалы үн» эпитеттері қолданылып, шайқастың мән-жайын анықтап суреттейді. Аталған эпитеттер оқырманның алдына қару-жарағы тең емес екі топтың жан алысып, жан беріскенін көз алдына елестеді, сезіндіреді. Шығармада Үбі батырдың бәйбішесі Ақсұрсыр бесіктегі баласын қол бастаған поручиктің алдында апарғанын, бұның мәні ауылда еркек кіндік қалмағанын, қалғаны қатын, бала-шаға, бәрі де – мына сәби сынды дәрменсіз екенін аңғартатын ескі салт екен. Келесі кезекте, Жанкісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын орындап, Пушкинді таң қалдырады. «Өрмек жүз» эпитеті қолданылып, Жанкісі ақынның жырдың бір бөлімін аяқтағанын аңғартады. Пушкин жырды тыңдап болған соң, жырдағы оқиғаны «Ромео - Джульетта» шығармасына ұқсатып, феодалдардың кемшілікті тұстарын тізбелейді. Осы тұста қаламгер «рухани кемтарлық» эпитетін қолданған. Әдетте рухани сөзімен жаңғыру, даму сынды позитивті сөздер тіркесетін, сонымен бірге кемтарлық сөзі адамның физикалық ауруына байланысты қолданса керек. Дегенмен, автор бірімен-бірі қабыспайтын екі сөзден «рухани кемтарлық» эпитетін жасап шығарған. Осы арқылы XIX ғасырдағы қазақ байларының жайын аңғартады. Пушкин өзіне қатты ұнаған кейіпкері ретінде Қодарды санайды. Оның себебін автор Пушкиннің өз сөзіндей етіп сөйлеткен. Жамандықтың қандай екенін білетін, оны Қодардың бейнесінде анықтаған халық жақсылықтың да нарқын білетінін жеткізеді. Бұл, сірә, Пушкиннің қазақ жайындағы ойының қалыптасуы екенін аңғарамыз. Шығармада «қоңылтақсып қалған көңіл» эпитеті кездеседі. Бұл Пушкин мен Махамбеттің соңғы кездесуіндегі Пушкиннің ақын жайындағы соңғы ойы еді. Халықтың ақыны әрі қамқоры болған Махамбетпен кездесіп, Пушкин де өзінің ақын екенін мойындаса да, халық қамқоры деп өзін тани алмайтынына көзі жетті.

Шығарманың автордың қиялымен жазылғанына, қаламгердің жүйрік қиялы

арқылы екі халықтың ұлы ақындарын кездестіріп, халық жайын, көтеріліс мәнісін ұқтыруы жазушының асқан шеберлігі болса керек. Қаламгер тәуелсіздік жылдарында тарихи тұлғалардың бейнесін әдебиетте бейнелеумен айналысты. Қазақ әдебиетінде Махамбеттің, Мұстафа Шоқайдың, Дина күйшінің бейнесін жаңғыртты. Махамбеттің «Бас» драмасында бейнесі сомдалса да, «Махамбет пен Пушкин» шығармасындағыдай байсалды образда көрінбейді. Махамбеттің орыстың заңғар ақынымен, бүкіл Европаны таң қалдырған Пушкинмен емен-жарқын әңгіме айтуы, екі ақын арасындағы рухани жақындықтың орнауы ел арасындағы орнаған «рухани кемтарлықты» жоюдың бір тәсілі болса керек. Дегенмен, ақын туындысында эпитеттерді тиімді де ұтымды пайдалана білген. Авторлық эпитеттер мол ұшырасып, кейіпкердің жан-тебіренісінен мол ақпарат береді. Солай, Р. Отарбайдың «Махамбет пен Пушкин» туындысында эпитеттер:

- Кейіпкердің сырт бейнесін суреттеуде қолданылды;
- Кейіпкердің ішкі әлемін, мінезін беруде қолданылды;
- Боз, жез, бөз сөздерімен қатыстырып эпитет жасап, ұлттық танымды білдіруде қолданылды.

Қорытынды. Көркем туындының басты қызметі – оқырманына тіл арқылы әсер ете отырып негізгі ойын жеткізу. Абай, Махамбет, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, А. Нұрпейісов сынды қаламгерлеріміз өз замандарының шындығын оқырмандарына кең ауқымда жеткізе білуге тырысты. Сөзбе-сөз айтқанда, бұл басқа адамдарға әсер етпеуі мүмкін. Мысалы, жорықшы жырау деген атпен белгілі Махамбет әр жауынгердің жанына әсер етіп, қалың қол жинап, көтеріліс ұйымдастыра отырып, барлығын біріктіре алды. Сонымен, көркем шығармада әсерлі жеткізу үшін көркемдік құралдар, соның ішінде эпитеттер қолданылды. Халық мәдениетінің ерекшеліктері эпитеттер арқылы да көрінеді. А. Байтұрсынов әдебиеттің осы ерекшелігін атап өтіп, сөз өнерін өнердің өте мықты құралы екендігін айтып кетті.

Корытындылай келе, Рахымжан даралығы-шығармалардағы авторлық
Отарбайдың қолжазбасының шеберлігі, эпитеттер екенін атап өтеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 бет
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 бет.
3. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2013. Т.15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 бет.
4. Кәріпжанова Г. Ж.Аймауытұлы прозасының тілі: оқу құралы. Павлодар: Кереку, 2009. – 154 бет.
5. Қадыров Ж., Әбутәліп А., Абдихонова А. Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының көркемдік ерекшелігі. «Шоқан оқулары - 22» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қазақстан, Көкшетау, 2018. Т.3. – 336 бет.
6. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014. – 30-бет
7. Мұхаметқалиева Г.Ө. Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, – Алматы, 1995. – 30 бет
8. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2014. – 360 бет
9. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б.
10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
11. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2006. Т.35. Батырлар жыры. – 392 бет
12. Отарбай Р. Аспандағы ақ көбелектер: Әңгімелер мен повестер. – Астана: Фолиант, 2009. – 344 бет
13. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.

References

1. Zhymaliev Q. Shygharmalary. – Almaty: «Ana tili» baspasy, 2007. – 272 bet
2. Bajtursynov A. Әdebiет tanytqysh. – Almaty: Atamұra, 2003. – 208 bet.
3. Klassikalық zertteuler: Kөp tomдық. – Almaty: «Әdebiет Әlemi», 2013. T.15: Q.Zhymaliev, Z.Qabdolov, Z.Ahmetov. Әdebiет teorijasy. – 412 bet.
4. Kәripzhanova G. Zh.Ajmauytұly prozasynuң tili: oқu құraly. Pavlodar: Kereku, 2009. – 154 bet.
5. Qadyrov Zh., Әbutәlip A., Abdihonova A. Ә.Nұrpejisovtiң «Qan men ter» romanynuң kerkemdik ereksheлиги. «Shoqan oқulary - 22» halықaralық ғыlymi-tәzhiribelik konferencija materialdar zhinaғы. Qazaqstan, Kөkshetau, 2018. T.3. – 336 bet.
6. Syzdykova R. Abajduң sөz örneги. – Almaty: «El-shezhire», – 2014. – 30-bet
7. Mұhametqalievа G.Ө. Tұraқты jepitettiң tildik tabиғaty. Filologija ғыlymdarynuң kandidaty ғыlymi dәrezhesin alu үshin dajyndalған dissertacijanuң avtoreferaty, – Almaty, 1995. – 30 bet
8. Qabdolov Z. Sөz öneri. Almaty: Sanat, 2014. – 360 bet
9. Qazirgi qazaq әdebieti: damu үrdisteri, esimder men oқиғalar: Yzhymдық monografija. – Almaty: —Print express, 2017. – 512 b.
10. Qazaqtuң jетnografijalық kategorijalar, ұғымдар мен ataularynuң dәstүrli zhүйesi. Jenciklopedija. 1-tom. – Almaty: DPS, 2011. – 738 b.
11. Babalar sөzi: Zhүz tomдық. Astana: Foliant, 2006. T.35. Batyrlar zhyry. – 392 bet
12. Otarbaj R. Aspandaғы aқ көbelekter: Әңgimeler men povester. – Astana: Foliant, 2009. – 344 bet
13. Qazaqtuң jетnografijalық kategorijalar, ұғымдар мен ataularynuң dәstүrli zhүйesi. Jenciklopedija. 2-tom. – Almaty: RPK "Slon" DPS, 2012. – 736 b.

Автор туралы мәлімет:

Доскеева Шайза Асановна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, «Alikhan Bokeikhan University»

Пошталық мекен-жайы: 0714000, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Елебеков көшесі, 1

Ұялы тел.: 87756754231

e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Сведения об авторе:

Доскеева Шайза Асановна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул Елебекова 1

Сот.тел.: 87756754231

e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

Information about the author:

Doskeyeva Shaiza Assanovna

Position: Candidate of Philology Sciences, Alikhan Bokeikhan University

Post index: 0714000, Republic of Kazakhstan, Semey, Elebekov str, 1

Mob.phone: 87756754231

e-mail: shaizaasanovna_68@mail.ru

¹Зиганшина Р.Р., ²Хуснутдинов Д.Х.

Казан федералды университеті
Ресей, Татарстан Республикасы
e-mail: ziga04.04@mail.ru

ТАТАР ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА МОРФОЛОГИЯ САЛАСЫН ОҚЫТУДА ТАТАР ТІЛІНДЕГІ САЙТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Андатпа. «Морфология» курсы бойынша базалық білімдер жалпы білім беретін мектепте оқудың бастапқы кезеңінде оқытыла бастайды. Соңғы жылдары татар тілді интернет секторында тілдің функционалды дамуына оң әсерін тигізетін бағдарламаларды, дереккөздерді және платформаларды әзірлеу мұғалімдерді осы дереккөздермен жұмыс істеуге ынталандыру керек. «Морфология» курсы менгеруде татар тілді сайттар лингвистикалық материал (тіл материалы) бола алады, сонымен қатар арнайы сайттар тіл білімінің осы саласын тиімді оқыту үшін әдістемелік ұсыныстарды жинақтай отырып, оқу іс-әрекетіне ықпал ете алады. Оқулық оқушы үшін маңызды құрал екені даусыз, бірақ татар тіліндегі ақпарат құралдарының әртүрлі мақсаттарын тиімді пайдалана білуі керек. Татар сайты дидактикалық мақсатта пайдалану мүмкіндігі мен оны қолдануды оқушыларға үйретудің маңыздылығы мен оның сабақта тиісті деңгейде пайдаланылмауы арасында қарама-қайшылық бар екендігі ұсынылады.

Тірек сөздер: морфология, татар тілі сайты, татар тілін оқыту, тілдік материал.

¹Зиганшина Р.Р., ²Хуснутдинов Д.Х.

Казанский федеральный университет
Россия, Республика Татарстан
e-mail: ziga04.04@mail.ru

Использование сайтов на татарском языке при преподавании морфологии на уроках татарского языка

Аннотация. Базовые знания курса «Морфология» преподаются на начальном этапе обучения в общеобразовательной школе. В последние годы развитие программ, ресурсов и платформ в татароязычной сфере Интернета, положительно влияющих на функциональное развитие языка, должно стимулировать учителей к работе с этими ресурсами. Татароязычные сайты могут быть лингвистическим материалом (языковым материалом) при изучении курса «Морфология», а также специальные сайты могут способствовать учебной деятельности, собирая методические рекомендации для эффективного преподавания данного раздела языкознания. Учебник, несомненно, является важным инструментом для ученика, но он должен уметь эффективно использовать в различных целях татароязычные средства массовой информации. Выдвигается предположение о противоречии между возможностью использования татарского сайта в дидактических целях и важностью обучения студентов его использованию и неадекватным его использованием на уроках.

Ключевые слова: морфология, татарский языковой сайт, преподавание татарского языка, языковой материал.

¹Ziganshina R.R., ²Khusnutdinov D.H.

Kazansky Federal University
Russia, Republic Of Tatarstan
e-mail: ziga04.04@mail.ru

The use of sites in the tatar language in teaching the field of morphology in the lessons of the tatar language

Annotation. Basic knowledge on the course "morphology" begins to be taught at the initial stage of training in a comprehensive school. In recent years, the development of programs, sources and platforms that have a positive impact on the functional development of the language in the tatar-language internet sector should encourage teachers to work with these sources. In mastering the course "morphology", tatar-language sites can serve as linguistic material (language

material), as well as special sites can contribute to educational activities, accumulating methodological recommendations for effective teaching of this area of linguistics. There is no doubt that the textbook is an important tool for the student, but he must be able to effectively use various purposes of tatar-language media. It is proposed that there is a contradiction between the possibility of using the tatar site for didactic purposes and the importance of teaching students to use it, and its inadequate use in the classroom.

Keywords: morphology, tatar language site, tatar language teaching, language material.

Кіріспе. Қазіргі балалар, бір жағынан, интернет ресурстарын өте еркін пайдаланады және ғаламдық желісіз өз өмірін елестете алмайды; екінші жағынан, желі мүмкіндіктерін жиі емес, сапалы және пайдалы түрде пайдалана алуы жағынан шектелгенін түсінуге болады. Оқырмандар ойын-сауық және бос уақытын өткізу мақсатында әртүрлі сайттарды жиі пайдаланады. Мамандар бұған алаңдаушылық білдіруде: «Қазіргі заманғы бала ақпараттық технологияларды көп жағдайда тек қызығушылықты іздеу мақсатында қолдануға тырысатынын түсіне отырып, бұл қызығушылықты мектеп бағдарламасына қатысты пәндер бойынша білім деңгейін дамытуға бағыттай білу маңызды болар еді». В. Шамстдинова сабақта веб-сайттарды пайдалануды үйретуде мұғалімдердің рөлі зор екенін айтады.

Дегенмен, мұғалімдер әлі де негізгі тірек ретінде оқулықты таңдап, басқа жұмыстарға мән бермеуі мүмкін. Қазіргі білім беру кеңістігінде бұл түбегейлі қате. Оқулық оқушы үшін маңызды құрал екені даусыз, бірақ татар тіліндегі ақпарат көздерін түрлі мақсатта тиімді пайдалана білуі керек.

Бүгінгі таңда компьютерлендіру, жаһандану, ақпараттық коммуникация дәуірінде татар тілі сабақтарында әртүрлі бөлімдерді оқытуда татар тіліндегі сайттарды пайдалану тақырыбы өзекті бола түсуде.

Морфология ғылымының негізгі мәселелерінің бірі – сөздерді топтарға бөлу. Мектепте «Морфология» курсы оқытуда сөз таптарын оқытуға көп көңіл бөлінсе, татар мектептеріндегі татар тілі сабақтарында алтыншы сынып бағдарламасы сөз таптарын оқытуға арналған. Тіл мәдениетінің жоғары деңгейі сөз таптарын, олардың грамматикалық

категорияларын білуді, грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс қолдануды білдіреді және сонымен бірге бұл тапсырма оқушыларға біршама қиындықтар туғызуы мүмкін.

Материалдар мен әдістер. Мақалада мектепте татар тілін оқытуда морфология бөлімі бойынша материалдарды ақпараттық технологияларды қолдана оытрып оқытудың әдіс тәсілдері ұсынылады. Мақалада материалдарды жинақтау, жүйелеу, түсіндіру, нәтижелерді талдау, тұжырымдау әдістері қолданылады.

Талқылау және нәтиже. Дәстүр бойынша тіл білімінің бұл саласын зерттеу «Зат есім» сөз табын зерттеу сабақтарынан басталады, бұл сабақтарда зат есімнің мағыналық жағынан, олардың келісім, сөйлем категорияларына қатысы, жасалу белгілері қарастырылады. Келесі кезекте сын есім тобы зерттеліп, оның заттық және қатысты түрлері мен дәрежелері түсіндіріледі. Жасалу түрлеріне, сын есімдердің аталу жағдайларына, орналасу ерекшеліктеріне назар аударылады. Сөздік, мәнер, сан сөз таптары (сандарды дұрыс жазуға жеке сабақ беру көзделеді) әр сөз табының топшаларынан басқасы осы логикаға сәйкес оқытылады. Етістіктің сөз табын зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Ең алдымен «Етістік және оның негізі», «Етістіктің зат есіммен түрленуі», «Етістік бағыттары», «Етістік топшалары» тақырыптары қамтылған [1, б.90-99]. Татар тілі сабақтарында сабақтас және құрмалас етістік топтары оқытылады, етістіктің әр түрі жеке оқытылады. Одан әрі оқушыларды көмекші етістіктермен және көмекші етістік ретінде келетін кейбір дербес етістіктермен таныстырады. Әрбір дербес сөз табының сөйлемде қалай қолданылатыны да сипатталған. Осы сөз таптарын меңгергеннен кейін жалпылау және қайталау үшін тапсырмалар жүйесі

ұсынылады. Дауыс берулер мен хабарларға уақыт белгіленеді. Тәуелдік сөздер «Сөз таптарының байланысуы» тақырыбы аясында оқытылады; Регистрлерді зерттеуде олардың топшаларына және дұрыс жазылуына көңіл бөлінеді. Сондай-ақ, әрбір тақырыпты зерделеу жиынтық шолу сабағымен аяқталады. «Модаль сөз таптары» сабақтарында үстеулер, модаль сөздер, сын есімдер зерттеледі. Оқулықта сөз таптарына морфологиялық талдау жасау дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлінген. Ең алдымен мысал келтіріледі, осы мысал бойынша оқушылар өз бетінше әрекет етуге үйренеді.

Татар тілі сабақтарында морфология саласын оқытуда татар тіліндегі сайттарды пайдалану бойынша ұсыныстар. Айта кету керек, татар тіліндегі веб-сайттармен жұмыс тәжірибесін сарапшылар мен педагог-практиктер жинақтаған. Мысалы, мұғалім А. Әбішева өзінің жеке сайтында тіл сабақтарында сәтті қолдануға болатын келесі татар сайттарын атап өтеді: «Гыйлем» сайты, «Халбуки» лекциялары, «Альбата» бейнелекциялары, «Учим татарский язык» басылымы, «Зихан» сайты, «Татар тілі. Википедия», «Азаттық» радио беттері. Бұл мұғалімнің жинаған және өз жұмысында пайдаланған беттерін бағалаймыз. Оларға қысқаша сипаттама берейік.

«Әрине» веб-сайтымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін қарастырайық. Бұл сайтта арнайы «Морфология» саласы бойынша дәрістер жоқ. Дегенмен, музыка тарихы, сәулет өнері, идиомалар, ұлттық билер сияқты оқырмандарға түсінікті тақырыптар бойынша дереккөздер бар. Ғалым С. Хабибуллиннің «Татар кәсіби музыкасының негізін салған кім?». сіз оның лекциясын пайдалана аласыз. Дәріс он төрт минутқа созылады. Татар тілі сабағының қырық минутпен шектелуі сияқты себептерді алға тартып, балалардың үйде отырып дәріс тыңдауын сұрауға болады. Сабақта дәріс мәтініне сәйкес грамматикалық тапсырма орындалады. Тапсырма мынадай болуы мүмкін: үйде тыңдаған лекцияның қысқартылған мәтінімен жұмыс. Көп

нүктенің орнына үтірді қойып, аттың үстіне үтірді теріңіз.

Танымдық жағынан да, біздіңше, «Ғылым» сайты алда. Оқушыларға қызықты тақырып – астрономия, ғарыш, алыс планеталар туралы инфографиканы ұсынуға және «Сан» сөз табын оқыту сабақтарында олармен жұмыс жасауға болады. Сайтта әртүрлі планеталар (Марс, Уран, Венера, Юпитер және т.б.) туралы инфографика бар. Уран планетасы мысалында тапсырмаларды ұсынамыз. Оқырмандарға алдымен инфографикамен танысу ұсынылады

Сұрақтар мен тапсырмалар. Жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз. Сандарды әріппен жаз.

- Уран Күн жүйесінің қай планетасы?
- Уранды қай елдің ғалымы және қай жылы ашқан?
- Ғаламшардың неше серігі бар? Біреуінің атын жаз.
- Уранның неше сақинасы бар?
- Планета неше жаста ?
- Қосымша дереккөздерге сілтеме жасай отырып, дұрыс жазыңыз:



Сурет 2. Инфографикамен жұмыс («Сан» тақырыбы бойынша сабақ мысалында)

Сол бөлімде «Tardir Radio» ұсынатын сынақтарды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырған жөн деп санаймыз. Мысалы, «Тіл дейтін өзен бар» айдары сөйлеу мәдениетін дамытуға арналған, бірақ оны «Морфология» бөлімін оқу мақсатында да пайдалануға болады. Мысалы, «Зат есім мен етістік» тақырыбындағы сабақта жұмысты былай ұйымдастыруға болады. Оқырмандар «Екеуі тыңда, бір айт» шығарылымын тыңдауға шақырамыз. Шығарылым ұзақ емес - ол 2 минут 46 секундқа созылады. Студенттер оны үстелдік компьютерлерде немесе телефондарында тыңдай алады. Мұғалім трансляцияны бүкіл сыныпқа ойната алады (бұл жағдайда кемінде екі ойнату сұралады). Тапсырма үй тапсырмасы

ретінде ұсынылса, студенттер сайтты өз бетінше тауып, эфирді тыңдайды. Тапсырма келесідей тұжырымдалған: «Тыңдаған мәтін бойынша кестені толтыр».

1-кесте.

Тапсырма «Түртіп» радиосының хабарларына негізделген

| Аты | етістік (әңгіме етістігі) | зат есім етістік |
|-------|---------------------------|------------------|
| сөз | кеңес береді | білу |
| халық | түсінбеймін | тыңдау |
| ... | ... | ... |


Айта кету керек, тапсырманы жеңілдету мүмкіндігі де бар. Бұл жағдайда барлық етістіктермен және зат есімдермен жұмыс істеудің қажеті жоқ, айталық, студент әр жағдайға үш-бес мысалды тыңдап, жазуы керек.

«Bala.rf» сияқты интерактивті кітапханаларға және татар тіліндегі мультфильмдерге үлкен көңіл бөлу керек. Сол бөлім аясында «Bala.rf» интерактивті кітапханасында жинақталған еңбектерді де пайдалануға болады [Bala.rf, интернет-ресурс]. Мысалы, «Дауыс аксессуарлары» тақырыбын оқығанда, М. Гусейиновтың «Біздің достар» поэмасымен жұмыс істеуді ұсынуға болады. Мұнда әрбір куплет вокалдық аккорд(лар)ды пайдаланады. Оқушыларға әр шумақ бойынша тапсырмалар беруге болады. Біз мұндай тапсырмалармен жұмысты сәтті деп санаймыз. Ыңғайлы болу үшін сурет, тапсырмалар және күтілетін жауаптар кесте түрінде құрастырылған.

2-кесте.

«Bala.rf» сайтымен жұмыс мысалы («Дауыс аксессуарлары» тақырыбын оқу мысалында)

| «Bala.rf» сайтынан слайд. | Тапсырмалар жүйесі | Болжалды жауаптар |
|---|--|--|
|  | 1) аудио тректі табу; 2) осы фонемадан жаңа сөз жасаңыз | 1) мияу 2) мияу |
|  | Үзінді мысалмен аудио және визуалды дыбыс тізбектерінің айырмашылығын түсіндіріңіз | хо-хо - жануардың дыбысына еліктеу үшін жасалған |

| | | |
|--|--|--|
| | | дауысты дыбыс. Ал сіз жыпылық тауды көре аласыз - оны сүйемелдейтін сурет пен дыбыс (иттің көзі жыпылық тайды) |
|  | 1) аудио тректі табу; 2) Оның құрамы туралы не айта аласыз? | 1) чип-чип-чип; 2) ір түбірді үш рет қайталау арқылы шыбынның дыбысына еліктеу үшін жасалады |

Мұндай тәсілді оқырмандар құптайды, өйткені, ең алдымен, заманауи оқырмандар үшін сапалы көрнекіліктер қажет; екіншіден, олар сөз шеберінің орындауындағы мәтінді тыңдап, таза татар тілінің үлгісінде сөйлеуінің дамуына қол жеткізеді; үшіншіден, ұсынылған мәтін қиын емес, қызықты, олар оны тыңдау арқылы ғана емес, оқу арқылы да қабылдайды; төртіншіден, осы жағдайлардың барлығы «Морфология» бөліміне жататын тапсырмаларды орындауға ынтасын арттырады.

Қорытынды. Нәтижелерге сүйене отырып, татар тілін ғылыми деңгейде зерттеуде «Албата», «Ғылым», «Тәртіп» радиосындағы жеке хабарлар сияқты сайттардың күші зор деп айтуға болады. Бір өкініштісі, тілдік жағдай балаларды татар тілінде ғылымға баулудың осындай жолдарын дерлік қалдырады. Мұғалім оларды орынды қолдануы керек деп ойлаймыз және біз өз жұмысымызда бірнеше әдіс-тәсілдерді көрсеттік.

Бөлімге сәйкес татар тіліндегі сайттар белсенділікті дамытады, әртүрлі сөз таптарын меңгеруде қызықты тәсілдермен

жұмыс істеу мүмкіндігін ашады, оқырмандар арасында татар тіліндегі интернетке қызығушылық тудырады. Татар

сайттары берген мүмкіндіктерді әртүрлі сөз таптарын оқыту сабақтарында тиімді пайдалануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бейне дәрістер. – URL: <https://elbette.ru>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
2. URL: <http://balarf.ru>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
3. «ҒЫЛЫМ» сайты. – URL: <http://giylem.tatar>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
4. «Джихан» сайты. – URL: <https://vk.com/tatcihan>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
5. Мұрагерлік көрсеткі. Зелант тауы. Толық фильм. – URL: <https://yandex.ru/video/preview/16670378942887233820>; Өтінім беру мерзімі: 06.11.2023 ж.
6. Нұр татар. – URL: <https://tat.nur.tatar>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
7. Татар Википедиясы. – URL: https://tt.wikipedia.org/wiki/Tatar_Wikipediase; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
8. «Тапсырыс» радиосы. – URL: <https://tartip.tatar/news/rubric/list/programmy>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
9. Мен татар тілін оқимын. – URL: <https://vk.com/tatarbelem>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
10. дәрістер. – URL: <https://www.youtube.com/playlist?list=PL6ojHhADCXvPbcL4AU715yKWFVWqcPz9>; Өтінім беру мерзімі: 06.11.2023 ж.
11. Чукмар және Тукмар. Татар мультфильмі. – URL: <https://yandex.ru/video/preview/12331954626980442984>; Өтінім беру мерзімі: 06.11.2023 ж.
12. Юсупов Ф.Ю., Харисова Ч.М., Сайфетдинов Р.Р. татар тілі. 6-сынып: Татар тіліндегі жалпы білім беретін оқу орындарына арналған оқулық. - Қазан: татар. кету ред., 2015. - 175 б.
13. Әбішева А. Татар тілі сабағында пайдаланылған татар интернет ресурстары. – URL: https://abishevaalena.ru/?page_id=3918; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
14. Гатауллин Р. Татар веб-сайты сәтті болуы үшін оны жасаушы татар интернетін жақсы көруі керек. – URL: <https://tatar-inform.tatar/news/tatar-sayty-u-yshka-ireshsen-chen-any-ysaucha-tatar-internetyn-yaratyrga-tiesh-r-gataullin>; Өтінім беру мерзімі: 05.11.2023 ж.
15. Шамстдинова В. Мұғалімге көмек – аудиокітап // Білім. – 2019. – №5. - Б. 93-95.
16. Тухфатуллина А. Тәрбие жұмысындағы татар мультфильмдері мен таспалары // Білім. - 2014. - №11. - С.22-24.

References:

1. Bejne dərister. – URL: <https://elbette.ru>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
2. URL: <http://balarf.ru>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
3. «Fylym» sajty. – URL: <http://giylem.tatar>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
4. «Dzhihan» sajty. – URL: <https://vk.com/tatcihan>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
5. Mұragerlik kōrsetki. Zelant tauy. Tolyq fil'm. – URL: <https://yandex.ru/video/preview/16670378942887233820>; Өtinim beru merzimi: 06.11.2023 zh.
6. Nұr tatar. – URL: <https://tat.nur.tatar>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
7. Tatar Vikipedijasy. – URL: https://tt.wikipedia.org/wiki/Tatar_Wikipediase; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
8. «Tapsyrys» radiosy. – URL: <https://tartip.tatar/news/rubric/list/programmy>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
9. Men tatar tilin oqimyn. – URL: <https://vk.com/tatarbelem>; Өtinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.

10. dərister. – URL: <https://www.youtube.com/playlist?list=PL6ojHHADCXvPbcL4AU715yKWFVqPz9>; Ötinim beru merzimi: 06.11.2023 zh.
11. Chukmar zhəne Tukmar. Tatar mul'tfil'mi. – URL: <https://yandex.ru/video/preview/12331954626980442984>; Ötinim beru merzimi: 06.11.2023 zh.
12. Jusupov F.Ju., Harisova Ch.M., Sajfetdinov R.R. tatar tili. 6-synyp: Tatar tilindegi zhalpy bilim beretin oqu oryndaryna arnalğan oqulyk. - Qazan: tatar. ketu red., 2015. - 175 b.
13. Əbisheva A. Tatar tili sabağynda pajdalanylğan tatar internet resurstary. – URL: https://abishevaalena.ru/?page_id=3918; Ötinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
14. Gataullin R. Tatar veb-sajty sətti boluy yshin ony zhasaushy tatar internetin zhaksy kəruı kerek. – URL: <https://tatar-inform.tatar/news/tatar-sayty-u-yshka-ireshsen-chen-any-yasauchy-tatar-internetyn-yaratyrğa-tiesh-r-gataullin>; Ötinim beru merzimi: 05.11.2023 zh.
15. Shamstdinova V. Mұғalimge kəmek – audiokitap // Bilim. – 2019. – №5. - B. 93-95.
16. Tuhfatullina A. Tərbie zhymysyndary tatar mul'tfil'mderi men taspalary // Bilim. - 2014. - №11. - S.22-24.

Автор туралы мәлімет

Зиганшина Руфия Рифгатовна

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, Қазан федералды университеті
Пошталық мекенжайы: 420008, Ресей, Татарстан Республикасы
Ұялы.тел: 89274402096
e-mail: ziga04.04@mail.ru

Сведения об авторе:

Зиганшина Руфия Рифгатовна

Должность: Кандидат филологических наук, Казанский федеральный университет
Почтовый адрес: 420008, Россия, Республика Татарстан
Сот.тел: 89274402096
e-mail: ziga04.04@mail.ru

Information about the author:

Ziganshina Rufiya Rifgatovna

Position: Candidate of philological sciences, Kazan Federal University
Mailing address: 420008, Russia, Republic of Tatarstan
Mob.phone: 89274402096
e-mail: ziga04.04@mail.ru

Мұқажанова Р.М.
AlikhanBokeikhanUniversity
Қазақстан, Семей
e-mail: raushan09@mail.ru

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТИ

Аңдатпа: Мұхтар Омарханұлы Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, ғалымы және қоғам қайраткері ретінде қырғыз әдебиетіне ерекше ықпал етіп, Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы мәдени қарым-қатынастарды нығайтуға үлкен үлес қосты.

Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматов – ХХ ғасырдың ең көрнекті жазушылары. Олардың шығармашылығы тек қазақ пен қырғыз әдебиетіне ғана емес, әлемдік әдебиетке де айтарлықтай ықпал етті. «Әуезов өзінің шығармашылық өмірінде жас Айтматовқа тәлімгер рөлін атқарып, оған әдеби кеңесші болды». Бұл мақалада осы екі ұлы тұлғаның әдеби байланыстары, олардың мәдениетаралық өзара әрекеттестікке қосқан үлесі қарастырылады. Әуезовтің жас Айтматовқа тәлімгер ретіндегі рөлі, олардың достығы және бұл байланыстардың екі ел әдебиетіне қалай әсер еткені ерекше назарда.

Тірек сөздер: Мұхтар Әуезов, қырғыз әдебиеті, «Манас», Шыңғыс Айтматов, әдеби өзара іс-әрекет, эпос.

Мукажанова Р.М.
Alikhan Bokeikhan University
Казakhstan, Семей
e-mail: raushan09@mail.ru

М. Ауэзов и кыргызская литература

Аннотация: Мухтар Омарханович Ауэзов-великий казахский писатель, ученый и общественный деятель, оказавший особое влияние на кыргызскую литературу и внес большой вклад в укрепление культурных отношений между Казахстаном и Кыргызстаном.

Мухтар Ауэзов и Чингиз Айтматов – самые выдающиеся писатели ХХ века. Их творчество оказало значительное влияние не только на казахскую и кыргызскую литературу, но и на мировую. «В своей творческой жизни Ауэзов играл роль наставника молодого Айтматова и был для него литературным советником». В данной статье рассматриваются литературные связи этих двух великих личностей, их вклад в межкультурное взаимодействие. Особое внимание уделяется роли Ауэзова как наставника молодого Айтматова, их дружбе и тому, как эти связи повлияли на литературу двух стран.

Ключевые слова: Мухтар Ауэзов, кыргызская литература, «Манас», Чингиз Айтматов, литературное взаимодействие, эпос.

Mukazhanova R.M.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: raushan09@mail.ru

M. Auevov and kyrgyz literature

Abstract: Mukhtar Omarkhanovich Auevov is a great Kazakh writer, scientist and public figure who had a special influence on Kyrgyz literature and made a great contribution to strengthening cultural relations between Kazakhstan and Kyrgyzstan.

Mukhtar Auevov and Chingiz Aitmatov are the most outstanding writers of the twentieth century. Their work has had a significant impact not only on Kazakh and Kyrgyz literature, but also on the world. «In his creative life, Auevov played the role of mentor to the young Aitmatov and was a literary adviser to him». This article examines the literary connections of these two great personalities, their contribution to intercultural interaction. Special attention is paid to Auevov's role as a mentor to the young Aitmatov, their friendship and how these ties influenced the literature of the two countries.

Keywords: Mukhtar Auevov, Kyrgyz literature, «Manas», Chingiz Aitmatov, literary interaction, epic.

Кіріспе. М. Әуезовтің өміріндегі маңызды тақырыптардың бірі – «Манас» эпосын зерттеу. М. Әуезов «Манасты» қырғыз халқының ұлттық мұрасы ғана емес, әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде бағалады. Оның зерттеулері эпостың құрылымы мен манасшылардың рөлін терең талдады. Сонымен қатар, Әуезовтің еңбектері эпостың әлемдік ғылыми қауымдастық үшін маңыздылығын күшейтті.

Әуезовтің қызметі арқылы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы әдеби байланыстар күшейіп, оның зерттеулері мен қолдауы қырғыз әдебиетінің халықаралық деңгейде танылуына ықпал етті.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің қырғыз әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі баға жетпес. Ол қазақ-қырғыз арасындағы мәдени байланысты нығайтуға елеулі еңбек сіңірді. Әуезов қырғыздың ұлы эпосы «Манасқа» терең зерттеулер жүргізіп, оның ғажайыптығын әлемге танытты. Бұл зерттеу оның тек қырғыз әдебиетіндегі ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтаудағы үлесін көрсетеді.

Әуезов «Манасты» жай зерттеуші ғана емес, оны насихаттаушы тұлға болды. Ол қырғыз манасшыларының дәстүрін зерттеп, оларды жазып алып, талдау жасаған. Әсіресе, Сағымбай Оразбақовтан «Манастың» толық нұсқасын жазып алғаны ерекше орын алады. Бұл еңбектер қырғыз әдебиетінің байлығын сақтауға зор ықпал етті. Мұхтар Әуезовтің қырғыз жазушыларымен, әсіресе Шыңғыс Айтматовпен шығармашылық байланысы да оның осы елдегі әдеби процестегі рөлін көрсетеді.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында материалдарды жинақтау және өңдеу үшін сұрыптау, талдау және жалпылау әдістері қолданылды. Алынған нәтижелерді нақтылау үшін зерттеу нәтижелерін қорытындылауда аналитикалық әдістер қолданылды: жинақтау, жүйелеу, жинақтау әдістері.

Негізгі бөлім. Әуезовтің қырғыз әдебиетіне қосқан үлесі тек «Манас»

эпосымен шектелмейді. Ол Шыңғыс Айтматов сияқты қырғыз жазушыларына қолдау көрсетіп, олардың шығармашылығына үлкен әсер етті. Айтматов Әуезов туралы былай дейді: «Әуезов мен үшін ұстаз болды, оның шығармашылық жолы мен үшін үлгі болды» [2, 102-бет].

Әуезов өзінің қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын дамытуға қатысты еңбектерінде екі халықтың ортақ тарихи-мәдени тамырларына ерекше назар аударды. Ол екі ұлттың да дәстүрлерінің, дүниетанымының ұқсастықтарын көрсетіп, соларды әдеби тұрғыда аша білді. Сонымен қатар, оның еңбектерінде қырғыз халқының рухани құндылықтарына, олардың батырлық эпостарына деген үлкен құрмет байқалады.

Мұхтар Әуезов қырғыз жазушыларымен, өнер қайраткерлерімен тығыз байланыс орнатып, қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне халықаралық аренада кеңінен танылуына ықпал етті. Әсіресе, оның Шыңғыс Айтматовпен тығыз достық қарым-қатынасы екі елдің әдебиетшілері арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа белесін ашты. Айтматов Әуезовтен шабыт алып, өз шығармаларында адамзаттық құндылықтарды тереңірек қозғауға тырысты.

Сонымен қатар, Әуезов қырғыз халқының тұрмыс-салтын, психологиясын және олардың өмір салтын өз шығармаларында шынайы бейнелей алды. Бұл қырғыз әдебиетіне тән реализм мен ұлттық ерекшеліктерді тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Оның бұл еңбектері қырғыз әдебиетін жаңа деңгейге көтеріп, оны халықаралық деңгейде танытуға үлес қосты.

Осылайша, Мұхтар Әуезов қырғыз әдебиетіне ғана емес, жалпы түркі әлеміне зор мұра қалдырған тұлға ретінде ерекше орын алады.

Мұхтар Әуезовтің қырғыз халқының әдеби мұраларына, әсіресе, олардың аңыздары мен фольклорына деген ерекше қызығушылығы байқалады. Ол қырғыз халқының бай рухани мәдениетіне тән

эпикалық дәстүрлерді терең зерттеп, сол дәстүрлерді қазақ және қырғыз әдебиеттерін дамыту барысында пайдалануға тырысты. Әуезов қырғыздың ұлттық рухын, еркіндік пен батырлықты суреттейтін туындыларды зерттей отырып, бұл құндылықтарды өз шығармашылығында да пайдаланды.

Әуезовтің қырғыз жазушылары мен ақындарына деген ықыласы да ерекше болды. Ол қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілдерін қолдап, олардың шығармашылығына сын көзбен қарап, оларға бағыт-бағдар беріп отырды. Бұл әсіресе жас жазушылар үшін үлкен мотивация болды. Шыңғыс Айтматов сияқты қырғыз әдебиетінің көрнекті тұлғалары Әуезовтің ықпалы арқылы өздерін әлемдік аренада танытуға мүмкіндік алды.

Көлемі жағынан өзіне теңдесі жоқ, ғасырлар қойнауынан шыққан көне жыр. Ұлттың мақтанышы мен болмысының айғағы «Манас»- зерттеушілер, тарихшы, әдебиетшілер, саясаткерлер де шын мәнінде мойындап таңдай қағарлық әлемдік руханияттың мол қазынасы.

Бүгінгі оқырманына «Манас» ғасырлар тезінен тар жол, тайғақ кешуден өте жетті. Көне заманнан ауызша жырланып баба жыр құдіретті күшпен жетті десе де болғандай.

«Манастың» бүгінгі жеткен зерттеу биігіне қазақ ғалымдарының қосқан үлесі мол. Қысқа, жалт еткен ғұмырында өлшеусіз еңбек етіп, тыңнан түрен салып, сан мыңдаған зерттеулерге жол ашып беріп кеткен Шоқан Уәлиханов, «Шоқан және Манас» деген тақырыпты зерттеу авторы академик Әлкей Марғұлан, шоқантану ғылымына сүбелі үлес қосып, монографиялар жазған Шамшиябану Сәтпаева тағы басқа да қазақ зерттеушілері Манас тақырыбын еңбектерінде көп қозғаған. Ал Мұхтар Әуезов болса шын мәнінде «Манас» жырын зерттеуші ғана емес, жырдың бүгінгі таңға жетіп, зерттеліп, халықтың бай қазынасы болып отыруына өлшеусіз үлес қосқан тұлға.

М. Әуезовтің өміріндегі маңызды тақырыптардың бірі – «Манас» эпосын

зерттеу болды. Әуезов «Манасты» қырғыз халқының ұлттық мұрасы ғана емес, әлемдік мәдени мұраның бір бөлігі ретінде қарастырды. «Әуезовтің зерттеулері эпостың құрылымын, манасшылардың рөлін терең талдауға арналған және ол қырғыз мәдениетін әлемдік аренада танытуға ерекше ықпал етті» [3, 85-бет].

Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Киргизский героический эпос «Манас» ғылыми еңбегі 1934 жылы жарияланады.

Манас жыры туралы кез келген қырғыз естіген, эпостың бар екендігінен хабардар, ел ішінде эпостың үзінділерін жатқа айтатындар көп. «Чон –Казат», «Көкетайдың асы», немесе «Семетей» үзінділерінің ел арасында өте көп таралғандығын айтады автор.

Эпос халыққа ғасырдан-ғасырға ақынның жеткізуі арқылы өтіп бүгінгі таңға келген. Кейбір жыршының суырып салмалық қасиеті жоғары болғандықтан, жаттаған үзіндіні түрлендіріп, өзгерте отыра айтса, кейбірі өзіне дейінгі жыршыдан жаттап алуы арқылы жеткізуі жырдың нұсқаларының әртүрлі болып келуіне әкеп соғады. Жыршылар эпос оқиғасының желісімен таныс болғандықтан, нақты мәтінді, сөзбе сөз есте толық сақтау қиын болғандықтан жанынан қосып сол оқиғаны түрлендіре баяндаған. Ал жыршы–баяндаушылар тылсым күш әсерінен, магиялық бір күштің барына сендіреді. Дегенмен де тындаушылар арасында жыршы – баяндаушылардың тылсым қасиеттері болғандығына кәміл сенетіндер қатары көп екендігін тілге тиек етеді автор.

Жыршы Сағымбай мен жазып алушының келісімімен поэма тақырыбына орай 10 циклға /томға/ бөлінген екен. Мағыналық жағына орай Әуезов жырды мынандай бөліктерге бөліп қарастырады; 1) Манастың дүниеге келуі мен балалық шағы; 2) «Қазатақ»шабуылы жөніндегі үлкен тақырыптар; 3) Манастың серігі, тегінде туыстығы болмаса да ағасы есептелетін Әлмәмбеттің келуі; 4) Қаныкейге құда түсу мен үйленуі; 5) Көкетайдың асы; 6) Көз-Қаман жайындағы үзінділер (Манастың туысы); 7) Жеті

ханның Манасқа қарсы әрекеті; 8) Манастың Меккеге баруы. Жырдың Сағымбай нұсқасы бойынша бөліктері осындай еді.

Жоғарыда аталған эпос бөліктерінің ішіндегі ең көлемдісі - «Казат». Мұнда тұрмыстық іс-ірекеттер, «ас», «үйлену» сынды, туыстар арасындағы мәселеге құрылған жырға орын берілген. Дегенмен де жырдың өн бойында батырдың һас бейнесі бар және жырдағы сол әлеуметтік жайлар оның бейнесін аша түсетіндей. Бұл жерде Манас өзінің батырлық әрекетімен елдің ризашылығына бөленген, батыл да беделді тұлға ретінде көрінеді. Шығарманың ешбір бөлігінде Манас қатыспай қалған жоқ, әр тұсында оған қатысты оқиғалар бар, ол әрекет ортасынан көрініп отырады. Тек қана «Доо перы жомықшы» атты үзіндіде ғана Манастың өзі емес, оның батырлары қатысады.

Эпостағы «Чон-казат» бөлігінде Манастың Бейбіт жорығы туралы айтылған. Бейбіт, бақытты өмір кешіп жатқан Манас елінің тұрмыс-жайы, аты бүткіл Азияға мәлімдігі, алыс жақын мемлекеттердің оның қаһарлы жорығынан сескенетіні баяндалады. Тек оны қабылдамай, Манастың хандығын мойындамай отырған қытай ғана. Эпостың осы бөлігінде Манас жорыққа шығатын уақытты жария етеді. Діттеген жеріне жеткенге дейін жырда Манас жорығының ұзақтығы, жолда кездескен қиындықтар баяндалады. Тіпті өткен жерлерінің ерекшелігі, аң мен құсы, табиғаты суреттеледі. Жырда жаудың келе жатқанынан хабардан етіп отыратын фантастикалық аң-құстар да бой көрсетеді. Кейде олар жануарлар, дәулер т.б. болып Манас әскеріне қауіп төндіріп отырады.

Бұл қиындықтарды оңай шешу мүмкін болмаған тұста, Әлмәмбет бас көтереді. Ол барлық тылсым күштердің тілін білді, қиындықтарға қарсы төтеп бере алды.

Эпоста үйлену тақырыбы кең баяндалады. Манастың төрт әйелінің үшеуі жорықта олжаға келгендер. Жеңіске жеткен жау әдетте жеңілген жауының

қызына үйленіп, оның байлығына ие болып қалады. Жары Қаныкей жырдағы ірі бейненің бірі. Ақылына көркі сай Қаныкей жырда әртүрлі мінезбен көрінеді, кейде жарына дос кей бір тұсында айлакер, әрекеті күмәнді.

Жырдың сюжеттік желісі оқиғаларға толы, әрекетке бай. Ал ішкі құрылымы, ішкі безендірілуі, поэтикалық техникасы, стилі жөнінде бірер сөз айтайық. Жазушы эпосты осы тұрғыдан талдағанда мән бере қараған тұстары көп. Әр эпизодты үзіндінің өткен оқиға мен келер айтылар мәселе арасында баланыс жоқ екендігін аңғарады. Кей тұста тұрмыстық немесе Манастың өзіне қатыссыз нәрсе айтыла келе тыңдаушы назарын қайта негізгі қаһарманға бұруда ерекше техниканы пайдаланады.

Аны таштап Салыңар,

Маанастан қабар алыңар, - яғни мұны қоя тұрыңдар, Манас қа келейік деп жыршылардың әңгіме ауанын батырдың жайына әр кез осылай бұрып отыратынын айтады.

Эпостағы эмоциялы сөздерді автор бөліп қараған: ақылдасу- жиында, әскери - Манастың аста сөйлеуі, қорқыта сөйлеу- жеті ханға қарата Манастың айтқаны, өкіне, қайғыра сөйлеу- тт.

Автор жырды әр қырынан талдай келе көркемдік ерекшелігінің жоғары, тарихи, құнды мұра екендігін дәлелдеуге тырысады. Зерттеуін қарытындылай келе: «Она требует коллективной, долгой работы многих лиц, как специалистов, так главным образом исследователей, из среды самих киргизских научных работников, для которых дух языка понятнее, ближе, чем кому то ни было» деп қорытады.

Мұхтар Әуезов Манас тақырыбын жиі қозғады, 1934 жылғы «Қазақ әдебиетінің» 30 қаңтардағы санында

«Қырғыз дастаны - Манас» деген тақырыпта жазылған мақаласында жазушы эпостың басылуы, орыс тілінде дастан жайында зерттеулер, тексерулер жасалу жайынан хабардар етеді. «Жиылыс осындай тексерудің бірінші тәжірибесі есебінде Мұхтар Әуезұлының еңбегімен танысты. Бұл кітапты мәжіліс тұңғыш

зерттеу ретінде керекке жарайтын еңбек деп танығандықтан тез арада басылып шығатын болды»,- дейді. Негізінде бұл еңбек 1934 жылы жазылып болған еді, Бұл мақала мәжіліс шешіміне арналып әзірленген. Алайда мақала осы мәжілістен соң да содан кейін де жарияланбады.

Мұхтар Әуезов Манас тақырыбына 1937, 1940, 1944, 1948, 1954 жылдары қайтара келіп, ғылыми тұжырымдарын жариялап отырған. Оның Манас тақырыбында жарияланған тағы бір еңбегі - «Ценные памятники киргизского и казахского фольклора» деп аталады. Мақала 1935 жылы «Труды Казахского института национальной культуры» жинағының 1-томына енген. Бұл мақала тағы қайтып жарияланбаған.

Әлмамбеттің айтуындағы «Манас жырының» 100 беттен тұратын қолжазбасы сақталған. Жазушы мұрағатындағы 184- папкада латын әрпімен жазылған нұсқаға үнілсек жазушының қолжазбаның әр тұсында белгілер қойып, сөздер жазып отырғандығын көреміз. Елу томдық шығармалар жинағына жинақтың қолжазба нұсқасындағыдай өзгеріссіз енгізілген.

Мұхтар Омарханұлы Манасты зерттеуі барысында қырғыз еліне көп барды. Жанына жақын достар тауып, зертеуінің шын мәнінде келелі дүниеге айналуы жолында аянбай еңбек етті. Қырғыз қоғам қайраткері, жазушы Зияш Бектенов: «1928-1929 жылдарда екі жылы ұдайы Фрунзеге келіп, біз оқып жатқан Борбордук Педтехникумының завучы, кейінгі директоры Базарқұл Данияровтың үйінде үш ай жатып «Манастың Сағымбай Оразбақұлының созынан жазылған вариантын зерттеп жүрді-дейді [4]. Зияш Бектенов жазушыны оның шығармалары арқылы таныды. Орта мектепте жүргенде «Еңлік кебек», «Айман –Шолпан», «Оқыған азамат», «Қаракөз» сынды шығармаларын кітаптан оқып, енді өз ауылдарында, көшеден арлы-берлі жүргеніне халық таңдана қараған. Не үшін келгенінен бейхабар жұрт түрлі жорамалдар жасағанын айтады. Держин

көшесімен жүріп серуендегенде Балалар бірталай жерге дейін артынан жүгіре еріп қалатын еді. Мұхтар Әуезовтің қырғыз елімен әдеби-ғылыми байланыс осылай басталған. Түрлі естеліктер де көп.

«Мұхтар Омарханович «Манас» эпосының қара сөз бенен жазған сюжетін оқып отырып, «Манастың төрөлүшү жана балалык чагы»-деген темасын көргенде, қырғыздың мына «төрөдө» деген сөзі қандай көркем сөз!? Бұл сөзді қазақта «туды» «ул тапты» дейді. Бұл сөзге қарағанда мына «төрөдө» деген сөз неғұрлым көркем емес пе, ә? «Төрөдө» деген сөзді қазақтың әдебиет тіліне кіргізсе, қандай әдемі болар еді,- дейді. Сол кезде Ташым Байжиев: Мұхтар Омарханович, сіз қазақша бір қызықты әңгіме жазып «төрөдө» деген сөзді қоссаңыз бұл сөз қазақтың әдебиет тіліне кіреді де қалады,- деп қалжыңдаған екен [5].

Мұхтар Әуезовтің қырғыз жазушыларымен етене жақын араласуы естеліктерден көп мәлім болып отырады.

1946-47 жылдары жазғы демалыс кезінде Мұхтар Әуезов қырғызстанда болып, Қырғыз филиалының фольклор және Манас секторының жұмысына белсене араласады. Манастың юбилейлік комитетіне жиі келіп Манас жөнінде жазылған ғылыми мақалаларды редакциялайды, әрі түрлі мәселелер бойынша әңгімелесіп, біздің берген сауалдарымызға жауап береді,- дейді, қырғыз ғалымы Ташым Байжиев. Оның ғылыми диссертациясы «Семетей» деген тақырыпта жазылып, ғылыми жетекшісі Мұхтар Әуезов болған еді.

«Манастың юбилейіне қарай 15 томдығын баспаға даярлау барысында Аалы Тоқымбаев, Түгөлбай Сыдықбеков, Кубанычбек Маликов, Ташым Байжиев, Мен, Өміркул Жакишев, Керим Сооронбав, Мукамбет Дөгдүров, күсейин Келбаевтар редакторлары болып Мұхтар Әуезов, Күсейин Карасаев, Константин Юдахин, Виктор Жирмунский, Александр Бернштамдар он бес кісі істегенбіз»,- деп еске алады З. Бектенов. Қырғыз жазушыларының естелігіне сүйенсек

іссапармен келетін «Абай романыны» авторы, аты аңызға айнаған жазушы Мұхтар Әуезовты қонаққа шақырушылар көп еді, кім қонаққа шақырса да Мұхтар редколлегияда бірге қызмет еткен жаңа консультанттарды да ала барады,- дейді естеліктерінде.

«Манас» эпосы манасшылардан жазылып алынып, зерттеу жұмыстары жүріп, аудармалар жасалып жатты, 1934 жылдан бастап Мұхтар Әуезовтың да ғылыми еңбектері жарияланды. қырғыз ғалымдары да ұлттық мұраны зерттеу мен насихаттау барысында аянбай еңбек етіп жатты.

Бұған дейін қомақты зерттеу көрген, ғылыми тұрғыда талданып, насихатталып қалған Манастың 100 жылдық мерекесі 1947 жылы аталып өтілмек болып шешіледі. 1945 жылы Манас мерейтойын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Искак Разаков, жауапты хатшы болып Т. Байжиев тағайындалады. Сағынбай Оразбақов мен Саяқбай Қаралаевтан жазылып алынған жыр баспаға дайындалды, З. Бекеновтың қарасөзбен жазылған «Манастың» мазмұны орыс тіліне аудару жоспарланды, яғни осы сынды қыруар жұмыстар жасалынды. ЦКВКП(б) идеология бөлімінің басшысы Ждановтың ғылым білім әдебиет пен искусство арқылы ұлтшылдардың он жылдан соң қайта көтеріліп жатқандығын мәлімдеген қанды мақаласы жарыққа шығып, лезде ел ішінде мазасыз күндер орын алады. Манастың да басына қара бұлт төнді. Манасты зерттеп жүрген зерттеушілер Бажиев пен Бекенов қамауға алынып, 10 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шықты [6.21].

1952 жылы Фрунзеде «Манасқа» арналған бүкілодақтық конференция өтеді, оған Москва, Ленинград, Ташкент тағы басқа қаалардын ғалымдары және қырғыз әдебиетшілері де қатысады.

КСРО Ғылым академиясының президиумының басшылығымен өткізілген оған сол кездегі өлшем бойынша өте көп, төрт жүзден астам ғылыми және көркем творчество өкілдері қатынастырылды [7]. Қатысушылардың басымы «Манас» эпосы елдік емес, реакцияшыл, қырғыз елін теріс үгіттейтін жыр десе, енді бірі Мұхтар Әуезов, Болат Юнусалиев жырды негізгі жақтаушылар ретінде мінбеге шықты.

Қорытынды. Ұзақ жылдар бойы терін төккен Манас жырының тағдыры қыл үстінде тұрған шағында аяулы жазушы мәселегеден сырт қала алмады. Кеше ғана өз басына төнген қауіп, азапты, жалалы жылдар сызы әлі кетпесе де, кемеңгер ойшыл Манастың тарих бетінен сызылып қалуына, атадан балаға мұра болып қалып келе жатқан шер халықтың асыл қазынасының келер ұрпаққа жетпей қалуына жол бермеу керектігін бек сезінді. Жылдар бойғы өзінің адал еңбегін ысыра тұрғанымен, халық мәдениетінің, әдебиетінің тарихының, тіпті бүткіл болмысын айғақтайтын асыл қазынасынан айырылып қалайын деп тұрған тұста қарақан басының түскен қауіп пен қатерді ұмыта, Манасқа араша түсті, тәуекел етіп азаматтық батыл қадам жасады. Еткен еңбек, теккен төр бекер болмады, ол - «Манастың» бүткіл түркі жұртының асыл қазынасы ретінде ұрпақ көшіне ілесіуімен дәлелденеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоңырбаева Ж. (2017). Мұхтар Әуезовтің қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Айтматов Ш. (1997). Әуезовтің шығармашылық мұрасы және қырғыз халқының рухани байлығы. Бішкек: Манас баспасы.
3. Тілеуберді С. (2002). Әуезов және қырғыз эпосы. Қызылорда: Білім баспасы.
4. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-басылым. Алматы «Білім» 2007.
5. Бектенов З. Мухтар Омарханович Ауэзов. Замандаштарым жөнүндө эскеруу.
6. Байжиев Т. Белгил инсандардын өмүрү. 2003

7. Тілепов Ж. «М. Әуезов және әлем әдебиеті» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 2006 ж.

References:

1. Қоңырбаева Zh. (2017). Мұхтар Әуезовтің қырғыз мәдениеті мен әдебиетіне қосқан үлесі. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Айтматов Ш. (1997). Әуезовтің шығармашылық мұрасы және қырғыз халқының рухани байлығы. Бiшкек: Манас баспасы.
3. Tileuberdi S. (2002). Әуезов және қырғыз жепосы. Қызылорда: Bilim баспасы.
4. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. 2-басылым. Алматы «Bilim» 2007.
5. Bektenov Z. Muhtar Omarhanovich Aujezov. Zamandashtarym zhönүndө jeskerүү.
6. Bajzhiev T. Belgil insandardyn өмүгү. 2003
7. Tilepov Zh. «M.Әуезов және әлем әдебиеті» Hалықаралық ғылыми-теориялық konferenciја materialdary. 2006 zh.

Автор туралы мәлімет

Мұқажанова Раушан Мұратқанқызы

Лауазымы: Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Alikhan Bokeikhan University
Пошталық мекенжайы: 070000, Қазақстан Республикасы, Семей
Ұялы.тел: 87783204743
e-mail: raushan09@mail.ru

Сведения об авторе:

Мукажанова Раушан Муратхановна

Должность: Кандидат филологических наук, Alikhan Bokeikhan University
Почтовый адрес: 070000, Республика Казахстан, Семей
Сот.тел: 87783204743
e-mail: raushan09@mail.ru

Information about the author:

Mukazhanova Raushan Muratkhanova

Position: Candidate of Philological Sciences, Alikhan Bokeikhan University
Mailing address: 070000, Republic of Kazakhstan, Semey
Mob.phone: 87783204743
e-mail: raushan09@mail.ru

Садықова Р.Т.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: srt74@mail.ru

ХАЛЕЛ ҒАББАСҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-КӨСЕМСӨЗДІК ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа: XX ғасырдың басында азаттықты аңсаған, бостандықты армандаған халқымыздың тілегін орындаған Алаш арыстарының көрнекті қайраткері Халел Ғаббасұлының бүкіл саналы ғұмыры Алаш қозғалысы аясында, онымен тығыз байланыста өтті. Оның әдеби-көсемсөздік еңбектері «Сарыарқа» газетінде жарияланып отырды. Осы газет арқылы Халелдің тек саяси қызметпен ғана емес, сондай-ақ шығармашылықпен айналысқанын да көреміз.

«Сарыарқа» газеті Алашорда партиясының барлық құжаттарын жариялап, елдегі болып жатқан саяси өзгерістерді ел тарихында ұғындырған азат елдің үні болды.

Ол ұлттық және демократиялық басылым ғана болып қоймай, алашорданың ресми тілі болды десек қателеспейміз. Баспадан шығуына ықпал еткен Алаш қайраткерлері болатын.

Осы басылым бетінде Халел Ғаббасұлы газет жабылғанша редактор қызметін атқарып, талай әдеби шығармалар мен мақалаларды, хабарламаларды редакциялап, жарыққа шығарып отырды.

Тірек сөздер: Алаш, ұлт-азаттық идея, көсемсөз шеберлері, басшы, саяси басылым, «Сарыарқа» газеті, автономия, рухани құндылық.

Садықова Р.Т.
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан, Семей
e-mail: srt74@mail.ru

Литературно - публицистические произведения Халела Габбасулы

Аннотация: В начале XX века вся сознательная жизнь выдающегося деятеля Алаш Халела Габбасулы, исполнявшего желания нашего народа, жаждавшего свободы, мечтавшего о свободе, проходила в рамках движения Алаш, в тесном контакте с ним.

В газете «Сарыарқа» публиковались произведения Халела Габбасулы. Эта газета стала голосом свободной страны, в которой родилась автономия Алашорды, которая в истории страны стала свободным государственным образованием, понимала цели и интересы национального независимого правительства в истории страны.

Газета «Сарыарқа» стала не только национально-демократическим изданием, которое открыто смотрит и комментирует происходящее вокруг себя, но и официальным языком «Алашорды».

Национальный дух, восходящий к первой в казахской прессе газете «Серке» в духе национального освобождения, был развит изданием «Сарыарқа», и под редакцией Халела было опубликовано множество литературных произведений.

Ключевые слова: Алаш, национально-освободительная идея, мастера лидерства, вожди, политическое издание, газета «Сарыарқа», автономия, духовная ценность.

Sadykova R.T.
Alikhan Bokeikhan University
Kazakhstan, Semey
e-mail: srt74@mail.ru

Literary and journalistic works of Khalel Gabbasovich

Abstract. At the beginning of the twentieth century, the entire conscious life of Khalel Gabbasovich, a prominent figure of the Alash arys, who longed for freedom and fulfilled the wishes of our people, who dreamed of freedom, was held

within the framework of the Alash movement, in close cooperation with him. His literary and journalistic works were published in the newspaper "Saryarka". Through this newspaper, We can see that Khalel was engaged not only in political activities, but also in creativity.

The newspaper "Saryarka" became the voice of a free country, which published all the documents of the alashorda party and explained the political changes taking place in the country's history.

On the pages of this publication, Khalel Gabbasovich worked as an editor until the newspaper was closed, edited and published many literary works and articles, messages.

Keywords: Alash, national liberation idea, masters of leadership, leaders, political publication, Saryarka newspaper, autonomy, spiritual value.

Кіріспе. Алаш арыстары - ХХ ғасырдың басында халық санасында мәңгілікке сақталып, қазіргі жас ұрпаққа үлгі болар тұлғалар. Олар ұлтымыздың мәдени дамуы мен рухани өсіп, жетілуіне үлес қосып, қоғамның қай саласында болмасын еңбек еткен тұлғалар.

Бұл тұлғалар азаттық идеясымен сусындап, Алаш қозғалысының көшбасшылары болған. Олар әрі суреткер, әрі көсемсөз шебері ретінде ұлылыққа тән қасиеттерді бойларына жинаған, баға жетпес тұлғалар. Бұл тұлғалардың ХХ ғасырдың басында әдебиет айдынына көсемсөз арқылы, оның ішінде саяси көсемсөз арқылы келулерінің өзі мәдени және тарихи оқиғаға айналған.

Зерттелу әдісі. Салыстырмалы талдау, жалпы талдау, тарихи-типологиялық талдау, құрылымдық талдау, өмірбаяндық және психоаналитикалық талдаулар қолданылды.

Зерттеу қорытындысы. Алаш қайраткерлері әдебиетке журналистика арқылы енді. Олар «Сарыарқа» республикалық газетінің беттерінде әдеби-шешендік шығармаларын жариялады. Бұл таза саяси басылым болғандықтан, әдеби шығармалар болмады. Кездесіп қалған өлеңдер мен жырларда сол заман талабына келетін күрескерлік сипаттағы шығармалар болды.

Негізгі ережелер. Қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин сол тұста жарық көріп тұрған басылымдардың қызметі туралы былай деп еді: «Әлеуметтік тарихына қарағанда, 1917-1918 жылғы саяси күрестің зор майданындай ұлы дүбірлерде оқыған адамдардың саясат, әлеумет күресіне қатысқандарының бәрі де сол заманда шығып тұрған газет, журналдардың айналасына жиналмақ. Егерде әлеумет ісіне қатысқандар маңайындағы газет-

журналдардың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып, майданға шықпақ. Не болмаса басқа жерлердегі бағыты үйлес деген газеттерге пікірлерін жазып майдандаспақ» [3].

«Сол 1917-1918 жылғы ұлы дүбір, ұлы майданда Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті Алаштың тілі болды» [3]. «Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан «Қазақ» газетімен үндес, бағыттас басылым» [4] «Жетісіне бір, екі рет 1917 жылдың маусым айынан 1919 жылдың мамырына дейін шығып тұрды» [5].

Бұл басылым Алаш арыстарының көмегімен жарық көрді. Газет бетінде Алашорда үкіметінің мақсат-мүдделерімен бірге, оның тәуелсіз ұлттық мемлекет ретіндегі болашақ бағыты елге кеңінен насихатталып отырды. Халел Ғаббасұлының негізгі мақалаларымен қатар, ұлттық бағыттағы басылымның ұстанымы, ұлттық негізі - қазақ елінің азат таңының жаршысы бола білді.

Ендігі кезекте Алаш қайраткері Халел Ғаббасұлының газет бетінде жарық көрген «Алаш автономиясы» мақаласына тоқталайық.

Бұл мақала «Сарыарқа» газетінің 1918 жылы 28 қаңтарда шыққан №28 санында жарияланған. Халел Ғаббасұлының бұл мақаласы 5-14 желтоқсан аралығында Орынборда өткен 2-жалпы қазақ-қырғыз съезі туралы. Бір айдан кейін Алаштың жергілікті-ұлттық автономиясын жариялап, 15 адамнан тұратын уақытша үкімет тағайындау туралы шешім қабылданды. Қазақ-қырғыз «Алаш Ордасына» үстемдік ету іріктеп ыдыраудан басталады. Бұл тарихи деректің түпкі себебі «Сарыарқа» газетінде талқыланып, жазылды. Сол кездегі тарихи деректерге сүйене отырып жазылған

мақалада Алаш автономиялық облысының құрылуының негізгі факторлары тізіліп, мынадай дәлелдер келтірілген.

Мақалаға сілтеме жасап өтсек: «Бұл мақаламызда автономияның қысқаша мағынасын не себепті автономия қылуға бел байлағанымызды, қайтсе автономияны іске асыру жағын жазбақпыз. Автономия – юнан (Грек) тілі, қазақшаға аударғанда, өзін-өзі билеу, өз тізгіні өзінде деген сөз. Автономиялы жұрт өз тізгінін өзінің қолына алып, тек шылбырының ұшын ғана кіндік үкіметке ұстатпақ (кіндік үкімет мағынасы төмендегі жолдардан көрінеді). Мұның мағынасы – біз автономия болып, Россия мемлекетінен мүлде жарылып кетпекші емеспіз, арамызда қалайда болса, қатынас, көпір болмақ. Қандай қатынас, қандай жалғас болмақ, ол алдымыздағы учредительное собрание бекітетін Россия мемлекетінің билеу түріне қарай жәнеде автономия алған жұрт конституциясының ауданына қарай болмақ. Конституция деп екі арадағы қатынас шарт, бекіткен заңдарды айтады. Мемлекет билеу түрі туралы жұрттың аузында жүрген сөз – федеративная демократическая республика болу» [6]. Мақалада неліктен автономды болуды ұйғардық, жалпы автономия дегеніміз не және оның ұғымы қандай деген сияқты ұғымдарға анықтама беріп өткен. Бұл ретте демократиялық бағытты ұстанатын саясаткер Халел бұл ұйымның саяси құрылымын аша отырып, «халықтың ортақ билігі» деген терминді қолданып, халық билігін әділ қоғам құрудың тұғырнамасы ретінде дәріптейді. Сондай-ақ, бұл мақалада халық билігі отаршылдық саясаттың құрбанына айналмай, нағыз халықтық сипатқа ие деген пікірін білдіреді.

Бұл мақаласында ол ХХ ғасырдың басындағы дүниедегі дүрбелең өзгерістер мен саяси құрылымдарды жақсы білетінін және сарабал саясаткер ретінде мол мағлұмат беретінін көрсетеді. Атап айтқанда, Швейцария 22 автономиялық аймақтан тұратын мемлекет болса, Америка 48 автономиялық мемлекеттен тұратын ел.

Бұл мақала саяси терминдерден тұрады: «Әр бір кантунның (ауданның) өз билігі өзінде; Өз ішінде сайлап қойған

министрі, парламенттері, соттары бар. Өзара билігі өздерінде болғанымен, бұл кантундар, штаттар одақтасып, сырт мемлекеттер көзіне бір ғана маңызды мемлекет болып – бірі Швейцария, бірі Америка аталып отыр. Одақтасқандағы ара қатынас шарттарды бекіткен заң (конституция) бойынша штаттар, кантундар үлкен келелі біріне емес бәріне бірдей ортақ жұмыстар кез келсе, мысалы, сырттан келген жау сияқты бір кісідей қимылдап бір тудың астына жиылмақ» [6], - деген пікірін білдіріп, ұлт пен егемендік жолдарын түсіндіреді. Мұндай әмбебап жұмысты орындау үшін ортақ келісіммен құрылған мемлекеттер мен аумақтардың жалпы үкіметі, жалпы заң шығарушы органы және жалпы соты болуы керек, олардың арасындағы келіспеушіліктерді реттеу және бейбіт жолмен басқару, жалпы мүдде үшін заңдар шығару керек. Сыртынан біртұтас мемлекет сияқты көрінгенімен, ішкі тармақтары байланысқан еркін құрылымдар болуы керек деген қорытындыға келді.

Америка мен Швейцария сияқты Ресей мемлекеті де автономиялы мемлекеттерден тұрады, ал біздің Алаш автономиялық облысы сол мемлекеттерге жатады: «Жоғарыда жазылғаннан көрінеді автономия кішкене бір мемлекет екендігі: ауданды, астында жері бар, сайлап қойған, әмір жүргізетін министрлері бар. Заң шығаратын парламенті бар, заң қалыбымен жұрттан жүргізу үшін қарауылда тұрған соты бар. Осы айтылған негіздерге бүкіл мемлекет ісі құрылмақ. Сондықтан автономия жұмысы жеңіл емес. Ауыры бірақ дүниеде ең қиын жұмыс – өмір, тұрмыс ісі және соның тізгіні. Тәрбие, мәдениет жүзінде болған неше түрлі өзгерістер өмірдің салған соқпалығы. Өмір – жұрт жетекшісі. Өмір құрығынан ешкім қашып құтыла алмақ емес; бірақ жұрт сол өмірдің ағысына қарай тұрмыс шартын өзгертіп, заң қалыбына түсірмек. Заң – өмір киімі. Заман өзгерген сайын – өмір ағыны да, заң қалыбы да өзгермек сондықтан өмір – тұрмысына, ғұрып – әдетіне, рәсіміне үйлесетін заңды жұрттың өзі шығаруы керек. Бір жұрт үшін бір жұрттың заң шығаруы – сырттан біреуге тон пішкенмен

бірдей емес пе? Міне автономия бізге сол үшін керек!» [6].

Халел журналистиканың биікке көтерілуіне аянбай тер төккен қаламгердің шеберлігі мен көшбасшылық силлогизмін ашады, сонымен қатар, көркем сөздің құдіретін арттырып, фразеологиялық бірліктерді тауып, байланыстыра отырып, риторикалық әдісті қолдана білген. «Кеше жұртым, қандай едің? Қазақ деген халық едік. Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Арқа, Сыр, Ертіс, Орал, Алатау, Алтай мекенің еді. Осылардай ұжымаққа меңзес жерлерің бар еді. Қозы көшердей көліктерің бар еді. Ту ұстап, тұлпар мінген ерлерің бар еді. Дұшпан күндерлік күйлерің бар еді. Ердің қанын екі ауыз сөзбен беретін билерің бар еді. Ел бастайтын көсемің бар еді. Сөз бастайтын шешенің бар еді. Ақ кигізге ораған хандарың бар еді. Ізгі қария шалдарың бар еді. Сауық-сайран жиының бар еді. Кедейің жоқ, бай едің – топ түлікке сай едің. Осының бәрінен, жұртым, айрылып едің!!!» [6]. Ол қағандық жасаған әдет-ғұрыпты, хандық жасаған дәстүрді қынжыла отырып, даңқты бабалар жолынан айырылуының объективті себептерін болжайды. Оның үстіне патшалық Ресейдің озбырлығын ойлап тауып, ынтымағы берік елдің шаңырағын шайқап, тыныштығына кір келтіретін жайттарды қысқаша жеткізе білген.

Градациялық әдісті қолдану жазушының сөз өнерінің байлығын жан-жақты меңгергенін көрсетеді. «Мойнына бұғалық түсті, бұлқынған ең. Құрық көтеріп еді, қолға түстің. Арғымақ едің, жабы болдың. Жүгенсіз мінді. Қақпақылдап жүрді. Ер қашты қылды. Көне бердің, баяғы дәурен көзіңнен бұл– бұл ұшты. Қамықтың, жабықтың, көзіңнің жасын құдай иді» [6].

Алаш автономиялы облысын құру мәселесі күтпеген жерден туындап, аяқ астынан шыққан жоқ. Алаш арыстарының қазақ-қырғыз басқосуларының күн тәртібіне қойылып, қайнап жатқан өзекті мәселелердің басы-қасында болып, элеуметтік желіде қайта-қайта өлшеніп, шешімін тапқан өзекті мәселе осы. Тоғыз облыс пен бір губерниядан тұратын қазақ елінің тобы. Ресей Федерациясына қосылу

мәселесі де Алаш тұрғындарының ортақ мүдденің бар екенін көрсетті.

Халел Ғаббасұлы: «Кеше Сібірге қосылмақшы болғанымызда да, сол Алаш ұранды қазақ баласының басын бір жерге қосып, өзімізге жеке автономия алмақ мақсат еді. Қай жағын қарастырған күндеде жарылып өз бетімізбен автономияны жасамақшы емес едік, мемлекет иесі құрылтайдан басталып барып автономияны іске асырмақ едік. Бірақ, ол кездегі өмір бұл күнде орнынан шықпады: Заман күн сайын жаңғырды саясат ауасы сағат сайын құбылып өзгеріп, мемлекетті қара бұлт тұман басты, жаңбыр орнына қар жауды. Мемлекет іші қырғын - қарбаласқа талау-таранға толды; қан су есебінде ақты. Жерге, суға, мал-мүлік, басқа ешкім ие бола алмайтын хәлге ұшырады. Бар сенгеніміз құрылтай болса, ол қуылды; Депутаттар абақтыға салынды. Мемлекет денесі ішінен арып, шіріп арса-арса болуға айналды. жүгенсіздің көбейіп, әкімшілік жоғалып бас қайғысы зорайғандай күн туды. Міне осындай хәл кімді болсын ойға қалдырды. Біреу мүлде жоғалып кетуінен, біреу аяқ астында тапталып жүруінен, біреу олжа болып қанжығада кетуінен қорықты. «Пәледен машайық та қашады» дегендей, әр жұрт өз бетімен күн көруге кірісті. Финляндия, Украина, Латвия, Литва, Молдавия, Кавказ, Башқұртстан, Түркістан, Сібір тағы кімдер өз тізгініміз өзімізде деп автономиясын жариялап отыр» [6], - деп сол кездегі көрші елдердің бағыттарымен бірге кең панорамада ұсынады.

Біздіңше, бұл мақала «Алаш» партиясының автономия алу жөніндегі манифестінің сол кездегі ел таразысында таразыға түскен публицистикалық пафосы іспетті.

Расында, Алаш көсемінің бас кеңесшісі Халелдің халыққа түсініксіз, саяси құжат тілінде жазылған бағдарламаны сараптап, елге таратуы кездейсоқ емес. Ол көпшілікке жақын сөйлеу жанрында айтып берді. Ал ой құдіретін әр қырынан көркем сурет түрінде көрсетуімен ерекшеленеді. Сонымен бірге Халел Ғаббасұлы өз мақаласында халықтың санасын елең еткізді, сол кездегі қоғамның бүкіл

болмысын ашып берді, әлеуметтік-экономикалық жағынан ең жас елдегі індеттерді әшкереледі, оның өкінбейтін мінез-құлқын сынға алды. Шындық ащы. «Біздің қазақ ежелден шабан, мешеу жұрт. Қол қусырып тектен тек қарап отырсақ ана қатердің біріне ұшырауымыз ап-анық тұр. Оның бір жағында үш жүздің балалары бет-бетімен әр автономияның қолтығында бытырап кететін болды; Әнеугі өткен жалпы қырғыз-қазақ тобында, қазақ, қырғыз болып қосылып, автономияны жарияламасақ, әр облыстың қазақтары әр бір жарияланған автономияға кіріп кететіндігін ашып айтты. Ең үлкен қатер осы деседі. Алты Алаштың баласының басы енді қосылмаса, мұнан былай автономия болсын, ұлт мақсаты, өсетін өркен, ұрым-бұтағымыздың қамы болсын, жерге көмгенмен бір есеп. Мұнан былай біздің басымыз қосылмайды. Күш біріктіріп жұрт болатын заман нақ осы уақыт» [6], - деп кері кету себептерін санамалап көрсетеді, яғни, Алаш туын көтеру, Алаш Орданың саяси-құқықтық доктринасын нақтылау, саяси күрес әдісін күшейту, диалектикалық даму концепциясын әлемдік деңгейде ұсыну. Ресей империясының геосаяси ойынына жұтылып кетпеу үшін ұлттық аумақтық тұтастықты сақтайтын автономия құрудың қамын жасайды.

Мақаланың шарықтау шегі де, автор пікірінің апогейі де осы бір абзацта барынша еркін айтылған. Әлеуметтік теңсіздік, ұсақ-түйек рушылдық әлеуметтік стереотиптерден арылып, адами ауқымда ойлауға арналған. Оқырманды алға жетелейтін шешендік сауалдар, тұшымды сауалдар көптеп кездеседі: «Жә, қайтсе біздің автономиямыз іске асады? Қай істің болсын ұшығы жұртта. Жұрт жұмылып, анау бай, мынау кедей дегенді қойып, сексендегі шал, сегіздегі балаға дейін тек көтеріле жұмысқа кіріссе, автономия аяғынан қаз тұрып кеткені. Жабыла жұмылғанның белгісі не? Біз бұрын біреуге қоңсы қонып отырып, қазына жинай алмаған жұртпыз; Сондықтан әзірше автономия жолындағы салықтан, үстіндегі киімін сатсада, ешкім бас тартпау керек. Түскен салықтың тездікпен жиналуына

себепші болып, біреудің жоғын біреу беру керек. Ел басынан милиция қызметіне алынатын жігіттердің ат-тонын, сайманын тездікпен дайындап, айтқан жерге жеткізу керек. Қазақ қырғыздың уақытша үкімет – «Алаш орда» Алаш қаласына келіп, Алаш автономиясын жариялағаннан кейін қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз осы деп сеніп ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керек. Жұрт жұмылуының белгісі осы» [6].

Ұлттық бірлік – әрі тең автономия құрудың тетігі, әрі орыс самодержавиесінен іргетас қалдыратын майдан құрайтын темір діңгегі деген қорытындыға келеді. Халқымыздың жасампаздығы мен қақаған қысы дауылды заманда ұлттың абыройы мен абыройы үшін үлкен ерліктерге жетелейтінін тарихи деректер растайды.

Халел мақаласын келесідей өлең жолдарымен аяқтап, соңына «Ғаббас» деп қол қояды:

«Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз!
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз,
Жасайды, Алаш, өлмейміз.
Жасасын, Алаш, жасасын!» [6].

Халел Ғаббасұлының публицистикалық құдіретін танытып, көсемсөз жанрындағы жаңашылдығы мен тұлғасын биікке көтеріп, әлеуметтік факторларды сол кезеңнің тарихи мәнімен бағалайтын сарапшы ретіндегі келбетін ашатын келесі мақаласы - «Мемлекет күйі». Аталған мақала «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 25 қарашадағы 23-санында жарияланды. Мақалаға назар аударайық: «27-ші февральдан бері, сырттағы 4 жылға айналған сұрапыл соғыстың, іштегі саяси партиялар тартысының зардабынан, мемлекет толқындағы қайықтай қалтылдап, жан мұрынның ұшына келерлік төңкерілме неше күйге ұшырады. Бостандық туысымен саясат майданы қызылды-жасылды туын тіккен неше түрлі ұранның шақырысқан шып шұбар ала партияларға толды. Әрине, саяси партиялар аяқ астынан тумайды, оларды өмір туғызады; саяси және мәдени

жұмысына пісіп, есейген сайын, жұрт жарылып, жаңқаланып, бірінің шаруасы бірінікіне қайшы келетін тап-тапқа бөлініп – бөлшектене бермек. Тартыс осы таптар арасынан тумак; Бұл өмір сүрлеуі. Ондай жайдан туған партиялар, біздің ел ішіндегі партиялардан, бір кісінің басының ғана қамы үшін, көгеруі үшін құралмайды, олар адамшылық жолын қуып, қайтсем қай жолмен апарсам, жұртты тыныш қыламын деп жүрген партиялар. Бұлардың көздеген мақсаты – жалпы жұрттың ырысты болуы, бір болсада сол мақсатқа жетуге, бетіне ұстаған жолдары және сол үшін қылатын әдіс-тәсілдері айрықша, бөлек-бөлек. Бұл партияға ірге болып отырған профессорлар, адвокаттар, докторлар, байлар, жер қожалары, орыстың зиялыларының көбі» [7], - деп әр түрлі партиялық деңгейдегі мүдделер қақтығысын, саяси күрес әдістерін, ондағы саяси ағымдардың пайда болу этимологиясын әдемі де үйлесімді тілмен суреттейді. Сондай-ақ тараптардың ішкі дау-дамайлары мен мақсат-мүдделерінен қан төгу мен қызыл қырғынды ескерткендей.

Ол мемлекеттің негізі – құлдырау, қауымдастық, бірігу, күш біріктіру және ортақ мақсатқа жұмылу екендігін сипаттайды.

Сол кездегі орыс әскери доктринасының негіздері сынға ұшырап, көппартиялылық өршіп, оғаш айтыс-тартыстар басталып, осы тұста орын алған саяси-әлеуметтік тұрақсыздық публицистикадағы баяндау стилінде берілген.

Айтылған себептерге байланысты 1917 жылы 14 тамызда Мәскеуде кеңестік көңіл-күйді сейілту, патшалық басқаруды күшейту, армиядағы тәртіпсіздікті жою және оны ұйымдастыру, азық-түлік мәселесін реттеу, партия құру үшін «Мемлекеттік кеңес» құрылды. Сөз бен істің бірлігі, уәдені төккен уақытша үкіметтің дәнекері мемлекеттің жағдайын нашарлатқанын ашық жазады.

Қазақ даласында отырып, Ресей империясында орын алған апат біткенше, дүниежүзілік саяси сахнаның атмосферасында қандай өзгерістер

болатынын талдап қана қоймай, ашып көрсете білген.

